

ғылыми-әдістемелік журнал. научно-методический журнал

СОҚШАҚ тропинка

№6 (119) желтоқсан 2025 жыл



- tourism07.kz
- evrasiya.centre@yandex.kz
- [instagram.com/tourism07.kz/](https://www.instagram.com/tourism07.kz/)
- www.facebook.com/tourism07.kz/

Құрметті «Соқпақ-Тропинка» журналының оқырмандары, ұстаздар, педагогтер және жас зерттеушілер!

Сіздерді Батыс Қазақстан облыстық балалар мен жасөспірімдер туризм және экология орталығының 65 жылдық мерейтойымен, сондай-ақ туристік-өлкетану қызметінің жаршысы «Соқпақ-Тропинка» ғылыми-әдістемелік журналының 20 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын!

Бүгінгі таңда республика бойынша 40 жас туристер станциясы мен орталығы табысты қызмет етуде, оның 14-і Батыс Қазақстан облысында орналасқан. Мұнда 12 мыңнан астам бала жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде тұлғаны қалыптастыруға, туған өлкеге деген қызығушылығын арттыруға, туристік-өлкетану және экологиялық қызметке қатысуға бағытталған бағдарламалармен қамтылған. Орталықтардың ұйымдастыруымен балалар мен жасөспірімдердің жазғы және қысқы демалыстары жүйелі өткізіліп келеді.



Жыл сайын республикада және шетелде 15 мыңға жуық туристік жорықтар мен экскурсиялар ұйымдастырылып, «Менің Отаным – Қазақстан», «Болашақ», «Жас ұрпақ», «Шұғыла», «Туған елге тағзым» сияқты республикалық бағдарламаларға 800 мыңнан астам бала қатысып, өз өлкесін танып-білуде. Сонымен қатар, еліміздегі 2 мыңға жуық мектеп мұражайы жас ұрпаққа туған жер тарихын зерттеуге, ізденімпаздық қабілетін дамытуға зор мүмкіндік беріп отыр.

«Менің Отаным – Қазақстан» экспедициялық жасақтарының республикалық слеті 30 жылдан бері тұрақты ұйымдастырылып келеді. Биылғы слетке 103 830 бала қатысып, олардың ізденіс мәдениетін, жауапкершілігін және патриоттық рухын нығайтуға ерекше үлес қосты, сондай-ақ жас ұрпаққа табиғатқа қамқорлық көрсету мен тарихи-мәдени мұраны зерттеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік берді.

Осындай ізгілік пен білімге деген ұмтылысты одан әрі жетілдіруде ерекше рөл атқаратын «Соқпақ-Тропинка» журналының бүгінгі таңда 119-ші басылымы жарық көруде. Педагогтердің тәжірибесін және ғалымдардың еңбектерін терең зерттеп, оқырманға ұсынатын бұл басылым еліміздегі қосымша білім беру саласында бірегей ақпараттық алаңға айналды. Журнал жас ұрпақтың бойында туған жерге сүйіспеншілік, табиғатқа қамқорлық және азаматтық белсенділік сезімдерін қалыптастыруда маңызды ғылыми-әдістемелік платформа болып табылады.

Тұрақты оқырмандары қалыптасқан журналда еліміздің түкпір-түкпіріндегі ғалымдар мен мамандардың еңбектері жарияланып келеді. Атап айтқанда: г.ғ.д., Л. Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университетінің профессоры, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы ғалымдар кеңесінің мүшесі, педагогика ғылымдарының кандидаты О. Б. Мазбаев; А. А. Остапец-Свеишиков атындағы балалар-жасөспірімдер туризмі және өлкетану халықаралық академиясының президенті Д. В. Смирнов; педагогика ғылымдарының кандидаты, PhD, доцент А. З. Абдулхаиров; ҚР құрметті геологі Г. А. Якименко; өлкетанушы, музей ісінің маманы С. Е. Табаева және республика бойынша өлкетанушылар мен ҚР ұлттық, облыстық музей мамандарының көптеген мақалалары мен зерттеу жұмыстары бар.

Осы еңбектер ұстаздар үшін нағыз база жетпес әдістемелік құрал, сабақ үдерісін байытатын, шәкірттерге білім мен зерттеу дағдыларын ұялататын сенімді ақпараттық қор болып табылады. «Соқпақ-Тропинка» – балалар мен жасөспірімдердің бойына туған жерге сүйіспеншілік, ізденімпаздық пен патриоттық рухты қалыптастыратын, оятатын бағыт беруші рухани шамшырақ.

Құрметті журнал оқырмандары, ұстаздар қауымы және журнал редакциясы! Өмірдегі өзгерістерге бейімделіп, қажетті білім қорын өз бетінше игере алатын, жаңа технологияны тиімді қолдана отырып, кез келген қиындықтан шығуға қабілетті, сыни ойлау дағдылары қалыптасқан шығармашыл жаңа заман ұрпағын тәрбиелеудегі еңбектеріңізге зор табыс тілеймін. Оқырмандарыңыз көбейіп, жазылымдарыңыз арта берсін!

ҚАЛМАҚОВ Ерлан Болатұлы,
Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрлігінің
Тәрбие жұмысы және қосымша білім беру
департаментінің директоры

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АҚПАРАТ
МИНИСТРЛІГІНДЕ 01.12.2003 ЖЫЛЫ ТІРКЕЛІП,
№4482-Ж КУӘЛІГІ БЕРІЛГЕН.
24.12.2021 ЖЫЛЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ
МИНИСТРЛІГІНІҢ БУҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ
ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ЕСЕБІНЕ № KZ40VPV00044511
ҚАЙТА ТІРКЕЛДІ.

Таралым аймағы: Қазақстан Республикасы

№6 (119), желтоқсан 2025 жыл

МЕНШІК ИЕСІ: МКҚК «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі
білім басқармасының балалар мен жасөспірімдер туризм
және экология облыстық орталығы» (келесіде – БҚ
ОБЖТЖЭО)

Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының
қолдауымен жылына 6 рет шығады.

Журналдың негізін қалаушы:

Фомин Виктор Павлович - А. А. Остапец-Свешников
атындағы Халықаралық балалар-жасөспірімдер туризм
және өлкетану академиясының (келесіде – А. А. Остапец-
Свешников атындағы ХБЖТЖЭО) академигі, п.ғ.к.

Кенес мүшелері:

Жұмаев Максат Сағынтайұлы – белгілі Қазақстан
альпинисі, альпинизм бойынша Халықаралық деңгейдегі
Спорт шебері, БҚО-ның құрметті азаматы

Смирнов Дмитрий Витальевич – п.ғ.д., А. А. Остапец-
Свешников атындағы ХБЖТЖЭО-ның президенті

Мазбаев Орденбек Білісбекулы - п.ғ.д., А. А. Остапец-
Свешников атындағы ХБЖТЖЭО-ның академигі

Никитинский Евгений Сергеевич – п.ғ.д., «Тұран-
Астана» университетінің профессоры

Абдулхаиров Абджемил Закерьянович – п.ғ.к., доцент,
А. А. Остапец-Свешников атындағы ХБЖТЖЭО-ның
Крым аймақтық филиалының төрағасы

Шаяхметов Асхат Галиевич - А. А. Остапец-Свешников
атындағы ХБЖТЖЭО-ның академигі

Редакция алқасы:

Г. З. Усағалиева – ОБЖТЖЭО директорының ОӘЖ
жөніндегі орынбасары

А. Б. Мукашева – ОБЖТЖЭО директорының ОТЖ
жөніндегі орынбасары

К. Е. Неталиева – ОБЖТЖЭО туризм және қауіпсіз
маршруттар бөлімінің меңгерушісі

Р. С. Альмұханова – ОБЖТЖЭО өлкетану бөлімінің
меңгерушісі

Н. Б. Байсариева – ОБЖТЖЭО экологиялық туризм
бөлімінің меңгерушісі

Р. Е. Нұрманов – ОБЖТЖЭО спорт бөлімінің меңгерушісі

Д. Р. Ибраев – ОБЖТЖЭО әскери-патриоттық тәрбие
бөлімінің меңгерушісі

Нөмірмен жұмыс жасағандар:

Қайрлиева Қ. Ж. – бас редактор

Жұмашева А. Е. – корректор

Қушеккалиев Ж. Н. – дизайнер, беттеу

Журнал редакциясының пікірі жарияланым авторларының
пікірімен сәйкес келмеуі мүмкін.

Қолжазбалар рецензияланбайды және қайтарылмайды.

Жазылым индексі

Жеке жазылушы – 75184

Мекемелер мен ұйымдар – 25184

Редакция мекенжайы:

090004, Қазақстан Республикасы, Орал қ.,

Исатай батыр көшесі, 71/1

Тел. +7(7112) 52-59-42, 52-58-91

e-mail: evrasiya.centre@yandex.kz

www: tourism07.kz

Форматы А4 210 x 279 мм, офсетті басып шығару.

Тапсырыс №4

Таралымы 360 дана

«POSTMAN PR» ЖШС, БҚО,

Орал қ., Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 206

ӨЗЕКТІ – АКТУАЛЬНО

Балалар туризмінің өнегелі ордасы – «Батыс Қазақстан облысының
әкімдігі білім басқармасының балалар мен жасөспірімдер
туризм және экология орталығына» 65 жыл.....2

«Туристтік-өлкетану және экологиялық-биологиялық бағыттағы ұйымдар
қызметін үйлестіру: тәжірибе алмасу мен жаңа даму мүмкіндіктері»
тақырыбындағы республикалық WORKSHOP семинарының қорытындысы.....8

**1-секция: «Балалар туризмін дамыту: заманауи тәжірибелер,
жаңа бағыттар және цифрлық мүмкіндіктер»**

ДЖУМАГАЗИЕВ Ж. А.

Использование современных технологий на уроках
физической культуры (мастер-класс).....9

**2-секция: «Өлкетану жұмыстары арқылы отансүйіштік пен азаматтық
жауапкершілікті дамыту: инновациялар мен цифрлық шешімдер»**

КУРУМБАЕВ А. Ш.

Краеведческая работа в походе с элементами эпиграфики
(Опыт организации исследовательской деятельности учащихся
на примере изучения кулпытаса хана Джангира).....12

СИТКАЗИЕВА Г. М.

Жасанды интеллект пен цифрлық платформалар:
үйірме сабақтарын жаңаша ұйымдастыру жолдары.....14

ЕРКИНГАЛИЕВА А. А.

Жасанды интеллекттің туристік-өлкетану бағытындағы рөлі:
педагогтерге арналған инновациялық шешімдер (шеберлік сағаты).....16

АБИЛПЕЙСОВ Ж. Т.

Мектеп музейі – туған өлке тұлғаларын зерттеудің қайнар көзі
(шеберлік сағаты).....20

**3-секция: «Экологиялық мәдениетті қалыптастырудағы қосымша
білім беру ұйымдарының рөлі және цифрлық білім беру ресурстары»**

НУРЖАНОВА Б. К.

Облыстық экологиялық-биологиялық орталығының білім алушыларына
далада экскурсия жүргізу (зерттеу жұмысы).....22

КАУМБАЕВА Ф. К.

Табиғатты және сандық технологияны бір уақытта танып-білуде
мектеп жылыжайының маңызы (шеберлік сағаты).....27

ПОЛЯКОВА Н. А.

Экоуроки в цифровом формате: как технологии помогают формировать
экологическую культуру (мастер-класс).....29

ӨЛКЕТАНУ – КРАЕВЕДЕНИЕ

ШАЙМЕРДЕН Г. Б.

Сыр бойы – тарихи-мәдени мұралар мекені.....32

ЭКОЛОГИЯ

ГАТАУОВ А. А., АМАНГЕЛДІ М. Қ.

Табиғат және мен (эссе).....35

ТУРИЗМ

АГАЛАКОВ С. Н.

Лучше гор могут быть только горы.....37

МУКАНБЕКОВА А. А.

Қатонқарағай - жер жәннаты.....40

НАРБУЛОВА Н. К.

Бөкей ордасындағы балалар туризмінің бастауы.....43

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРАКТИКА – ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ПРАКТИКА

СУЛТАНОВА Г. Н.

Білім берудегі интеграция арқылы шығармадағы
орындаушылық қиындықтарды жеңу.....47

ТУЛЕШОВА А. Б.

«Әлия ерлігі – өшпес тарих...» танымдық экскурсиясы
(Кенес Одағының Батыры Әлия Молдағұлованың туғанына 100 жыл).....50

НУГМАНОВА Д. Б.

Туған жерімнің табиғаты.....53

МЫРЗАГЕРЕЕВА А. Т.

Снарядтарда гимнастикалық жаттығудың техникасын үйрету.....56

ІСКЕРЛІК ПАПКАСЫ – ДЕЛОВАЯ ПАПКА

2026 жылға арналған ОБЖТЖЭО-ның жұмыс жоспары.....61

ТУРИСТІК ЖАҢАЛЫҚТАР – ТУРИСТСКИЕ ВЕСТИ

Туристтік көпсайыстан Қазақстан Республикасы Кубогінің финалы.....64

Балалар туризмінің өнегелі ордасы – «Батыс Қазақстан облысының әкімдігі білім басқармасының балалар мен жасөспірімдер туризм және экология орталығына» 65 жыл

Батыс Қазақстан облысында 14 балалар туризмі орталығы бар. Облыстық орталық үйлестіруші орталық болып табылады. Бүгінде орталықта 5 бөлім, 2 туристік база және «Сокпақ-Тропинка» республикалық ғылыми-әдістемелік журналының редакциясы бар. Орталық жылына 120-дан астам облыстық іс-шара ұйымдастырып, 12 мыңнан астам адамды қамтуда. Облыс көлемінде 300-ден астам жорық ұйымдастырылады. Облыс құрама командасы соңғы 10 жыл бойы «Менің Отаным – Қазақстан» туристік экспедиция жасақтары слетінің үздік жеңімпазы әрі ҚР туристік көпсайыс чемпионатының абсолютті чемпионы болып келеді. Орталық Ұлттық «National Tourism Awards» сыйлығының «Балалар-жасөспірімдер туризмі» номинациясы бойынша алғашқы иегері. Сонымен қатар «Жасыл кеңсе» республикалық байқауының жеңімпазы.

1960-1970 жылдары

1960 жылы 28 сәуірде Орал облыстық атқару комитетінің №227 шешімімен «Балалар туризмін дамыту перспективалары туралы ереже» бекітілді. Бұл күн Орал облыстық жас туристер станциясының туылған күні болып есептеледі. Сол жылы 2 шілдеде Орал халық ағарту бөлімі басшысының №91 бұйрығымен Балалар туристік-экскурсиялық станциясының (БТЭС) алғашқы штаты 4 адамнан құрылды. Алғашқы директор болып география пәні мұғалімі Людмила Комарова (Опарина) тағайындалды. Ал алғашқы әдіскері Зинаида Меньяйлова болды. Бастапқы кезеңнің барлық қиындықтарына қарамастан, балалар туризмі қала мен облыс мектептерінде таралды. Туристік-өлкетану жұмысына Орал педагогикалық институты мен училищенің оқытушылары, студенттері, мектеп мұғалімдері қосылды. Бірлескен күшпен туризм мен өлкетану саласында атқарылған жұмыс туралы өте қызықты альбом-есептер дайындалды.

Алғашқы бес жыл ішінде өз ғимараты болмаса да, БТЭС қызметкерлері мектептердің балалар туризміне ынталы оқушыларымен бірге көптеген танымдық-тәрбиелік сипаттағы қызықты іс-шаралар өткізді. Мысалы, 1963 жылдың маусымында М. Ломоносов атындағы №5 орта мектеп оқушылары (жетекшісі – сол мектептің мұғалімі Валентин Степанович Хивинцев) азамат соғысы жылдарында В. Чапаев қолбасшылығымен болған Қызыл Армияның 25-дивизиясының шайқас орындарына алғашқы ірі жорықты ұйымдастырды. 1964 жылы тамызда III облыстық жас туристер слетінің жеңімпаз отрядтарынан он оқушы №9 мектеп мұғалімі Ф. Ю. Денисовтың жетекшілігімен Қазақстанның II жас туристер слетіне қатысты. Сондай-ақ сол жылдары БТЭС оқушыларды басқа қалаларға экскурсиялық сапарларға жиі шығаратын еді.

1965 жылы 4 қыркүйекте директор болып Е. И. Новикова-Филиппова тағайындалды. Осы жылдары туристік-өлкетану жұмыстарында әскери-патриоттық тәрбие және сонымен байланысты әскери-спорттық дайындық аспектілері күшейтілді. 1966 жылы жазда өлкетану мен туризмді әрі қарай дамыту мақсатында Орал қаласында жас туристер-өлкетанушылардың V облыстық слеті өткізілді. 60-жылдардың ортасына қарай педагогикалық жұмыс формаларына ізденістер аяқталып, бағдарлама мен нұсқаулықтарды нақты орындау кезеңі басталды. Жаңа уақыт жаңа кадрларды талап етті. Бұл саладағы «ноу хау» Е. Новиковаға 1966 жылдың қыркүйегінде Мәскеуде өткен Кеңес Одағы жас туристерінің слетінде таныстырылды. Сол жерде ол еңбекті ұйымдастырудың жаңа формалары бойынша бағыт-бағдар алды. 1967 жылдың сәуірінде Алматыда өткен республикалық семинар кенесте БТЭС-тегі туристік-өлкетану жұмысын үйлестіру жөнінде ұсыныстар айтылды. Станция әдіскері Алима Турина жаңа әскери-патриоттық бағыттағы формаларды аудандық жерлерде насихаттай бастады. Өлкетану мен туризмде жаңа серпіліс пайда болды: Приуралье ауданының Рубежинск орта мектебінің мұғалімі Александр Панченко 1968 жылдың басында оқушылар тобын Ленинградқа экскурсия турына апарды. Сол жылы туристік демалыс маусымында БТЭС әдіскері мен өлкетану-туристік үйірмелерінің жетекшілері облыстың шалғай аудандарына әдістемелік ұсыныстармен шықты.

1970-1980 жылдар

1969 жылы туристік-өлкетану жұмысының негізгі мазмұны ауылдық жерге көшірілді. Фурманов, Қазталов, Жәнібек және басқа аудандардағы мектептерде танымдық және тәрбиелік сипаттағы туристік іс-шаралар ұйымдастырылды. Көптеген қатысушылар «Жас турист» және «СССР турисі»

төсбелгілеріне ие болды. Сонымен бірге бұл салаға Орал қаласының завод жастары да белсенді қатысты. Завод кадрларын даярлау инженері Юрий Новозенко көптеген облыстық мектептерде туристік слеттерді өткізуге нақты көмек көрсетті. 1969 жылғы 10 шілдеде, азамат соғысы жылдарындағы Орал қаласының қорғанысының 50 жылдық мерейтойына байланысты, БТЭС туристер командасын мерекелік парадқа дайындау шешілді. Тамыз айында оқушылар тобы алғаш рет А. Бековтың жетекшілігімен «Орал қ. – Новенький с. – Дарьинское с. – Орал қ.» маршруты бойынша бес күндік жорық жасады. Одан кейін «Дружба», «Сын полка», «Светлячок» жазғы пионер лагерьлерінде туризм және өлкетану жөнінде семинар өткізілді.

Жалпы, Орал БТЭС өзінің екінші онжылдығын СССР Балтық республикаларындағы БТЭС тәжірибесін енгізумен бастады. Бұл кезеңде, 1970-1985 жылдары станцияны Л. Н. Покатилова басқарды. Туризмнен басқа, табиғатты тану және іздестіру бағыттары да дамыды, оған геологтар В. К. Шведов, К. А. Ли және басқалары тартылды.

1980-1990 жылдар

1986 жылы облыстық жас туристер станциясына Виктор Павлович Фомин жетекшілік етуге тағайындалды. Бұл еңбекке адал, істі жетік білетін басшы педагогтер мен әдіскерлер көмегімен орталықтың даму бағдарламасы жасалып, стратегиялық мақсаттары анықталды. Сол заманда балалар туризмін дамыту мен оның деңгейін көтеруге үлкен үлес қосқан энтузиастар – А. Н. Мамин, Г. Г. Невзоров, Р. Д. Абдушева, Ш. О. Уалиева және т.б. шақырылды.

Ауылдық жерлерде осы қызметті жандандыру мақсатында қажетті кадрлар даярланды. Облыстық жас туристер станциясында мектеп туризмінің инструкторларын, өлкетану үйірмелері жетекшілерін даярлау курстары, сондай-ақ туризм және өлкетану жөніндегі семинарлар ұйымдастырылды. Комсомол обкомымен бірлесіп мұғалімдерге арналған алғашқы облыстық туристік слет өткізілді, ол дәстүрге айналып, жыл сайын күрделенген бағдарлама бойынша өткізілетін болды. Қазір ол «Европа – Азия» республикалық білім беру қызметкерлерінің туристік фестиваліне айналды.

1987-1991 жылдар аралығында облыста 750 туристік инструкторлар даярланды, мектеп музейі жетекшілерімен семинарлар және ғылыми-тәжірибелік конференциялар өткізілді. Жыл сайын қаңтар айында «Музей және балалар» апталығы өтетін, облыстық мектеп музейлері белсенділері слеті ұйымдастырылатын. Осы шараларда тарихи-өлкетану музейінің басшысы Сара Танабаева жетекшілігімен көп көмек көрсетілді.



Осы жылдары облыстық туристік станциялардың экскурсиялық қызметтерінің ауқымы кеңіп, деңгейі өсті. 1985 жылы экскурсияға барушылар саны бар-жоғы 150 адам болса, 1991 жылы – 1500-ге жетті.

Балалардың экологиялық тәрбиесін жандандыру үшін іс-шаралар жүйесі жасалды; ең маңыздысы – «Жайық – Урал» аймақтық туристік-экологиялық экспедициясы. Ол алғаш рет 1989 жылы облыстық табиғатты қорғау комитетінің (И. П. Островидов), облыстық табиғатты қорғау қоғамының (С. Д. Джексенов), облыстық комсомол комитетінің (И. Ю. Шумилина) белсенді қолдауымен ұйымдастырылды. Қазір экспедиция жыл сайын өтеді: осы уақыт ішінде біздің облыстан, сондай-ақ Атырау, Қызылорда облыстарынан, Ресей Федерациясының шекаралас аудандарынан мыңдаған оқушы қатысты.

Сонымен қатар облыс, қала және аудан жас туристер станциялары мен балалар туризмі орталықтарының құрамында жыл сайын әртүрлі туристік-техникалық іс-шаралар ұйымдастырылады: жаяу, велосипед, су, шаңғы жорықтары, спорттық бағдарлау жарыстары және тағы басқа турнирлер. Айта кетерлігі, осы жорық маршруты тек Батыс Қазақстан облысы аумағында ғана емес, сонымен қатар жас туристер көрші облыстарда – Қазақстанның Ақтөбе, Атырау облыстарында және Ресейдің Орынбор, Самара, Саратов, сондай-ақ Алтай, Ленинград, Новосибирск, Омск облыстарында, Забайкалье, Солтүстік Кавказ және Беларусьқа саяхаттар жасады. Осы жорық-саяхаттарды ұйымдастыруда станция қызметкерлері – А. Н. Мамин, А. В. Аблаев, В. Ф. Михайлов, В. В. Милехин, А. Н. Жищенко, С. Бисемалиев сияқты ұстаздар белсенді болды.

80-90-жылдардың соңғы жылдары – Кеңес дәуірінің экономикалық, саяси және әлеуметтік өміріндегі үлкен өзгерістер кезеңі еді. Бұл өзгерістер бүкіл білім жүйесіне, соның ішінде балалар туризмі жүйесіне әсер етті. Осы жылдар аралығында туризм, өлкетану және медициналық қызмет бөлімдері құрылып, «Садовское озеро» турбазасы ашылды.

1990-2000 жылдар

1991 жылдан бастап балалар туризмінің тарихында ғана емес, барлық ел тарихында өте күрделі кезең басталды. Мөлшерлі құрылымдар бұзылып, құндылықтар қайта қаралды. 1991 жылы «Орал облыстық жас туристер станциясы» «Облыстық балалар мен жасөспірімдер туризм және экология орталығы» атанды. Жаңа орталық ауыл-аудандарда балалар туризмі инфрақұрылымын құру бойынша белсенді жұмыс жүргізуді бастады. Ең алдымен аудандық білім бөлімдеріне балалар туризмінен әдіскер немесе туристік ұйымдастырушы лауазымы енгізілді. Содан балалар туристік станциялары мен орталықтарын ашу жұмыстары басталды. 1990-1992 жылдары Шыңғырлау, Чапаев, Приуральный, Зеленов аудандарында туристік станциялар ашылды. 1992 жылы Теректі ауданы Ақсуат ауылында экологиялық орталық ашылды. Оны Максут Мурзағалиев басқарды. 1995 жылы Орал өңірінің балалар туризмінің бүгінгі күнге дейінгі дамуын көрсететін бірегей музей ашылды. Бүгінгі күні бұл музей «Балалар туризмінің тарихы» деп аталады.



2000-2010 жылдар

2001-2012 жылдар аралығында облыстың барлық аудандарында және қалада жас туристер станциялары немесе балалар туризмі орталықтары ашылып, бұл жүйе республиканың ең үлкен жүйесі болып табылды. Республикадағы көпшілік орталықтар жабылып қалғанда, біздің облысымызда оның сақталып қалғанының өзі осы жеткіншектер үшін жасалынған үлкен қамқорлық деп білеміз. Облыстық орталық аудандық және қалалық орталықтармен бірлесіп облыста туристік-өлкетану және экологиялық қызметті әрі қарай дамытуға бағытталған нақты жұмыс жүргізді. Туроператор мәртебесін көтеру, білім беру инновацияларын дамыту және озық педагогикалық тәжірибені тарату мақсатында «Жыл турұйымдастырушысы» байқауы жарияланды. 2002 жылы «Хрустальды шоқыр» жүлдесі тағайындалды; байқаудың авторы – Виктор Павлович Фомин. Байқау әр екі-үш жыл сайын өткізілді. Осы марапат тағайындалғаннан бері оның лауреаттары тек балалар-жасөспірімдер туризмінің тікелей ұйымдастырушылары ғана емес, республикалық парламент депутаттары, облыс және аудан әкімдері, мемлекеттік мекемелер мен ірі өндірістік ұйымдардың жетекшілері, қоғамдық ұйымдар да болды. 2003 жылы бұрынғы «Дружба» пионер лагері орталыққа тапсырылып, туристік кешен «Евразия» деп өзгертілді. Туристік кешен «Евразия» балалардың жазғы демалысы мен республикалық және облыстық конкурстар, жарыстар өткізілетін орынға айналды. 2005 жылдан бастап орталықтың педагогикалық ұжымы республикалық «Соқпақ-Тропинка» ғылыми-әдістемелік журналын шығара бастады; бұл журнал биыл екінші онжылдық бойы үздіксіз шығып келеді. 2006 жылы журнал халықаралық балалар-жасөспірімдер туризмі және өлкетану академиясының «Алтын компас» жүлдесіне ие болды. Қазіргі уақытта журнал өлкетану-туристік қызметтің бағдаршысы, пайдалы еңбектерді үйренетін платформа болып табылады. 2007 жылы орталық «Балалық шақ досы» республикалық байқауында жеңімпаз атанды. Туристік-өлкетану қызметін насихаттау мақсатында жылдың бірін белгілеу дәстүрге айналды: 2008 жыл – Орал өңірінің балалар туризмі жылы, 2009 жыл – Орал өңірінің өлкетану жылы, 2010 жыл – Орал өңірінің балалар туризмінің 50 жылдығы жылы. 2010 жылы Орал қаласында «Туристік-өлкетану қызметі арқылы тұлғаның еуразиялық мәдениетін қалыптастыру» атты алғашқы халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өткізілген болатын.



2010-2020 жылдар

Спорттық бағдарлау спортын дамыту, спорттық бағдарлаушылардың біліктілігін арттыру, оқу-жаттығу полигондары мен карталарын жасау мақсатында 2011 жыл «Спорттық бағдарлау» жылы деп жарияланды. Жыл соңына қарай, 2012 жылы спорттық бағдарлау бөлімі ашылды. Осы кезеңде облыста туризмнің жаңа түрлері – тау туризмі және жаттығу қабілетін талап ететін жартасқа өрмелеу спорты дамыды. Сол жылы облыстық туристік орталық ғимаратында жасанды жартас салынды, аудандарда да тау туризмі техникасының бастапқы элементтері үйретіліп, жасанды жартастар жабдықтала бастады. 2012-2014 жылдары балалар туризмі және өлкетану саласында Халықаралық ынтымақтастық жылы болып жарияланды. Осы жылы республиканың ғана емес, Ресей Федерациясының шекаралас облыстарындағы балалар-жасөспірімдер туризмі және өлкетану орталықтарымен серіктестік кеңейді. 2015 жылы Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Әйелдер және отбасы-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның отырысында Батыс Қазақстан облысының балалар туризмі тәжірибесін республикалық деңгейде тарату туралы шешім қабылданды. Бұл жылдары облыс құрама командалары алғаш рет Қазақстан Республикасының спорттық туризм кубогіне қатыса бастады. Ал 2013 жылдан бастап үздік нәтиже көрсетіп, жүлделі орындарға ие болды. Бүгінде олар абсолютті чемпиондар! Сол жылы елімізді таныстыру мақсатында «Қазақстанның жеті кереметі» туристік-өлкетану экспедициясы басталды, оған өлкетану байқаулары мен слет белсенділері қатысты. Қазіргі уақытта бұл экспедиция «Елтану» атауын алып жүр. 2014 жылы облыс командасы алғаш рет Қазақстанның жас геологтар олимпиадасына қатысты. Соңғы үш жыл бойы облыс командасы осы олимпиадада жүлдегер болып танылуда. 2015 жылдан бастап облыстың жас өлкетанушылары республикалық «Менің Отаным – Қазақстан» туристік-экспедициялық отрядтар слетінде жүлделі орынға ие болды. Сол жылдардан бері Батыс Қазақстан облысының құрама командасы үздіктер қатарында. 2016 жылы Бәйтерек ауданының жас геологтары Красноярск ауылдық округінің Погодаево ауылының маңынан ихтиозавр



сүйегін (жет. Субботина О.) тапты. Оның сүйегі Назарбаев университетінің музейінде сақтаулы. 2017 жылы Қазақстан Ұлттық ЮНЕСКО клубтары федерациясының басқару кеңесінің кезекті отырысында орталыққа ЮНЕСКО клубы мәртебесі берілді. 2018 жылы орталық «Балалар-жасөспірім туризмі» номинациясында алғаш National Tourism Awards ұлттық туризм сыйлығын жеңіп алды. Бұл сыйлық өңірдегі туристік-өлкетану қызметінің барлық ұйымдастырушылары мен энтузиастардың еңбегін мойындау еді!

2019 жыл орталық қызметкерлері үшін үлкен жоғалту жылы болды. Виктор Павлович Фомин өмірден өтті. Балаларға, туризмге, туған өлкеге деген сүйіспеншілігі өмірінің басты мақсатына айналған Виктор Павлович 33 жыл бойы орталықты басқарған еді.

2020-2025 жылдар

2020 жылы облыстық орталыққа жаңа басшы, жас-іскер маман Беккалиев Галым Ибатоллаұлы келіп, туристік-өлкетану қызметіне жаңа импульс пен серпін берді. Ресурстарды үнемдеу – бұл экологиялық кеңсенің көмегімен жасауға болатын және жаһандық климаттың өзгеруін шешуге аз да болса нақты үлес қосатын іс. Сол жылы орталық «Жасыл» стандарттарды ұстанатын ұйымдар арасында «Жасыл кеңсе – 2020» республикалық байқауының жеңімпазы атанды. Қазір орталық жылына 120-дан астам облыстық іс-шараларды ұйымдастырса, онда 12 мыңнан астам білім алушы қамтылуда. Жарыстарға қатысқан командалардың, қатысушылардың дайындығының саны мен деңгейі облыс аудандарында туристік-өлкетану, экологиялық, геологиялық, музей ісі, спорттық бағдарлау, спорт және дене шынықтыру, әскери-патриоттық іс-шараларының тұрақты өсуін көрсетеді.

Батыс Қазақстан облысының құрама командасы республикалық «Менің Отаным – Қазақстан» туристік экспедиция жасақтарының слетінде үздік I және II орындарды иеленсе, 2015 – 2024 жылдар аралығында Қазақстан Республикасының туристік көпсайыс чемпионатында (жаяу, су, вело, шаңғы, тау, жасанды және табиғи рельеф) абсолютті чемпион атанды. 2023 және 2024 жылдары Қазақстан оқушыларының XII қысқы және жазғы Гимназиадасының қорытындысында III орынға ие болып, биыл II орыннан көрінді. Туристік нормативтік талаптарды орындауда 2015 – 2024 жылдары 41 спорт шеберіне үміткер, 8 спорт шебері атағын қорғады. 2022 жылы VI Қазақстандық «Жас геолог» олимпиадасында облыс құрама командасы II орынға ие болып, команда мүшесі Ольга Кривобокова (Бөрлі ауданы) Қазақстан-Британ техникалық университетіне тегін білім беру грантын ұтып алған еді. Ал, 2024 жылы «Жас геолог» олимпиадасының жеңімпазы Утебаева Аяна (Бәйтерек ауданы) Қ. Сәтпаев атындағы университетінің грантын ұтып алды.

Республикалық «Соқпақ-Тропинка» ғылыми-әдістемелік журналы – балалар-жасөспірімдер арасындағы өлкетану-туризм мәселелеріне арналған бірден-бір республикалық басылым. 2025 жылы алғаш рет журналдың 20 жылдығына арналған БАҚ қызметкерлері арасында спорттық-туристік жарыс өткізілді. Кәсіби педагогтерді дайындау, теориялық деңгейін көтеру, оқу-тәрбие, әдістемелік жұмысының тиімділігін арттыру мақсатында семинарлар, конференциялар өткізіліп, әдістемелік нұсқаулықтар басылып шығарылады. 2020-2025 жылдары 3 әдістемелік нұсқаулық республика көлемінде таратылса, облыс көлемінде 9 әдістемелік жұмыс таратылған еді. Қосымша білім беру педагогтері 2021-2025 жылдары Республикалық «Әдістемелік вернисаж» байқауының жүлдегерлері.

Балалар туризмінің маңызды құрамдас бөлігі – түрлі қиындық категориясы мен түрлері бар жорықтар жасау. Облыс оқушылары жыл сайын 300-ден астам жорыққа шығады, оған 4000-нан астам қатысушы қатысады. Балалар туризмі инфрақұрылымының маңызды бөлігі – мектеп өлкетану музейлері. Жыл сайын оқушылардың іздестіру-зерттеу қызметін кеңейту мақсатында «Әр білім беру мекемесіне – музей» акциясы өткізіледі.

Қосымша білім жүйесінің басты артықшылықтарының бірі – ол баланың жеке қызығушылықтары, әлеуеті мен қабілеттерін ескере отырып, тұлға ретінде өзін жүзеге асыруына мүмкіндік беруі. Себебі мектептік шақ – тек сабақтар, бағалар, емтихандар емес... Бұл тұлғаның қалыптасуы, шығармашылық дамуы, ізденісі, өзін-өзі таныту уақыты. Осы тұрғыда балалар туризмінің маңызы зор.

Туған жерін түсіну арқылы азаматтық, патриоттық және басқа да қымбат қасиеттер дамиды. Өз жерін, өз халқын сүйетін адамды тәрбиелеу – оңай тапсырма емес. Бірақ біз, педагогтер, оны сүйіспеншілікпен және мейірімділікпен орындасақ, «Шәкірт деген құты емес, ішіне не болса соны сыйғыза беретін. Ол – шамшырақ. Тек жаға білу керек» деген дана сөздерді ұмытпай, іс-әрекет жасасақ, бұл міндетке қол жеткізген боламыз.

Материалды дайындаған Г. З. УСАҒАЛИЕВА, директордың орынбасары

«Туристік-өлкетану және экологиялық-биологиялық бағыттағы ұйымдар қызметін үйлестіру: тәжірибе алмасу мен жаңа даму мүмкіндіктері» тақырыбындағы республикалық WORKSHOP семинарының қорытындысы

Педагогтердің туристік-өлкетану, экологиялық-биологиялық бағыттардағы кәсіби құзыреттілігін арттыру, ұйымдар қызметін үйлестіру арқылы тәжірибе алмасу алаңын құру және жаңа білім беру тәсілдерін енгізу мүмкіндіктерін талқылау мақсатында 2025 жылдың 29 қазан күні 100 педагогті офлайн-онлайн форматында қамтыған WORKSHOP семинары ұйымдастырылды.

Семинарды ұйымдастырушылар: ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы және Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының балалар мен жасөспірімдер туризм және экология орталығы.

Семинар барысында Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының балалар мен жасөспірімдер туризм және экология орталығының ұйымдастыруымен «Балалар туризмін дамыту: заманауи тәжірибелер, жаңа бағыттар және цифрлық мүмкіндіктер», «Өлкетану жұмыстары арқылы отансүйгіштік пен азаматтық жауапкершілікті дамыту: инновациялар мен цифрлық шешімдер» және Батыс Қазақстан облыстық экологиялық-биологиялық орталығының ұйымдастыруымен «Экологиялық мәдениетті қалыптастырудағы қосымша білім беру ұйымдарының рөлі және цифрлық білім беру ресурстары» атты үш секция жұмыс жасап, білікті және білімді мамандар өз іс-тәжірибелерімен бөлісті. *(Баяндама және шеберлік сағаттары жарияланды.)*

Семинарда қатысушыларға жасанды интеллекттің негізгі ұғымдары, білім беру саласындағы қолданыс бағыттары мен мүмкіндіктері таныстырылды. Педагогтер топтық және жеке тәжірибелік тапсырмалар орындап, сабақ жоспарларын жетілдіруде жасанды интеллектті қолданудың нақты мысалдарымен танысты.

Семинар соңында қатысушылар жаңа білім мен дағдыларды өз тәжірибелеріне енгізудің маңыздылығын атап өтіп, іс-шараның жоғары деңгейде ұйымдастырылғанын жеткізді. Қатысушылар жасанды интеллект құралдарының уақыт үнемдеуге, оқу мазмұнын әртараптандыруға және оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға ықпал ететінін атап өтті.

Жалпы, семинар педагогтердің инновациялық көзқарасын қалыптастырып, жасанды интеллект әдістемесін қолданудың тиімді жолдарын айқындауға мүмкіндік берді.

**Итоги республиканского WORKSHOP семинара на тему:
«Координация деятельности туристско-краеведческих и эколого-биологических организаций: обмен опытом и новые возможности для развития»**

С целью повышения профессиональной компетентности педагогов в туристско-краеведческом, эколого-биологическом направлениях, создания площадки для обмена опытом через координацию деятельности организаций и обсуждения возможностей внедрения новых образовательных подходов 29 октября 2025 года был организован WORKSHOP семинар, охвативший 100 педагогов в офлайн и онлайн форматах.

Организаторы семинара: Республиканский учебно-методический центр дополнительного образования Министерства просвещения Республики Казахстан и Центр детско-юношеского туризма и экологии управления образования акимата Западно-Казахстанской области.

В ходе семинара прошли три секции: «Развитие детского туризма: современные практики, новые направления и цифровые возможности», «Воспитание патриотизма и гражданской ответственности через краеведческую работу: инновации и цифровые решения», организованные Центром детско-юношеского туризма и экологии управления образования акимата Западно-Казахстанской области, и «Роль организаций дополнительного образования в формировании экологической культуры и цифровых образовательных ресурсов», организованная Западно-Казахстанским областным эколого-биологическим центром, где своим опытом поделились квалифицированные и знающие специалисты. *(Анонсированы доклады и мастер-классы.)*

Участникам семинара были представлены основные понятия искусственного интеллекта, направления и возможности его применения в сфере образования. Педагоги выполнили групповые и индивидуальные практические задания, ознакомились с конкретными примерами использования искусственного интеллекта при совершенствовании учебных планов.

В завершение участники отметили важность внедрения новых знаний и навыков в собственную практику и высоко оценили уровень организации мероприятия. Педагоги подчеркнули, что инструменты искусственного интеллекта помогают экономить время, разнообразить содержание обучения и повышать познавательную активность учащихся.

В целом семинар сформировал у педагогов инновационный подход и позволил определить эффективные способы применения методик искусственного интеллекта.

1-секция: «Балалар туризмін дамыту: заманауи тәжірибелер, жаңа бағыттар және цифрлық мүмкіндіктер»



ДЖУМАГАЗИЕВ
Жасталап Амангельдиевич,
педагог-мастер, учитель
физической культуры,
ПДО ОЦДЮТиЭ,
г. Уральск, ЗКО

Использование современных технологий на уроках физической культуры

(мастер-класс)

Цели:

Повышение эффективности обучения:

использование информационных технологий (презентации, тесты, видео) и современных методик делает уроки более наглядными и современными.

Повышение мотивации: элементы соревнований и цифровые инструменты повышают интерес к занятиям и способствуют стремлению к совершенствованию.

Формирование личности: развитие всесторонне развитой личности, способной использовать ценности физической культуры для здоровья и активного отдыха.

Формирование здорового образа жизни: развитие у учащихся осознанного отношения к своему здоровью, знанию своего организма и его потребностей.

Задачи:

I. Общеобразовательные:

1. Обучение двигательным навыкам и умениям.
2. Формирование знаний о здоровом образе жизни, правильном питании, принципах составления индивидуальных программ.
3. Развитие умений работать с информацией и применять ее на практике.

II. Оздоровительные:

1. Повышение уровня физического развития детей.

2. Сохранение и укрепление здоровья учащихся, особенно тех, кто находится в подготовительной или специальной медицинской группах.

III. Развивающие:

1. Развитие познавательных, исследовательских и творческих способностей.
2. Развитие коммуникативных способностей через групповую работу и командные соревнования.
3. Развитие умения работать самостоятельно, используя различные источники информации.

IV. Воспитательные:

1. Привлечение к регулярным занятиям и спорту.
2. Развитие ответственного отношения к занятиям и друг к другу.
3. Воспитание физической культуры личности.

V. Индивидуализация:

1. Создание индивидуального подхода к учащимся, в том числе к тем, у кого есть проблемы со здоровьем.
2. Разработка персонализированных программ тренировок и упражнений.

Здравствуйтесь, дорогие участники WORKSHOP семинара!

Сегодня мы поговорим о необходимости использования современных технологий на уроках физической культуры. И какие помощники существуют у нас - это:

Цифровые помощники в спорте

1. Фитнес-гаджеты - браслеты и умные часы для мониторинга пульса, шагов и качества сна.

2. Мобильные приложения - персональные тренировки, маршруты для бега (Strava) и короткие эффективные комплексы (Seven, NTC).

3. Интерактивный зал - использование умных досок и сенсорных экранов для демонстрации упражнений и групповых соревнований.

4. Игровые системы - интерактивные игры (Just Dance) и VR-фитнес, превращающие упражнения в увлекательное развлечение.

Следующая игра – это викторина «Угадай технологию».

Проверим вашу цифровую грамотность в мире фитнеса! Выберите правильный ответ.

● Гаджет для счета шагов и пульса: а) телефон; б) фитнес-браслет; в) плеер.

Ответ: б) фитнес-браслет. Фитнес-браслеты специально созданы для мониторинга физической активности, включая подсчет шагов, измерение пульса и отслеживание качества сна.

● Приложение для бега и велотренировок: а) Strava; б) YouTube; в) Spotify.

Ответ: а) Strava. Strava - популярное приложение для отслеживания бега, велоспорта и других активностей с GPS-навигацией.

● Что измеряет шагомер? а) температуру тела; б) количество шагов; в) время сна.

Ответ: б) количество шагов.

● Название браслета для активности: а) смарт-гаджет; б) умные очки; в) фитнес-трекер.

Ответ: в) Фитнес-трекер. Фитнес-трекер - это официальное название браслета для отслеживания физической активности и здоровья.

● Что покажет фитнес-браслет? а) прогноз погоды; б) частоту пульса; в) упражнения.

Ответ: б) частоту пульса.

● Гаджет для тренировок в VR: а) VR-шлем; б) смарт-часы; в) наушники.

Ответ: а) VR-шлем. VR-шлем (очки виртуальной реальности) позволяет погрузиться в виртуальный мир для интерактивных фитнес-тренировок.

Следующая игра – это игра «Шагомер-чемпион».

Задание: Используя фитнес-браслет или приложение на телефоне, засекайте, кто сделает больше шагов за 1 минуту, не покидая пределы зала.

Действия: Танцуйте, маршируйте на месте, подпрыгивайте — главное, чтобы шагомер считал ваши движения!

Победитель: Тот, кто покажет наибольшее количество шагов.

Следующая игра – это «Фитнес-браслеты: ваш персональный тренер на запястье».

● Активность в реальном времени: мониторинг пройденного расстояния, сожженных калорий и частоты сердечных сокращений.

● Постановка целей: достижение ежедневных норм (например, 10000 шагов) с элементами геймификации.

● Контроль интенсивности: следите за пульсом, чтобы находиться в нужной зоне для сжигания жира или развития выносливости.

Следующая игра – это игра «Колесо фортуны».

Желающие по очереди крутят колесо фортуны, выполняют задания, которые выпадут. Удачи!

<https://wheelofnames.com/hgu-em2>



Следующая игра – это игра «Замри как на фото».

Учащиеся повторяют спортивные позы с экрана как можно точнее. Баллы присуждаются за быстроту и точность.





Следующая современная технология – это «Виртуальная реальность (VR): тренировки в новом измерении».

VR-технологии позволяют полностью погрузиться в тренировочный процесс, делая его захватывающим, мотивирующим и абсолютно персонализированным.

- **Игровые сценарии:** превращение монотонных упражнений в увлекательные квесты и соревнования.

- **Безопасное освоение:** возможность попробовать новые движения в контролируемой виртуальной среде.

- **Повышенная вовлечённость:** помогает увеличить продолжительность и интенсивность тренировки.

<https://www.youtube.com/watch?v=ULCK1ODM2Gs>

https://www.youtube.com/shorts/_g4vPhbi1mw?app=desktop

Следующая игра – это игра: «Танцевальный батл с VR».

Время подвигаться! Мы используем принципы VR-фитнеса, чтобы провести короткий, но энергичный танцевальный батл. Разделимся на две команды!


Just Dance – это видеоигра, где вы повторяете танцевальные движения под музыку.

Правила Игры: участники команды максимально точно повторяют движения с видео Just Dance. Побеждает команда, которая продемонстрирует лучшую координацию и максимальную самоотдачу. Это отличный способ размяться и повысить командный дух!

<https://www.youtube.com/watch?v=NJh5idlanrc>

https://www.youtube.com/shorts/_g4vPhbi1mw?app=desktop

А также существуют много современных технологий и приложений для уроков физкультуры:



Полезные:

- **Strava:** отслеживание бега, велоспорта и других активностей с GPS, стимулирует здоровую конкуренцию.

- **Nike Training Club (NTC):** бесплатные тренировки для силы, выносливости и йоги.

- **Pacer (шагомер):** отслеживает шаги, расстояние и сожженные калории.

Как технологии обогащают уроки физкультуры:

- Отслеживание прогресса учеников – визуализация достижений.

- Персонализация учебного процесса – индивидуальные задания и тренировки.

- Развитие осознанности тела – понимание работы организма через мониторинг.

- Мотивация через игру и состязание – вовлеченность и азарт.

- Поддержка общего благополучия – формирование здоровых привычек, включая сон.

Будущее технологий в физкультуре

- Персонализированные программы с ИИ – индивидуальные тренировочные планы для каждого ученика.

- Геймификация с дополненной реальностью (AR) – интерактивные квесты на школьном дворе.

- Расширенный биометрический мониторинг – отслеживание активности и состояния организма в реальном времени.

И в заключение хочу пожелать всем коллегам, чтобы были использованы современные технологии на уроках физической культуры:

- Внедряйте технологии в учебный процесс – фитнес-трекеры и обучающие приложения.

- Отслеживайте прогресс учеников – измеримые цели и индивидуальные достижения.

- Вдохновляйте на активный образ жизни – покажите, как технологии делают занятия интереснее и эффективнее.

Спасибо за внимание, до скорой встречи!

2-секция: «Өлкетану жұмыстары арқылы отансүйгіштік пен азаматтық жауапкершілікті дамыту: инновациялар мен цифрлық шешімдер»



Краеведческая работа в походе с элементами эпиграфики

(Опыт организации исследовательской деятельности учащихся на примере изучения кулпытаса хана Джангира)



КУРУМБАЕВ
Айбулат Шамуратович,
ПДО ЦДИУТЭ «Атамекен»,
магистр истории, докторант
Каракалпакского филиала
Академии наук
Республики Узбекистан,
г. Уральск, ЗКО

***Аннотация.** В статье рассматриваются возможности включения элементов эпиграфики — науки о каменных надписях — в туристско-краеведческую работу образовательных учреждений дополнительного образования. На примере полевого исследования кулпытаса хана Жангира Бокейулы показано, как практическое краеведение способствует формированию у учащихся исследовательских навыков, уважения к культурному наследию и исторического сознания.*

***Аңдатпа.** Мақалада эпиграфия элементтері — тас жазулар туралы ғылымның қосымша білім беру мекемелерінің туристік-өлкетану жұмысына енгізу мүмкіндіктері қарастырылады. Жәңгір хан Бөкейұлының құлпытасын далалық зерттеу мысалында практикалық өлкетану оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастыруға, мәдени мұра мен тарихи сананы құрметтеуге қалай ықпал ететіні талқыланады.*

***Ключевые слова:** краеведение, эпиграфика, Букеевская Орда, педагогика, дополнительное образование, историческая память.*

Введение. История, к которой можно прикоснуться

Современная практика дополнительного образования в Казахстане всё активнее использует экспедиционные и исследовательские формы работы. Туристско-краеведческие походы превращаются не только в средство патриотического воспитания, но и в форму познания родной истории через реальные объекты.

Особое значение приобретает эпиграфика — наука, изучающая надписи на камне, металле, дереве и других материалах. Эпиграфические исследования дают учащимся возможность

«прочитать историю» буквально с поверхности земли.

«Когда ребёнок своими руками очищает от пыли старинный камень, он не просто изучает историю — он становится её продолжателем», — отмечает автор исследования Айбулат Курумбаев.

Методика проведения эпиграфического похода

Эпиграфическая работа в походе объединяет наблюдение, фиксацию, анализ и бережное отношение к памятникам. Перед выходом на маршрут важно провести теоретическую подготовку, включающую:

- изучение истории региона и типологии памятников;
- знакомство с арабской, тюрко-чагатайской и латинской графикой;
- освоение приёмов фиксации надписей и составления описаний объектов.

Рекомендуемое снаряжение:

- фотоаппарат или смартфон для съёмки с разных ракурсов;
- фонарик для подсветки рельефа;
- блокнот, калька, копировальная бумага;
- линейка или рулетка для замеров;
- GPS-навигатор или карта;
- мягкая щётка и вода для очистки;
- дрон (по возможности) — для съёмки местности с высоты.

Важно!

Педагог обязан объяснить детям этические принципы: не трогать и не перемещать памятники, не наносить надписи, не вывозить находки. Все результаты должны передаваться в музей или архив.

Практическая часть: исследование кулпытаса хана Джангира

Одним из ярких примеров применения эпиграфических методов в краеведении стало изучение надгробного памятника хана Джангира Бокейулы, правителя Букеевской Орды (1803–1845).

Букеевская Орда занимала земли между Волгой и Уралом, объединяя роды Младшего жуза. Сегодня на территории Западно-Казахстанской области, в трёх километрах северо-западнее посёлка Хан Ордасы, расположен некрополь «Хан зираты» — уникальный эпиграфический комплекс с более чем 500 кулпытасами.

Описание памятника

Кулпытас хана Джангира представляет собой прямоугольную стелу с дугообразным верхом, украшенную родовой тамгой торе — символом потомков Чингизидов. Надписи выполнены с четырёх сторон на арабской графике.

На передней стороне приведены аяты из суры «Ар-Рахман» Священного Корана:

«Каждый, кто находится на земле, бременен, и останется лишь лик Господа твоего, величественного и великодушного...»

Далее следует текст о происхождении и судьбе хана Джангира:

«Потомок хана Дешт-и Кыпчака, хан Абу-л-Хайра, внук Нуралы-хана — хан Джангир, сын Букей-хана. В возрасте 42 лет он перешёл из мира бренного в мир вечный...»

Дата на камне — 1260 год по хиджре (1845 год) — соответствует архивным данным о его смерти.

Поэзия, высеченная в камне

На оборотной стороне высечены строки на тюрко-чагатайском языке — философское размышление о бренности власти и жизни:

«Двадцать лет правил он в этом мире,

И жизнь его завершилась.

Всевышний — защитник потомков его.

В этом мире не останется никто,

будь он хан, султан или дервиш.»

Эти строки не только украшение надгробия — они обладают воспитательной силой, формируют духовно-нравственные ориентиры учащихся.

Историко-педагогический вывод

Сопоставление эпиграфического текста с архивными документами (в частности, «Формулярным списком о службе и достоинстве хана Джангира») позволило уточнить дату рождения правителя — 1803 год. Таким образом, эпиграфические данные служат научно достоверным источником и ценным материалом для школьных музеев и краеведческих кружков.

Методические рекомендации педагогу

1. Интеграция с программой: эпиграфику можно включать в кружки «Юный краевед», «История родного края», «Музейное дело», «Юный археолог».

2. Развиваемые компетенции:

– исследовательские навыки (наблюдение, анализ, фиксация);

– умение работать с источниками;

– патриотическое мировоззрение;

– уважение к памяти предков.

3. Педагогический приём: организуйте с учащимися мини-проект:

«Памятники, которые говорят» — фотофиксация надписей в своём районе, поиск переводов и составление альбома «Каменная летопись».

Заключение

Эпиграфика — это не только вспомогательная дисциплина исторической науки, но и эффективное средство воспитания интереса к истории, культуре и родному краю.

Включая её элементы в образовательный процесс, педагог помогает детям увидеть историю не в учебнике, а в живом пространстве — на земле, где они живут.

«Камни не говорят — пока мы не научимся их слушать. Эпиграфика учит слышать историю и сохранять её голос для будущих поколений.»



Жасанды интеллект пен цифрлық платформалар: үйірме сабақтарын жаңаша ұйымдастыру жолдары

СИТКАЗИЕВА
Гульфайрус Максutowна,
ЖТС-ның ҚББП-і,
Бәйтерек ауд., БҚО

***Аңдатпа.** Мақалада экологиялық білім беру жүйесінде жасанды интеллект пен цифрлық платформаларды пайдалану арқылы экология үйірмесін тиімді ұйымдастыру жолдары қарастырылады. Автор экологиялық мәдениетті қалыптастыруда мультимедиялық ресурстардың, мультфильмдер мен комикстердің, электрондық оқулықтардың және виртуалды зертханалардың маңызын атап көрсетеді. Жасанды интеллект пен мультимедиялық технологиялар экологиялық ойлауды дамытуда, шығармашылық пен зерттеушілік дағдыларды қалыптастыруда маңызды рөл атқаратыны дәлелденеді.*

***Аннотация.** В статье рассматриваются пути эффективной организации экологического кружка посредством использования искусственного интеллекта и цифровых платформ в системе экологического образования. Автор отмечает значимость мультимедийных ресурсов, мультфильмов, комиксов, электронных учебников и виртуальных лабораторий в формировании экологической культуры учащихся. Подчеркивается, что технологии искусственного интеллекта и мультимедиа играют важную роль в развитии экологического мышления, творческих и исследовательских навыков обучающихся.*

***Кілт сөздері:** экологиялық білім, жасанды интеллект, цифрлық платформа, мультфильм, комикс, электрондық оқулық.*

XXI ғасырда әлем елдері алдында тұрған ең үлкен сын-қатерлердің бірі – экологиялық дағдарыс. Атмосфералық ауаның ластануы, тұрмыстық қалдықтардың көбеюі, ормандардың жойылуы, су ресурстарының сарқылуы мен климаттың өзгеруі – барлығы адамзаттың өміріне, денсаулығына және болашағына тікелей қауіп төндіреді. Бұл мәселелерді шешу жолы тек қана ғалымдар мен экологтардың емес, әрбір жеке адамның экологиялық мәдениеті мен жауапкершілігіне байланысты. Сондықтан өскелең ұрпақты табиғатты қорғауға тәрбиелеу, экологиялық сауаттылығын арттыру – қазіргі білім беру жүйесінің маңызды стратегиялық міндеттерінің бірі.

Оқушыларға экологиялық тәрбие беру процесінде дәстүрлі дәрістер, баяндаулар немесе жай ғана ақпарат жеткізу әдістері кейде олардың

қызығушылығын төмендетуі мүмкін. Ал қазіргі балалар – визуалды ақпаратты, бейнеқиялды, шығармашылық тәсілді жақсы қабылдайтын, мультфильмдер мен комикстер әлеміне жақын ұрпақ. Осы тұрғыдан алғанда, экологиялық тәрбие берудің жаңа, креативті формаларын қолдану қажеттілігі туындайды.

Қазіргі таңда адамзаттың басты мәселелерінің бірі — табиғи ресурстарды сақтау және қоршаған ортаны қорғау. Экологиялық білім мен тәрбие беру мектептен басталады. Осы тұрғыдан экология үйірмелері оқушылардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттырып, экологиялық мәдениетті қалыптастырудың тиімді құралы болып табылады. Бүгінгі таңда экологиялық үйірмелерді ұйымдастыруда дәстүрлі әдістерді заманауи цифрлық және интерактивті техно-

логиялармен ұштастыру қажеттілігі туындап отыр. Жасанды интеллект, мультимедиа және электрондық білім беру құралдары оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, экологиялық тақырыптарды өмірмен байланыстыра үйренуге мүмкіндік береді.

Экология үйірмесінің басты мақсаты – оқушылардың табиғатты қорғау мәдениетін қалыптастыру, экологиялық проблемаларды шешуде шығармашылық тұрғыдан ойлау қабілетін дамыту. Бұрын үйірмелер көбіне реферат жазу мен бақылау жұмыстарына бағытталса, қазір жобалық, зерттеушілік және цифрлық форматтағы сабақтар тиімділігін көрсетіп отыр. Мысалы, экология үйірмесі сабақтарын үш бағытта ұйымдастыруға болады:

1. Зерттеу бағыты – экологиялық деректерді талдау, мониторинг жүргізу;
2. Шығармашылық бағыт – мультфильм, комикс, бейнежоба әзірлеу;
3. Әлеуметтік бағыт – экологиялық акциялар мен челленджер ұйымдастыру.

Цифрлық құралдар экология үйірмесінің мазмұнын жандандырып, оқушылардың пәнге қызығушылығын арттырады. Төменде ең жиі қолдануға болатын платформалар мен олардың нақты мысалдары келтірілген:

Мультфильм: экология үйірмесінде оқушылар өз мультфильмдерін жасау арқылы экологиялық проблемаларды шығармашылық тұрғыда бейнелей алады. Мысалы, 8-сынып оқушылары Powtoon платформасында «Болашақ бізге аманат!» атты анимациялық мультфильм әзірледі. Сюжет бойынша орман жойылғаннан кейінгі жануарлар тағдыры көрсетілді. Бұл жұмыс оқушылардың экологиялық санасын күшейтіп, эмоционалды әсер қалдырды.

Комикс: Canva және Pixton бағдарламалары арқылы «Дәрілік өсімдіктер» тақырыбында комикстер жасалды. Әр топ табиғатты қорғау қағидаларын кейіпкерлер диалогы арқылы көрсетті. Комикс әдісі — қысқа мәтін мен көрнекі бейне арқылы экологиялық идеяны тиімді жеткізуге мүмкіндік береді.

Электрондық оқулық: «Қызыл кітапқа» енген өсімдіктер, жануарлар мен құстар тақырыбында Genially платформасында интерактивті электрондық оқулық жасалды. Онда бейне, мәтін, карта және викторина элементтері біріктірілді. Электрондық оқулық оқушылардың өздігінен білім алуына, үйірме тапсырмаларын қашықтан орындауына мүмкіндік береді.

Экология үйірмесін ұйымдастыруда мұғалімнің рөлі – бағыт беруші және шабыттандырушы. Ол жасанды интеллектті ақпарат көзі ретінде ғана емес, оқушылардың зерттеу серіктесі ретінде пайдалануы тиіс.

- Үйірме жоспарын цифрлық платформаларға бейімдеп жасау;
- Әр сабақта визуалды және практикалық элемент енгізу (бейне, комикс, анимация);
- Оқушыларды экологиялық зерттеу мен қоғамдық бастамаға тарту;
- Жасанды интеллектті қолдануда этикалық нормаларды сақтау және дереккөздерді тексеру.

Жасанды интеллект пен цифрлық платформаларды экология үйірмесінде пайдалану білім берудің жаңа деңгейін қалыптастырады. Мультфильм, комикс және электрондық оқулық сияқты мультимедиялық тәсілдер арқылы оқушылар табиғатты қорғаудың маңызын сезініп, өз ойларын шығармашылық тұрғыда жеткізуді үйренеді.

Экологиялық үйірме — бұл тек қосымша сабақ емес, экологиялық мәдениет пен әлеуметтік жауапкершілікті тәрбиелейтін шығармашылық алаң. Жасанды интеллект бұл үдеріске жаңа серпін беріп, оқушыларды экологиялық жаңашылдыққа жетелейді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарова Г. А. Цифрлық білім беру ресурстары және оларды оқу үдерісінде қолдану оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 156 б.
2. Мухамеджанова Ш. Цифрлық білім беру платформалары: мүмкіндіктері мен болашағы // Білім берудегі инновациялар. – 2022. – №4. – Б. 45–52.
3. Кузнецов С. А., Иванова О. Л. Использование онлайн-платформ в образовательном процессе: учеб. пособие. – Москва: Изд-во МГУ, 2019. – 192 с.
4. Kurmanova G. «Экологиялық білім берудегі инновациялық технологиялар». – Білім берудегі инновациялар, №3, 2024.
5. Kahoot! Learning Platform [Электрондық ресурс]. – Режим доступа: <https://kahoot.com>
6. Canva for Education [Электрондық ресурс]. – Режим доступа: <https://www.canva.com/education>
7. Labster. Virtual Labs for Science Education [Электрондық ресурс]. – Режим доступа: <https://www.labster.com>
8. PhET Interactive Simulations [Электрондық ресурс]. – Режим доступа: <https://phet.colorado.edu>



Жасанды интеллекттің туристік-өлкетану бағытындағы рөлі: педагогтерге арналған инновациялық шешімдер (шеберлік сағаты)



ЕРКИНГАЛИЕВА
Айдана Айдарбековна,
ОБЖТжЭО-ның ҚББП-і,
педагогика ғылымдарының
магистрі,
Орал қ., БҚО

Катысушылармен танысу тренингі, семинардың мақсаты мен мазмұнымен таныстыру.

Мақсаты:

- Педагогтерге жасанды интеллекттің (ЖИ) туристік-өлкетану саласында қолдану мүмкіндіктерін таныстыру.
- Білім беру процесіне енгізудің тиімді әдістерін көрсету.
- Практикалық мысалдар мен интерактивті тапсырмалар арқылы тәжірибе қалыптастыру.

Міндеттері:

1. Жасанды интеллект ұғымы мен оның білім беру саласындағы маңызын түсіндіру.
2. Туристік-өлкетану бағытындағы цифрлық және ЖИ құралдарының мүмкіндіктерін көрсету.
3. Педагогтерді инновациялық әдістер мен сервистерді қолдануға үйрету.
4. Практикалық мысалдар арқылы оқу үдерісіне енгізу жолдарын ұсыну.

Күтілетін нәтижелер:

Жасанды интеллектті туристік-өлкетану саласында қолданудың негізгі әдістерін меңгереді.

Өз кәсіби тәжірибесінде ЖИ қолдануға арналған идеялар мен шешімдер ұсына алады.

ЖИ көмегімен туристік бағыттағы оқу іс-әрекеттерін жоспарлау мен ұйымдастыру тәсілдерін меңгереді.

Болашақта ЖИ тиімді пайдалану бойынша жеке кәсіби даму бағытын қалыптастырады.

Тақырыпқа сай видео көру.

Миға шабуыл: Жасанды интеллект сөзіне ассоциация.

«Жасанды интеллект» сөзіне қандай ассоциация айтамыз?

LED Board бағдарламасы арқылы сөзді телефонға жазып көрсету.

I бөлім. Кіріспе (теория)

«Есептеу машинасы оны пайдаланатын адам сияқты құнды.»

Норберт Винер, кибернетиканың «әкесі»

Қазіргі білім беру жүйесінде жасанды интеллект (ЖИ, AI – Artificial Intelligence) педагогтердің кәсіби қызметін жеңілдететін, оқушылардың қызығушылығын арттыратын және сабақ сапасын жақсартатын маңызды құралға айналды. Әсіресе туристік-өлкетану саласында ЖИ қолдану педагогтерге жаңа оқу құралдарын әзірлеуге, оқушылардың зерттеу қызығушылығын арттыруға және аймақтық туризмді дамытуға жағдай жасайды.

Жасанды интеллекттің білім беру саласындағы рөлі:

Жасанды интеллект қазіргі уақытта білім беру жүйесінде үш негізгі бағытта қолданылады:

Жекелендірілген оқыту – оқушылардың білім деңгейіне, қажеттіліктері мен қызығушылықтарына сәйкес бейімделген материалдарды ұсыну;

Оқу сапасын арттыру – оқушылардың білім деңгейін дәл анықтау, үлгерімін бақылау және оларға дер кезінде көмек көрсету;

Оқу барысын автоматтандыру – бағалау, кері байланыс беру және оқушылардың прогресін бақылау сияқты үрдістерді жеңілдету.

Жасанды интеллект технологиялары

мұғалімдерге оқу материалын дайындау, бағалау, визуализация, виртуалды саяхат және деректерді талдау саласында кең мүмкіндіктер береді.

Жасанды интеллект мәселелеріне қатысты алғашқы зерттеулер компьютерлер пайда болғаннан кейін бірден қолға алынды. Жаңа ғылымның атауының өзі ХХ ғасырдың 60-жылдарының аяғында пайда болды, ал 1969 жылы Вашингтонда (АҚШ) жасанды интеллект бойынша бірінші Дүниежүзілік конференция өтті.

Бүгінгі таңда жасанды интеллектте зерттелетін бірнеше негізгі мәселелер бар:

1. Білімді таныстыру – әртүрлі проблемалық салалардан алынған білімнің интеллектуалдық жүйесін формализациялау, оны жадқа енгізу әдістері мен тәсілдерін әзірлеу; жинақталған білімді жалпылау және жіктеу; есептерді шешуде білімді тиімді пайдалану.

2. Пайымдауларды модельдеу – әртүрлі есептерді шешу процесінде қолданылатын адам тұлжырымдардың әртүрлі схемаларын зерттеу және рәсімдеу; осы схемаларды компьютерде жүзеге асыруға арналған тиімді бағдарламаларды құру.

3. Табиғи тілде сөйлесудің диалогтық процедуралары – мәселелерді шешу барысында зияткерлік жүйе мен маман адам арасындағы өзара байланысты қамтамасыз ету.

4. Мақсатқа сай іс-шараларды жоспарлау – зияткерлік жүйеде сақталатын проблемалық аймақ туралы білімге негізделген күрделі іс-әрекет бағдарламаларын құру әдістерін әзірлеу.

5. Зияткерлік жүйелерді оқыту – олардың қызметі барысында жинақталған дағдыларды және осы дағдыларды жалпылау құралдарының кешенін қалыптастыру.

II. НЕГІЗГІ БӨЛІМ (25 мин.)

1. Жасанды интеллект пен өлкетану интеграциясы.

ЖИ көмегімен өңірлік тарих, мәдениет, табиғи ескерткіштер туралы ақпаратты жинақтау. Виртуалды турлар мен интерактивті карталар жасау.

Туристік өлкетанудың қазіргі білім беру жүйесіндегі орны.

«Жасанды интеллект» ұғымына қысқаша шолу.

Сіздерге ең пайдалы 10 шақты платформаны қысқаша шолып өтемін – кейін әрқайсысын туристік-өлкетану сабағына қалай қолдану керектігін толық көрсетемін. Олардың мектептерге арналған арнайы лицензиялары мен ресурстары бар.

1. ChatGPT (OpenAI) – мәтін генерациясы,

сценарий, экскурсия сипаттамасы, сұрақ-жауап, тапсырма мәтіндерін дайындау. Оқушыларға қолданғанда бақылау орнату қажет (шығарма, плагиат). Ақылы түрдегі түрі мәліметтерді көбірек көрсетеді.

2. Google Bard / Gemini – ChatGPT-ге ұқсас; Google экожүйесіне жақсы интеграцияланады (Docs, Drive) және білім беру мүмкіндіктері кеңейіп жатыр (NotebookLM / Gemini білім порталы).

3. Microsoft 365 Copilot (Copilot for Education) – Microsoft 365 ішіндегі сабақ жоспарлау, құжаттар, презентация, оңай автоматтау.

4. Curipod – интерактивті AI-слайдтар, word cloud, brainstorm, collaborate board құруға ыңғайлы. Өте пайдалы – мұғалімдерге арналған «оқушы қатысуын қамтамасыз ететін» платформа. (Соңғы жылдары білім беру қауымдастығында кең танылады).

6. Google Earth / My Maps / Tour tools – виртуалды турлар, карталар жасау үшін ең ыңғайлы: маршруттарды белгілеу, 3D көрініс, шаруашылық фокус. Оқушылармен дала жұмысы, маршрут жоспарлау үшін таптырмас платформа.

7. ArcGIS StoryMaps (Esri) – карталық әңгіме құру (storytelling) үшін тамаша; география мен өлкетану үшін өте күшті платформа.

8. ThingLink – 360° виртуалды турлар жасауда қолданылады; интерактивтік нүктелерге мәтін, аудио, видео қосуға мүмкіндік береді. Мұғалімдерге арналған оқу сценарийлері бар.

9. QRCode Monkey – қарапайым, жоғары сапалы QR жасау; вектор форматтарын жүктеу, логотип қою, печатке жарамды. Ерекше динамикалық QR-ды басқару үшін PRO сервистер бар.

10. Kahoot / Quizizz / – бағалау және белсендіру: викториналар, рефлексия, оқушылардың түсінуін жылдам тексеру үшін өте ыңғайлы.

2. Педагогтерге арналған инновациялық шешімдер

Инновациялық құрал	Мүмкіндігі	Қолдану саласы
ChatGPT / GPT-5	Мәтін жазу, тур бағыттарын сипаттау, оқу тапсырмаларын дайындау	Сабақ, жоба жұмысы
Google Earth + AI	Географиялық карталарды талдау, тур нүктелерін белгілеу	География, өлкетану
Canva Magic Studio	Инфографика, презентация, постер жасау	Көрнекілік құралдары
AI Trip Planner	Автоматты маршрут құрастыру	Туризм және экскурсия жоспарлау
AR/VR платформалар (Merge Cube, CoSpaces)	Виртуалды турлар құру	Интерактивті оқыту

III. ПРАКТИКАЛЫҚ БӨЛІМ (20 мин.)

Қатысушылар жеке дара жұмыс істейді:

ТАПСЫРМА 1.

Google Bard / Gemini – ChatGPT платформасын пайдаланып, «Орал – тарихы терең, болашағы биік қала» тақырыбында эссе жазу.

Аманжоловтың «Орал» өлеңінен үзінді:

«Оралым, шықтың алдымнан,
Оралым менің, Оралым!»
Ақұштап Бақтыгереева,
Жайық өзені,
тарихи орталық,
архитектуралық ескерткіштер.

Генерация арқылы шыққан адамдарға оқыту (сан арқылы, есімі арқылы).

ТАПСЫРМА 2 (топтық жұмыс).

Үш топқа бөліп экспонатқа QRCode Monkey қою. QRCode Monkey – қарапайым, жоғары сапалы QR жасау;

Алдарыңызда тұрған экспонаттарға QR-код жасау.

Генерация арқылы шыққан адамдарға оқыту (сан арқылы, есімі арқылы).

ТАПСЫРМА 3 (жұптық жұмыс).

STOPWATCH платформасымен танысу.

Stopwatch – бұл уақытты дәл өлшеуге арналған сандық құрал немесе қосымша. Ол әдетте

сабақтарда, спорттық жарыстарда, сынақтарда немесе кез келген уақытты бақылау қажет жағдайларда қолданылады.

TOP RANDNOM NAME PICKERS – есімдерін жазып көрсету арқылы адам таңдау.

ТАПСЫРМА 4 (топтық жұмыс).

Curipod – интерактивті AI-слайдтар, word cloud, brainstorm, collaborate board құруға ыңғайлы. Өте пайдалы – мұғалімдерге арналған «оқушы қатысуын қамтамасыз ететін» платформа. (Соңғы жылдары білім беру қауымдастығында кең танылады). Осы платформа арқылы топтар презентация жасайды.

1-топ – «Жасанды интеллект – болашақтың кілті».

Мақсаты: қатысушылар жасанды интеллекттің адамзаттың, білімнің және туризмнің болашағына әсерін анықтап, өз көзқарастарын білдіреді.

Poll (жылдам дауыс беру)

Сұрақ: «Сіздің ойыңызша, жасанды интеллект болашақтың кілті бола ала ма?»

Мақсат: аудиторияның көзқарасын анықтау және нәтижені бірге талқылау.

2-топ – «ЖИ жергілікті туризмді қалай өзгерте алады?»

Мақсаты: қатысушылар жасанды интеллекттің жергілікті (өлкетану, аймақтық, мәдени) туризмді



дамытудағы мүмкіндіктерін анықтап, нақты мысалдар келтіреді. Curipod функциясы: Word Cloud (ортақ ойды сөзбен көрсету).

Сұрақ: «Жасанды интеллект жергілікті туризмді қалай өзгерте алады?»

Нұсқаулық:

Қатысушылар өз ойларын қысқа 1-2 сөзбен жазады.

Мысалы: «Жеке маршруттар», «Сандық гид», «Виртуалды музейлер», «Талдау мен болжам», «Мәдени мұра визуализациясы».

Curipod нәтижесінде «сөз бұлты» шығып, ең жиі кездескен идеялар визуалды түрде көрінеді.

Мақсат: AI-дың жергілікті туризмге әсер ететін негізгі бағыттарын визуалды түрде анықтау.

3-топ – «Педагогтердің уақытын үнемдеудегі ЖИ рөлі».

Roll (жылдам дауыс беру)

Сұрақ: «ЖИ педагогтердің жұмысын жеңілдетіп, уақыт үнемдеуге қалай көмектесе алады?»

Жауап нұсқалары:

- Оқу материалдарын автоматты құрастыру.
- Бағалау және кері байланыс беру.
- Сабақ жоспарын дайындау.
- Оқушылардың деректерін талдау.

Мақсат:

AI құралдарының педагогикалық тиімділігін бағалау және қатысушылардың пікірін білу.

4-топ – «Жасанды интеллекттің артықшылығы мен кемшілігі».

Сұрақ:

«ЖИ артықшылықтары мен кемшіліктерін

бейнелеп көрсетіңіз.»

Нұсқаулық:

Top Curipod-та 2 бөлікке бөліп сурет салады:

- Сол жақта – артықшылықтар (жылдамдық, көмек, талдау, тиімділік).
- Оң жақта – кемшіліктер (тәуелділік, адам рөлінің азаюы, этикалық сұрақтар).

Мақсат:

AI-дың екіжақты табиғатын визуалды түрде түсіну.

IV. ҚОРЫТЫНДЫ БӨЛІМ (10–15 мин.)

Қатысушылардың пікірлері мен ұсыныстары. Кері байланыс анкетасын толтыру.

Қорытынды сөз: Құрметті әріптестер!

Бүгін біз ХХІ ғасырдың ең қуатты құралы – жасанды интеллекттің мүмкіндіктерімен таныстық. Жасанды интеллект құралдары туристік-өлкетану бағытындағы сабақтарды жандандырып, оқушылардың зерттеу дағдыларын, цифрлық сауаттылығын және шығармашылық қабілеттерін арттырады.

Бүгінгі сабағымыздың басты түйіні «ЖИ – мұғалімнің орнын баспайды, бірақ оның мүмкіндігін кеңейтеді. Біздің міндет – оны дұрыс бағытта қолдану.»

Оны тиімді қолдана білсек, ол бізге оқушылардың қызығушылығын оятуға, жеке білім траекториясын құруға және ең бастысы – заман талабына сай мұғалім болуға көмектеседі.

Ендеше, болашаққа сеніммен қадам басайық!

Жасанды интеллект – технология ғана емес, жаңа мүмкіндіктер әлемінің кілті.





Мектеп музейі – туған өлке тұлғаларын зерттеудің қайнар көзі (шеберлік сағаты)



АБИЛПЕИСОВ
Жәнібек Тастайбекұлы,
Ақжайық аудандық
БЖТжЭО-ның ҚББП-і
Ақжайық ауд., БҚО

Кіріспе

Мектеп музейі – ұлттың жады мен рухани тамырын сақтайтын киелі орын. Ол жас ұрпақтың туған өлке тарихына, жергілікті тұлғалардың өмір жолына деген құрметін арттырып, ел тарихына қызығушылығын оятады. Осындай музейлерде жинақталған деректер мен жәдігерлер ұрпақтар сабақтастығының, елдің рухани тұтастығының айғағы болып табылады.

Мақсаты:

– туған өлке тұлғаларын зерттеу арқылы оқушылардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру және заманауи технологияларды пайдалана отырып, музей жұмысын жаңа деңгейге көтеру.

Негізгі міндеттері:

- тарихи деректер мен мәліметтерді жинау, талдау, цифрландыру;
- мектеп музейін виртуалды кеңістікке шығару;
- тарихи тұлғалардың өмірі мен еңбегін заманауи әдістермен таныстыру.

Жасанды интеллект мүмкіндіктері және музей жұмысы

Қазіргі таңда жасанды интеллект (келесіде - ЖИ) ғылыми-зерттеу мен шығармашылық үдерістің ажырамас бөлігіне айналды. Мектеп музейінің қызметінде ЖИ құралдарын пайдалану зерттеудің тиімділігін арттырып, тарихи мұраларды жаңа форматта ұсынуға мүмкіндік береді.

ЖИ көмегімен:

- тұлғалардың өмірбаянын талдау және жүйелеу;
- аудио және бейне жазбаларды мәтінге айналдыру;

– көрмелер мен мәтіндерді автоматты түрде әзірлеу мүмкіндігі бар.

Бұл тәсілдер оқушылардың дербес зерттеу дағдыларын дамытып, музей материалдарын танымдық әрі тартымды етіп көрсетеді.

Туған өлке тұлғалары – рухани тамыр

Әр өңірдің өз тарихы мен рухани алыптары бар. Олардың өмір жолы – ұлттың айнасы, тарихтың сабақтары. Мектеп музейі сол тұлғалардың мұрасын жинақтап, болашақ ұрпаққа жеткізетін маңызды мәдени-танымдық орталық ретінде қызмет етеді.

Тұлғалардың өмірі мен еңбегін зерттеу арқылы оқушылар ел тарихын терең түсініп, туған жерге деген сүйіспеншілігін арттырады.

Цифрлы дәуірдегі мектеп музейі

Бүгінгі мектеп музейі – тек экспонаттар



жиынтығы емес, интерактивті білім мен зерттеу орталығы. Цифрлы технологиялар мен мультимедиялық құралдардың бірігуі музейді жаңа деңгейге көтереді.

Мұндай форматтағы музейде:

- виртуалды көрмелер,
- сандық архивтер,
- дыбыс, бейне және 3D экспозициялар жасақталады.

Бұл тәсілдер оқушыларға тарихи материалдарды өз бетінше зерттеп, шығармашылық тұрғыда ұсынуға жол ашады.

Музейде жасанды интеллект құралдарын қолдану тәжірибесі

Қазіргі таңда мектеп музейінде қолдануға болатын бірнеше тиімді ЖИ және цифрлық құралдар бар:

- ChatGPT – тұлғалардың өмірі мен идеяларын талдап, мәтіндер әзірлеуге мүмкіндік береді.
- Canva – инфографика мен цифрлық плакаттар жасауға арналған онлайн дизайн құралы.
- StoryMapJS – тұлғаның өмір жолын интерактивті карта түрінде көрсетуге мүмкіндік береді.
- Google Sites / Arts & Culture – виртуалды музей платформасын құруға қолайлы тегін құралдар.
- Speech-to-text технологиясы – естеліктер мен сұхбаттарды мәтінге айналдыруға мүмкіндік береді.

Бұл әдістер музейдің мазмұнын байытып, оқушылардың цифрлық сауаттылығын дамытады.

Зерттеу жұмыстарының жаңа тәсілдері

Мектеп музейі заманауи зерттеу алаңына айналып келеді. Мұнда:

- архив материалдарын цифрлау,

- жасанды интеллект арқылы деректерді талдау,
- тұлғалар туралы деректі әңгімелер жазу,
- оқушылардың шығармашылық жобаларын музей базасына енгізу сияқты жаңа бағыттар іске асуда.

Мұндай жұмыстар жас зерттеушілердің аналитикалық ойлауын дамытып, ұлттық мұраға деген жауапкершілік сезімін қалыптастырады.

Мектеп музейі – цифрлық зертхана

Қазіргі мектеп музейі – тарих қоймасы ғана емес, ғылыми-шығармашылық зертхана. Мұнда әрбір оқушы зерттеуші де, автор да бола алады. Туған жердің тарихын зерттеу арқылы ол рухани жауапкершілік пен отансүйгіштік қасиеттерін дамытады.

Музей кеңістігін цифрлық форматта дамыту – ұлттық мәдениеттің жаңа қырларын ашып, болашаққа бағытталған маңызды қадам.

Қорытынды

Туған өлке тұлғалары – халқымыздың рухани шырағы.

Мектеп музейі – сол шырақты болашақ ұрпаққа жеткізуші қасиетті орын.

Ал жасанды интеллект – сол шырақтың жарығын әлемге тарата алатын заманауи құрал.

Білім мен технологияның тоғысында тұрған бүгінгі музей – ұлт жадының тірі куәгері әрі келешекке аманат.

Түйін сөздер:

- #мектеп музейі
- # жасанды интеллект
- # туған өлке тұлғалары
- # цифрлық технология
- # ұлттық сана
- # зерттеу мәдениеті



3-секция: «Экологиялық мәдениетті қалыптастырудағы қосымша білім беру ұйымдарының рөлі және цифрлық білім беру ресурстары»



Облыстық экологиялық-биологиялық орталығының білім алушыларына далада экскурсия жүргізу (зерттеу жұмысы)



НУРЖАНОВА
Ботагоз Кабыловна,
облыстық экологиялық-биологиялық
орталығының ҚББП-і, педагогика
ғылымдарының магистрі,
Орал к., БҚО

***Аңдатпа.** Бұл мақалада облыстық экологиялық-биологиялық орталығының білім алушылары үшін ұйымдастырылатын дала жағдайындағы ботаникалық экскурсиялардың маңызы мен ғылыми-тәжірибелік құндылығы қарастырылған. Зерттеу барысында Борлы тауының жазық даласында геоботаникалық және флористикалық талдаулар жүргізіліп, фитоценоздың түрлік құрамы, доминант және эдификатор түрлердің арақатынасы анықталды. Сонымен қатар 1×1 м және 10×10 м алаңқайлар өлшеніп, өсімдіктердің проективті жабыны, жиілігі, молдығы Друде және Раменский шкалалары бойынша бағаланды. Ақселеу өсімдігінің морфометриялық көрсеткіштері өлшеніп, аймақта сирек кездесетін өсімдіктер – эфиопалық сәлбен мен тюринген хатма тіркелді. Зерттеу нәтижелері далалық экскурсиялардың оқушылардың практикалық дағдыларын дамытудағы және экологиялық білімін арттырудағы рөлін айқындайды.*

***Аннотация.** В этой статье рассматривается значение и научно-практическая ценность ботанических экскурсий, проводимых в условиях поля для обучающихся областного эколого-биологического центра. В ходе исследования на равнине горы Борлы были проведены геоботанические и флористические анализы, определен видовой состав фитоценоза, а также соотношение доминирующих и эдификаторных видов. Кроме того, были измерены участки размером 1×1 м и 10×10 м и оценено проективное покрытие растений, их частотность и численность по шкалам Друде и Раменского. Были измерены морфометрические показатели растения акселеу, а также зафиксированы редкие растения региона — эфиопский шалфей и хатма тюрингенская. Результаты исследования подчеркивают роль полевых экскурсий в развитии практических навыков учащихся и повышении их экологического образования.*

***Кілт сөздері:** ботаникалық экскурсия, дала экожүйесі, фитоценоз, флоралық құрам, геоботаникалық талдау, Друде шкаласы, проективті жабын, морфометрия, экологиялық білім, облыстық экологиялық-биологиялық орталық.*

Ботаникалық экскурсиялар – өсімдіктер мен экосистемаларды зерттеу мақсатында ұйымдастырылатын іс-шаралар. Олар ғылыми зерттеу үшін деректер жинау, өсімдіктердің

биологиялық әртүрлілігін, экологиялық ерекшеліктерін және табиғаттың сақталуын зерттеу үшін маңызды. Бұл экскурсиялар табиғатпен тығыз байланыста болып, зерттеушілер мен

қоғамның экологиялық сана-сезімін көтеруге көмектеседі. «Экскурсия» сөзінің түпкі мәні латын тіліндегі «excursio» терминінен алынады, ол бүгінгі күні «сапар», «серуендеу» деген мағына береді. Басында бұл сөз «әскери шапшаңдық», кейіннен «серуенге шығу», «жорық» деп белгіленген. Аталған термин Ресейде ХІХ ғасырдан қолданылып келе жатыр. Экскурсия – бұл жеке тұлғаның уақытша болатын елдегі (жердегі) туристік ресурстарды танымдық мақсатта жиырма төрт сағаттан аспайтын уақытқа барып көруі. Яғни, бір тәуліктен аспайтын сапар «экскурсия» деп аталады. Сайып келгенде, экскурсия – ғылыми, білім беру, танымдық, мәдени-ағарту, демалу және басқа да мақсаттарда белгілі бір орындарға ұйымдастырылатын ұжымдық сапар немесе жорық [1].

Экскурсияның даму жолы оның мәнінің өзгеруімен тікелей қабысады. Бастапқыда ол практикалық міндеттері бар серуен болды, мысалы, дәрілік шөптерді іздестіру, т.б. Бұдан кейін ол алдына ғылыми міндеттерді: мысалы, өлкетану музейлеріне арнап жәдігерлер іздестіруді, т.б. қойды. Біліктілікті арттырудың жаңа тұрпаттарын іздестіру экскурсия алдына жалпы білім беру мақсатын шығарды. Ал тәрбие жұмысын жақсартуға деген ұмтылыс экскурсияның мәдени-ағарту жұмыстарының біріне айналдырды. Сөйтіп, қазіргі таңда экскурсия өзінің арнайы функциясы мен белгілері, өзіндік жеке-дара әдісі бар біртұтас жүйе ретінде бағаланады [2].

Экскурсияның негізгі функциялары оның негізгі қасиетін қарастырады. Оның бес функциясы бар: ғылыми насихат (танымдық), ақпараттық, бос уақытты мәдени ұйымдастыру, қызығушылықты қалыптастыру, мәдени ой-өрісті кеңейту.

Танымдық – ең негізгі функциясы. Экскурсия саяси, ғылыми, көркемдік және басқа да көзқарастарды игеруге көмектеседі. Экскурсия ғылым жетістіктерін, ғарышты жаңа зерттеу туралы, археологтардың ашулары, спортшылардың жеңістері, мәдениет саласының жаңалықтары, т.б. ақпараттарды қамтиды. Экскурсия радио, теледидар, лекция сияқты ақпарат көздерінен жоғары дәрежедегі көрнекілігі және тыңдаушыларға әсер етуі арқылы ерекшеленеді. Мысалы, облыстық экологиялық-биологиялық орталығы үйірме оқушыларына қоршаған ортамен қарым-қатынас орнатуда түрлі танымдық экскурсиялар мен шеберлік сағаттарын өткізеді.

Экскурсия біліммен қатар бос уақытты мәдени өткізуге мүмкіндік береді. Адамның рухани қажеттілігін қамтамасыз етеді. Экскурсияның

түрлі білім беретін оқу формалары арасында - білімді жүйелеу, ақпараттарды іріктеу, т.б. өзіндік орны бар. Білім нақты бағытта оқу және өндірістік экскурсиялар кезінде қалыптасады. Мысалы, үйірме оқушылары сабақтарынан бос уақыттарында орталықтың жылыжайы мен тірі табиғат бұрышында орналасқан жан-жануарлармен қызықты тәжірибелік зерттеулер, бақылаулар жүргізеді.

Мәдени ой-өрісті кеңейту функциясы музей экскурсияларында айқын байқалады, ал сауықтыру функциясы қала маңында өткізілетін экскурсиялардан көрінеді – суға түсу, тауға шығу, шаңғы тебу сияқты әрекеттерде. Ал бізде мұндай функцияны орталық жанынан құрылған хайуанаттар бағы, тәлімбақтар мен дендрарийлер атқарады.

Даладағы ботаникалық экскурсиялар – дала экожүйелеріне тән бірегей флорамен танысудың тамаша тәсілі. Мұндай экскурсиялар көбінесе көктем-жаз мезгілдерінде ұйымдастырылады, себебі бұл уақытта шөптер мен сирек кездесетін өсімдіктер, мысалы, ақселеу, қызғалдақ, сәлбен және басқа да өсімдіктер гүлдейді. Далада дәрілік өсімдіктерді де, Қызыл кітапқа енгізілген түрлерді де кездестіруге болады.

Дала экожүйелері қатал климаттық жағдайларға бейімделген ерекше флористикалық құрамымен сипатталады. Далаға жасалатын ботаникалық экскурсиялар ғылыми маңызға ие, өйткені олар флораны табиғи тіршілік ету ортасында зерттеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл экскурсиялар сабақтастық процестерін, өсімдіктердің құрғақ жағдайларға бейімделуін және экожүйеге антропогендік әсердің рөлін түсінуге ықпал етеді [3].

Ғалымдар дала терминінің шекарасын әртүрлі түсінеді. Географ П. С. Берг «Табиғат деп ормансыз, су астында қалмайтын батпақсыз-қара топырақта бүкіл вегетациялық кезеңде шөптесін өсімдіктер қауымдарымен жамылған кеңістікті айтамыз» деп анықтаған. Бұл анықтамада назар аударатын нәрсе – «ормансыз» деген сөз. Демек, Берг дала аймағынан өтпелі алқап, орманды даланы шығарып тастап, оны өз алдына «орманды дала» аймағына жатқызады.

В.В. Алехин (1951) анықтамасы бойынша, «дала дегеніміз - құрғаққа төзімді (құрғақ сүйгіш) өсімдіктері түйіскен шөптесін өсімдіктердің қара немесе қоңыр топырақтарда өсетін ылғалдың жеткіліксіздігі жағдайындағы типі». Нағыз далаларда шымды астық тұқымдастардың және құрғақшылыққа төзімді әртүрлі шөптердің болуы

тән. В. В. Алехин далаларды шөптесін өсімдіктер типіне жатқызады. Дегенмен ол орманды даланы дала аймағына жатқызады. Дала аймағында ормандар тек өзен арналары шекараларында ғана кездеседі, ал басқа аумақтарда кездеспейді деп айтуға болады [4].

XIX ғасырдың аяғында отандық географияда үстемдік еткен В. В. Докучаевтың географиялық мектебінің пайда болуымен дала аймағының теориялық және практикалық зерттеулерінің сапасы жаңа деңгейге көтерілді. Табиғи ормансыз даланың себептері, орман мен дала арасындағы табиғи және антропогендік қатынас, отандық ботаника мен топырақтанудың дамуына түрткі болған өтпелі жолақтың болуы туралы ұзақ пікірталастар туындады. Бұл мәселелерді әзірлеуге дала аймағының барлық дерлік зерттеушілері қатысты, олардың арасында маңызды рөл Георгий Николаевич Высоцкийге тиесілі.

Г. Н. Высоцкийдің пікірінше, орманның басты жауы – дала өсімдіктері. Табиғи жағдайда орман өсіру болмаған кезде орман далаға ауысады. Г. Н. Высоцкийдің көптеген идеялары қазіргі уақытта дала ландшафттарын зерттеушілер үшін теориялық маңыздылығын сақтап келеді, ал ғалымның кейбір мәлімдемелері көпжылдық пікірталастардың тақырыбы болып табылады. Г. Н. Высоцкийдің жұмыстары орманды дала өсірудің ғылыми негіздерін құруда, орман мен дала арасындағы қарым-қатынас мәселелерін шешуде, дала аймағының табиғи ормансыз қалмау себептерін анықтауда маңызды рөл атқарды [5].

Далаға ботаникалық экскурсиялар кезінде зерттеушілер дала экожүйесінің құрылымы мен қызметін түсіну үшін ғылыми маңызы бар бірнеше негізгі аспектілерге назар аударуы керек. Дала фитоценозы – бұл дала экожүйесінің ерекше жағдайында дамиды өсімдіктер қауымдастығының жиынтығы. Дала фитоценоздары климаттық және топырақ жағдайлары, биотикалық және абиотикалық факторлардың әсерінен қалыптасады және аймақтың биоәртүрлілігі мен экологиялық тұрақтылығын сақтауда маңызды рөл атқарады.

Фитоценозды зерттеуді оның флоралық құрамын анықтап, өсімдік түрлерінің тізімін жасаудан бастау керек. Флоралық құрам - фитоценоздың маңызды белгісі. Көп жағдайда оған сипаттама бергенде, тек қана күрделі өсімдіктерге және қыналарға көңіл бөледі. Олармен бірге қауымдастық құрамына балдырлар, саңырауқұлақтар, бактериялар және актиноми-

цеттер кіретінін де ескерген жөн. Өсімдіктер қауымдастықтарына терең талдау жасау үшін және бір-бірімен салыстыру үшін олардың флоралық құрамын, флоралық байлығын және флоралық толықтығын білу қажет.

Белгілі бір ауданның өсімдіктерін зерттегенде оның флорасымен жалпы танысып қана қоймай, әрбір фитоценоздың және әрбір ассоциацияның флоралық құрамына баса көңіл аудару керек. Ассоциация /лат. *associatio* – қосылу, қосылған/ – өсімдіктер қауымдастықтарын жіктеу жүйесінің негізгі өлшемі. Ассоциация дегеніміз – белгілі бір орында табиғи түрде пайда болған, құрамды және тіршілік жағдайлары біркелкі қауым [6].

Фитоценоздағы түрлердің жалпы тізімі осы аймақта қандай өсімдіктер кездесетінін анықтайды. Фитоценоздағы түрлердің және топтардың арақатынасын анықтау фитоценоздың қоршаған ортамен, ондағы өсімдіктердің, олардың ұқсастық немесе айырмашылық деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Осы белгілер фитоценоздың шаруашылық сипатын, ондағы түрлердің құндылығын немесе аз маңыздылығын, тіпті паразитті өсімдіктердің сандық мөлшерін анықтауға мүмкіндік береді.

Фитоценозға толықтай сипаттама беруде түрлердің сандық қатынасы жиілігі, жабыны және фитоценоздың әрбір аймағында орналасу сипаты берілуі керек.

Фитоценоздағы түрлердің жиілігі үш әдіс бойынша анықталады:

1. Субъективті (көзбен өлшеу) бағалау әдісі.
2. Аймақтағы жеке түр бірліктерінің санын (тығыздылығын) анықтау әдісі.
3. Өлшеп талдау әдісі.

Көзбен өлшеу әдісінде жиілігін анықтауда арнайы шкала пайдаланылады. Қазіргі уақытта фитоценоздағы түрлердің жиілігін анықтауда геоботаник О. Друде шкаласы бойынша белгілеу жиі қолданылады (1-кесте).

1-кесте. Друде шкаласы бойынша фитоценоздың молдығын бағалау

Socialis (soc)	Өсімдіктер фон түзеді, олардың жербетілік үлестері өте көп
Copiosus (cop)	Фитоценозда өсімдік өкілдері жиі кездеседі, яғни саны көп
Sparsus (sp)	Өсімдіктердің кездесуі салыстырмалы түрде көп емес
Solitarius (sol)	Өсімдік сирек кездеседі

Төрт балдық Друде шкаласы кейде үш деңгейде алты балдық жолмен анықталады. Мысалы: *cop1*,

сор2, сор3. Кейбір авторлар Друде шкаласын пайдалана отырып unicusn (un) бағалауын енгізіп, яғни есепке алу алаңында өсімдіктердің бір ғана данасы болған жағдайда. Друде шкаласы бойынша түрлердің молдығын бағалау (2-кесте).

2-кесте. 6-балдық Друде шкаласы бойынша фитоценоздың молдығын бағалау

Друде бойынша	Алты балдық жүйе бойынша	
	Сандық	Сөздік түсіндірме
Socialis (Soc)...	6	Жиі, мол (өте көп)
Copiosus сор3...	5	Мол
Сор2...	4	Жеткілікті мол
Сор1...	3	Сиректеу
Sparsus (sp)	2	Сирек (аз)
Solitarius (sol)	1	Санаулы (өте аз)

Жиілікті Друде шкаласы бойынша көзбен өлшеу шөптесін өсімдіктерді және олардың ярус-тарын 100 метрлік алаңқайлар арқылы анықтауда пайдаланылады [7].

Сонымен қатар, өсімдіктер қауымдастықтарының доминант түрлерін зерттеу ботаникалық және экологиялық-биологиялық ғылымдардың маңызды аспектісін білдіреді. Бұл бағыт дала экожүйелерінің құрылымы мен қызметінде шешуші рөл атқаратын өсімдік түрлерін зерттеуді қамтиды.

«Доминант» және «эдификатор» түсініктерінің айырмашылығы мынада: эдификаторлар – өсімдіктер қауымдастығының ортасын анықтайтын доминанттар. Олай болса, әрбір эдификатор доминант бола алады, бірақ әрбір доминант эдификатор бола алмайды. Мысалы, бетеге арасындағы шөптесін жамылғыда ақселеу басымдық көрсететін өсімдік, мұндағы бетеге – эдификатор, ал ақселеу тек доминант болып табылады. Демек, «доминант» ұғымы «эдификатор» ұғымымен салыстырғанда кең мағынаны білдіреді [8].

Алаңшалардың жабыны немесе проективті жабын дегеніміз – топырақтың бетіндегі барлық өсімдіктердің немесе популяциядағы түрлердің, жеке өсімдіктердің көлденең (горизонтальды) проекциясы. Ол жер бетінің жалпы алаңшасының жабынының пайыздық 100% көрсеткішімен есептеледі. Шөптесін өсімдіктер үшін проективті жабынды анықтау әдісін Л. Г. Раменский ұсынды. Өсімдіктерді көзбен және проекциялық өлшеуде 10 балдық шкаламен анықтауға болады. Проекцияның жалпы қосындысы 100% көрсеткішпен белгіленеді [9] (кесте 3).

3-кесте. Өсімдіктер жамылғысының проективті жабынын анықтау көрсеткіші

Балл	Өсімдіктер жабын деңгейіне сипаттама	Жабын (процент немесе бөлшекпен)
10	Толық жабылған	100-90
9	Өте мол жабын	90-80
8	Мол жабын	80-70
7	Айтарлықтай мол жабын	70-60
6	Жеткілікті	60-50
5	Байқалатын бөлшектенген	50-40
4	Өте қатты бөлшектенген	40-30
3	Аз жабынды	30-20
2	Өте аз жабынды	20-10
1	Жабын жоқ деуге боларлық	10 төмен

Біздің зерттеу аймағымыздың GPS координатасы 51008'22.6"N, 51019'33.4"E Борлы таудың жазық даласы болды. Жазықтық аймақта геоботаникалық және флористикалық талдаулар жасалды. 10x10 м алаңқайлар өлшеніп, периметрі мен диагональдары бойынша жүру арқылы өсімдік түрлері анықталды. Салыстырмалы түрде біз үш алаңқайды өлшедік (сурет 1).



Сурет 1. 10x10м алаңқайларды өлшеу процесі

Сонымен қатар 1x1м алаңқайлар өлшеніп, флора түрлері анықталып, ақселеу өсімдігінің жалпы көлемі және масақшаларының ең ұзын, орташа, ең кіші ұзындықтарының өлшем бірліктері алынды (кесте 4).

4 кесте. Ақселеу өсімдігінің өлшем бірліктері

Ақселеу	№1	№2	№3	№4	№5	№6
Көлемі	25 см	15 см	8 см	20 см	42 см	16 см
Ұзын	50 см	50 см	45 см	90 см	73 см	68 см
Орташа	28 см	30 см	35 см	65 см	49 см	25 см
Кіші	18 см	13 см	21 см	16 см	25 см	15 см

Дала зонасының қоңырбасты-ақжусанды қауымдастығында жалпы өсімдіктердің 20 түрі, бетегелі-ақселеулі қауымдастықта 18 түр, ақжусанды-бидайықты қауымдастықта 16 түр анықталды. Жалпы аталған қауымдастықтардың флоралық құрамында ақселеу, бетеге, ақ жусан, қоңырбас, эбелек, қиякөлең, мыңжапырақ, жауылша, қазтабан, сүттіген, арпабас, сыпыртқы, жауқияқ, төскейшөп, киікоты, жолжелкен, гүлкекіре, аюқұлақ, шырмауық, түйетікен, шашыратқы, көк шытырша, қасқыржем, балпанақ, андыз, сәлбен, інжугүл, қызылбояу, сасықшөп, шайқурай, жебіршөп, түйеошаған, шегіргүл, жоңышқа сияқты өсімдіктер кездеседі. Соның ішінде біздің облысымызда сирек кездесетін екі түрді ерекше атап өту керек (сурет 2).

Дала аймағы ботаникалық экскурсиялар үшін



Сурет 2. Ефиопалық сәлбен (*Salvia aethiopsis* L.) мен Тюринген хатьма (*Lavatera thuringiaca* L.)



бай объект болып табылады, себебі ол білім алушыларға өсімдік жамылғысын, экожүйелік процестерді және табиғатқа антропогендік әсерді зерттеуге бірегей мүмкіндіктер береді. Далаға экскурсиялар жасау облыстық экологиялық-биологиялық орталықтың білім алушылары үшін практикалық дағдыларды дамытуға, экология мен ботаника саласындағы білімді тереңдетуге, сондай-ақ қоршаған ортаға саналы көзқарасты қалыптастыруға ықпал етеді [10].

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Байгунаков Д. С. Экскурсиялық іс: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 17-19 б.
2. Емельянов Б. В. Экскурсоведение. Учебное пособие. – М., 2007. – 182-185 б.
3. Сағындықов Ж. Өсімдіктер географиясы / оқулық/. – Алматы 1997, 277 бет.
4. Бедарев С. А. Учебное пособие по фитоценологии. Алма-Ата, Каз.ГУ, 1989. 61 б.
5. Мордкович В. Г. Степные экосистемы / В. Г. Мордкович; отв. ред. И.Э. Смелянский. - 2-е изд. испр. и доп. Новосибирск: Академическое издательство «Гео», 2014. - С. 170.
6. Быков Б. А. Геоботаника. Алма-Ата, 1978. 288 б.
7. Шенников А. Т. Введение в геоботанику. – Л.: ЛГУ, 1981. С.9-15.
8. Әметов Ә. Ә. Ботаника. - Алматы: Дәуір, 2005, - 512 бет.
9. Ахметжанова А. І., Әуелбекова А. Қ., Жомартова Г. Ж. Өсімдіктер морфологиясы мен анатомиясынан далалық практика: Оқу-әдіст. құралы. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2004.- 128 бет.
10. Арыстанғалиев С. А., Рамазанов Е. Р. Расчтения Казахстана. -Алма-Ата, 1977. - 288.



Табиғатты және сандық технологияны бір уақытта танып-білуде мектеп жылыжайының маңызы (шеберлік сағаты)



КАУМБАЕВА
Фиягуль Кубиновна,
облыстық экологиялық-биологиялық
орталығы өсімдіктер бөлімінің
менгерушісі, педагог-зерттеуші,
Орал қ., БҚО

Бүгінгі таңда білім беру үдерісіне жаңа талаптар қойылып, заманауи технологиялар мен экологиялық тәрбиенің үйлесімділігі маңызды мәселеге айналды. Осы орайда мектеп жылыжайының маңызы арта түсуде. Жылыжай - оқушылардың табиғатпен тікелей байланысын қамтамасыз ететін, сонымен қатар сандық технологиялармен жұмыс істеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік беретін ерекше орта. Бүгінгі заманауи білім беру жүйесінде оқушыны тек оқулықпен ғана емес, тәжірибе арқылы да оқыту маңызды.

Осы тұрғыда мектептегі жылыжай табиғатты зерттеудің, еңбекке баулудың және цифрлық технологияларды қолданудың тиімді құралына айналып отыр.

Жылыжай - тірі табиғатпен танысудың алаңы. Мектеп жылыжайы оқушыларға өсімдіктердің өсуін бақылауға, күтім жасауға, табиғи ортада болып жатқан процестерді түсінуге көмектеседі. Балалар тұқым себуден бастап, өнім жинауға дейінгі кезеңді өз көздерімен көріп, қолымен жасайды. Жылыжай - тірі зертхана. Мектеп



жылыжайы - оқушылардың өсімдіктердің өсуі мен даму процесін бақылап, агротехнология негіздерін тәжірибе жүзінде үйренетін орны. Мұнда топырақтың құрамы, суару тәртібі, жарық пен температура режимдері секілді көптеген биологиялық және экологиялық факторлармен танысады. Жылыжайда жұмыс істеу оқушыны еңбекқорлыққа, табиғатты аялауға, ұқыптылыққа тәрбиелейді. Бұл - тек биология емес, сонымен қатар экология, информатика, физика пәндерінде алған білімді өмірде қолдануға үлкен мүмкіндік.

Қазіргі білім беру үрдісінде оқушылардың экологиялық санасын қалыптастыру мен заманауи технологияларды меңгерту - басты мақсаттардың бірі. Осы орайда мектептегі жылыжайдың рөлі ерекше. Жылыжай - табиғатпен етене танысып, өсімдіктердің өсуі мен дамуын бақылауға мүмкіндік беретін, сонымен қатар, цифрлық технологияларды қолдануға жағдай жасайтын тәжірибелік алаң.

Мектеп жылыжайы арқылы оқушылар:

- өсімдіктердің өсу кезеңдерін бақылайды;
- тыңайтқыштар мен суару жүйелерін қолдану әдістерін үйренеді;
- ауа температурасы, ылғалдылық, жарық режимі сияқты факторлардың әсерін зерттейді.

Бұған қоса, оқушылар цифрлық құрылғылар мен қосымшалар көмегімен:

1. Өсімдіктердің түрін QR-код арқылы анықтай алады:

- анықталған өсімдіктің сипаттамасын QR-кодқа айналдырып, жылыжайда немесе сыныпта

іліп қоюға болады;

- оқушылар телефонмен сканерлеп, толық ақпарат ала алады.

2. PictureThis, PlantNet секілді мобильді қосымшаларды пайдаланып, ғылыми зерттеу жүргізеді:

- қосымшаны жүктейді және орнатады;
- телефонның Play Market қосымшасына кіріп, «PictureThis», «PlantNet» деп іздейді;
- қосымшаны орнатады;
- өсімдікті анықтау үшін басты беттегі камера белгішесін басады;
- өсімдіктің жапырағын, гүлін немесе сабағын жақыннан түсіреді;
- қосымша сізге өсімдіктің атауы, отаны, түрі және күтімі туралы мәлімет береді.

Бұл - экологиялық білім мен IT сауаттылықты қатар дамытудың тиімді жолы. Оқушылар табиғатқа жауапкершілікпен қарап, ғылымға қызығушылықты, зерттеушілік қабілеттерін дамытады.

Мектеп жылыжайы - білім беруді тәжірибемен ұштастыратын, табиғат пен технологияны үйлестіретін маңызды құрал. Оның көмегімен оқушылар қоршаған ортаны құрметтеуді және жаңа технологияны тиімді қолдануды қатар меңгереді. Мектеп жылыжайы - табиғатты зерттеудің, технологиямен жұмыс істеудің және шығармашылық ойлаудың тамаша ортасы. Мұндай бірегей алаңдар оқушылардың жан-жақты дамуына жол ашады. Табиғат пен сандық технологияны қатар меңгеру - болашақ ұрпақтың білімді де саналы болуына негіз болады.





Экоуроки в цифровом формате: как технологии помогают формировать экологическую культуру (мастер-класс)



ПОЛЯКОВА

Наталья Анатольевна,
учитель биологии КГУ ОШ №2,
ПДО СЮТ, педагог-эксперт,
г.Аксай, ЗКО

В современном образовательном процессе цифровые ресурсы становятся важным инструментом для повышения эффективности обучения и расширения возможностей для глубокого освоения материала. Особенно актуально это в области экологии, где знание о природных процессах и взаимодействиях требует использования современных технологий для точности, наглядности и удобства восприятия.

Как представить научную информацию по предмету так, чтобы она осталась в памяти ребенка, а знания перешли в прочные умения и навыки, применяемые не только на занятиях, но и в разных нестандартных ситуациях?

Цифровые ресурсы охватывают широкий спектр инструментов, которые могут использоваться для различных образовательных целей. Цифровые ресурсы позволяют значительно улучшить восприятие и понимание экологических процессов, предлагая визуальные и интерактивные формы подачи информации, что делает изучение экологии более увлекательным и доступным для учащихся.

Цель: создание оптимальных условий для повышения качества обучения учащихся по предмету «экология» через внедрение новизны в деятельность и увеличение интереса к работе с цифровыми ресурсами.

В своей работе я использую различные формы и методы. Это и внеклассные мероприятия, и экскурсии, а также научные проекты, лекции, конференции, викторины.

Для составления КСП использую сайт «Класс КЗ» <https://class-kz.ru/uchitelyu>.

Ресурс содержит в себе прямые ссылки на полезные статьи, образовательные тесты, поурочные планы, учебные конспекты и многое другое, что может помочь как ученику, абитуриенту, студенту так и преподавателю в подготовке к уроку, экзамену или аттестации.

В начале своих занятий я использую метод «Мозговой штурм». Для этого применяю такие платформы, как <https://joyteka.com/100078824>, http://rebus1.com/index.php?item=rebus_generator и <http://zagadki1.ru/index.htm>.



Для учащихся среднего звена можно поиграть в игры на платформе <http://www.sheppardsoftware.com> на актуализацию знаний по теме «Пищевые цепи», также можно использовать эту платформу и для старшего звена.

Для знакомства с окружающим миром интересная платформа BioMio <https://itunes.apple.com/app/id519721228>, <https://play.google.com/store/apps/details?id=air.BioMio>

Из BioMio дети узнают о существовании простых экологических групп, таких как животные, растения и объекты неживой природы, и как эти группы взаимосвязаны. Дети выбирают один из трех ландшафтов (лес и пруд, море и подводный мир, река) и приступают к изучению выбранной экосистемы. Все просто, ясно и красочно.

На своих занятиях я часто использую видеоуроки. Для этого пользуюсь такими платформами, как <https://elorda-mektep.kz/>, https://www.youtube.com/watch?v=oa5oTXKdaCw&ab_channel=ELARNA, МЕКТЕП OnLine БИОЛОГИЯ, <https://www.youtube.com/watch?v=tqPX-4O34j8>, https://www.youtube.com/watch?v=cVmA5d_yrzI, <https://www.youtube.com/watch?v=3DxpsaPpiX8>

Часто применяю электронные учебники на

таких платформах, как <https://foxford.ru/wiki/okruzhayuschiy-mir/chto-izuchaet-ekologiya>, <https://childrenscience.ru/courses> и https://ekolog.org/books/8/8_1.htm

Ну и, конечно же, идя в ногу со временем, использую чат-бот GPT и не только.

Нейросеть онлайн – это программа в интернете для решения любых задач. От написания текста и сочинений до консультаций по различным вопросам. Чат-бот GPT экономит ваше время на поиск и редактирование информации, поэтому любая работа теперь требует меньше сил и времени. Теперь всем доступна нейросеть онлайн бесплатно, предлагая потрясающую возможность увидеть мощь искусственного интеллекта в действии.

На закрепление изученного материала использую такие сайты и платформы:

<https://edu.skysmart.ru/> интересный ресурс, используемый мной при создании домашних заданий, – интерактивная тетрадь издательства «Просвещение» совместно со Skysmart (школьное направление компании Skyeng) www.edu.skysmart.ru. Этот проект позволяет учителям отправлять детям практически в один клик задания в соответствии с основной школьной программой и учебным планом. Возможность работать в тетради



с разных устройств – дополнительный плюс для многих детей и преподавателей.

Учитель сам корректирует время на выполнение домашнего задания, устанавливает срок сдачи, а также может скрыть правильные решения во избежание списывания. Кроме того, процесс выполненной работы также доступен учителю. Оценки система выставляет самостоятельно.

Еще одним веб-ресурсом является <https://quizizz.com>. Это приложение было создано в 2015 году и пользуется огромной популярностью во всем мире. С помощью этой платформы можно создавать увлекательные викторины, проверочные работы, тесты, внеклассные мероприятия. Готовые или созданные тесты можно использовать как одну из форм домашнего задания.

Учащиеся могут выполнить домашнее задание на любом устройстве с доступом в интернет. Учитель отслеживает результаты.

Этапы работы на данной платформе следующие:

1. Регистрация учителя.
2. Настройка личного кабинета.
3. Создание нового (собственного) теста.
4. Настройка параметров теста (начать живую викторину или назначить домашнее задание).
5. Передача ссылки с кодом теста ученикам (для выполнения домашнего задания). Выполнение теста учениками.
6. Просмотр результатов теста учителем.

Важно помнить, что цифровые технологии — это не цель, а средство. Главная задача — воспитать экологическую ответственность, показать, что каждый человек может влиять на состояние планеты. Поэтому учителю важно сочетать цифровые форматы с практической деятельностью: посадкой деревьев, раздельным сбором мусора,

участием в экологических акциях.



Мои воспитанники ведут активный образ жизни, свои знания часто применяют на практике. Участвуют в различных конкурсах и акциях. Ежегодно ребята мастерят кормушки, скворечники, так же высаживают деревья, цветы на пришкольном участке, убирают территорию школьного двора. Результаты нашей деятельности я отобразила в диаграммах.

Активисты экологического кружка, представляя научные проекты и участвуя в различных форумах, акциях и других мероприятиях, занимают призовые места не только на районном, но и на областном и республиканском уровнях.

Подводя итог, можно сказать, что экоуроки в цифровом формате — это эффективный инструмент экологического образования XXI века. Они делают процесс обучения интересным, доступным и современным, а главное — помогают формировать поколение людей, способных бережно относиться к природе и осознанно принимать экологические решения.

Работа педагога в экологическом кружке играет важную роль в формировании у детей экологического сознания и бережного отношения к природе. Через практические занятия и творческие проекты дети развивают знания о природе, учатся ответственности и сотрудничеству. Посещение таких кружков способствует развитию экологической культуры, формированию навыков критического мышления и активной жизненной позиции в вопросах охраны окружающей среды.

Мы — те, кто определяет будущее нашей планеты. И, как говорится, «тот, кто не меняет мир, тот изменяет себя». Давайте же вместе строить будущее, где забота об экологии станет частью каждого дня.





Сыр бойы – тарихи-мәдени мұралар мекені



ШАЙМЕРДЕН
Гүлмира Баймаханқызы,
Түркістан облыстық ЖТС-ның
туристік-археология бағытының
әдіскері, педагог-модератор,
Түркістан қ., Түркістан обл.

***Аңдатпа.** Қазақстан кең байтақ жерімен, көне тарихи мұраларымен, алуан түрлі ландшафтарымен әлемге әйгілі. Соның ішінде Сыр бойына саяхаттап келетін шет елдік және жергілікті туристер туризм саласының дамуына өз үлестерін қосып отыр. Туристердің келуімен қоса, туристік объектілер, жаңа туристік маршруттар, жол құрылыстары ерекше қарқынмен дамуда. Бұл мақалада жеке тұлғаның жан-жақты дамуына әсер ету, дүниетанымын қалыптастыру, өлкенің танымалдылығын арттырып, жас туристердің саяхаттап келуіне үлкен үлес қосу көзделген.*

***Аннотация.** Казахстан всемирно известен своими обширными землями, древним историческим наследием, разнообразными ландшафтами. В том числе иностранные и местные туристы, путешествующие по Сырдарье, вносят свой вклад в развитие туристической отрасли. С приходом туристов туристские объекты, новые туристические маршруты, дорожные сооружения развиваются необычными темпами. В данной статье предусмотрено влияние на всестороннее развитие личности, формирование мировоззрения, повышение популярности края и большой вклад в путешествие юнных туристов.*

***Кілт сөздер:** мәдени мұралар, Сыр бойы, патриоттық тәрбие, саяхат, экскурсия.*

Сыр бойы – тұнған тарих... Сыр бойындағы жер-су, көне қалалар мен тарихи орындар жайлы, сондай-ақ атақты адамдар туралы аңыздар ғалымдар мен зерттеушілердің ертеден-ақ назарын аудара бастаған.

Сыр бойы, Сыр - Сырдария өзенінің екі жағалауында орналасқан елдің, өңірдің жанама атауы. Сыр бойына: Қазақстанның Түркістан мен Қызылорда облыстарының батыс бөліктеріндегі аудандар, Өзбекстанның Сырдария өзені бойындағы жерлерінің шығыс жақ бөлігі жатады. Сырдың бойы сыр тұнған тарихи орындар мен ескерткіштерге бай. Солардың ішінде күллі түркіге ортақ тарихи тұлға, кемеңгер ойшыл, ғажайып әуезші Қорқыт бабаның құрметіне қойылған ескерткіштің бітімі бөлек, тағылымы зор. Әйгілі орыс ғалымы В. Жирмунскийдің

«Сырдария бойында Қорқытты қадірлеудің мың жылдық өнегесі бар» деген пікірінде шындық жатыр. Өйткені, бұл – Қорқыт атаның кіндік қаны тамған жер, Оғыз мемлекетінің астанасы Жанкентте дүниеге келген данагөй бабаның ғұмыр кешкен даласы, ақыреттік торқалы топырағы. Бабаның аңызы мен рухани-музыкалық мол мұрасын сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізген жер де – осы Сыр өңірі.

Қорқыт ата кешені – қазақ халқының ғана емес, барша түркі дүниесінің рухани тарихында ерекше орын алатын киелі орын - түркі руханиятының қасиетті мекені. Бұл кешен Қызылорда облысы, Қармақшы ауданындағы Жосалы кентінен 18 шақырым жерде, Сырдария өзенінің бойында орналасқан. Ескерткіш сәулет өнерінің айрықша үлгісі, кешен ұлы ойшыл, қобызшы, абыз Қорқыт

атаға арналып салынған. Қорқыт ата кешені алғаш рет 1980 жылы қарапайым қобыз бейнесіндегі ескерткіш ретінде бой көтерген. 1997 жылы кешен қайта жаңғыртылып, үлкен тарихи-мәдени кешенге айналды. Мемориалдық кешен мұражай, ескерткіштер, амфитеатр және «музыкалық құбырлардан» тұрады. Түркі рухани кеңестігінде Қорқыт ата бақсылық өнердің пірі, күйші, қобыз аспабын жасаушы, сәуегей ойшыл жырау, дана сөз үлгісін қалдырған тұлға болып танылады. Ол – түркі эпосының негізін қалаушы, болмыстың мәні, мәңгілік өмір, адамгершілік туралы терең ойлар қалдырған ойшыл қобыздың атасы атанған тарихи тұлға.

Қорқыт Ата — бұл түркі халықтарының мифологиясындағы бірегей тарихи тұлға. Ол X ғасырда өмір сүрген деп болжайды. Сырдария бойында туылған. Оғыз тайпасы Баян руынан. Әкесі - Қарақожа, шешесі - Қыпшақ қызы. Бірнеше күйлері бар: «Аққу», «Ұстаз», «Башпай», «Қоңыр», «Елім-ай, халқым-ай», «Желмая»,



Қорқыт станциясының түбінде.

Авторлары - Б.Ә. Ыбыраев, С. И. Исатаев.
(N045 36.222, E063 56.150)

«Арыстан баб», «Тарғыл тана», «Сарын», т.б.

Ал, «Қорқыт ата» кітабы - қаһармандық эпос үлгісі, оғыз-қыпшақ дәуірінің жазба мұрасы. Зерттеушілердің айтуынша, Қорқыт ата кітабы бір жылда жасалған не бір ғана оқиғаға байланысты жазылмаған, ол халықтардың ауыз әдебиетінде ғасырлар бойы айтылып келген аңыздар мен жырлар негізінде қалыптасқан, ұзақ жылдарды қамтитын, тарихи ерлік кезеңдердің туындысы. Ол ертеде жыр, ертегі, әңгіме түрінде өмір сүріп келген, кейін біріктіріліп, үлкен бір эпосқа (жырға) айналған. Әдеби әрі тарихи этникалық мұра ретіндегі «Қорқыт Атаның кітабында» қазақ эпосына тән көркемдік кестелермен қатар қазақ тарихы мен мәдениетіне қосатын деректер де мол. «Қорқыт ата» кітабындағы 12 жырдың тақырыптары: Дирсеханұлы Бұқашжан туралы жыр, Қазан Салордың ауылын жау шапқан, Байбөрі баласы Бәмсі Байрақ туралы жыр, Қазан баласы Ораздың жауға тұтқын болуы, Ержүрек Домрул батыр, Қазылық оғыз баласы Игенек, Төбекөз дәуді өлтірген Бисат, Бекұлы Әмран, Қаңлы оғыз баласы Қан Төрәлі, Ұшан оғыз баласы Секірек, Қазан Салордың екінші жауға тұтқын болуы, Сыртқы оғыздардың ішкі оғыздарға қарсы бас көтеруі. Оның нақыл сөздері халық арасында әлі күнге қолданылады. Мысалы: «Ат тұяқты келеді, ақыл тілді келеді», «Ат шалдықпай жол бітпес, қанжар тимей жау қайтпас», «Анасыз қыз – жасауға жарамас, әкесіз ұл - ақылға жарымас», «Қыз анадан көрмейінше, өнеге алмас, ұл атадан көрмейінше, сапар шекпес», т.б.

Аңыз бойынша қобызды жасаған да ұлы даланың жырауы – Қорқыт ата. Аспапта тұңғыш ойнаған да, тұңғыш қобызшы сазгер де, саздың орындаушысы да өзі еді. Оның дүниеге әкелген қобыз аспабы мен күйлері қазақ халқы үшін мол мұра болып табылады.

Қызылорда қаласының тарихы мен Сыр бойының тарихи ескерткіші Қорқыт ата кесенесі туралы мәліметтер беру мақсатында Түркістан облысы білім басқармасы «Облыстық жас туристер станциясы» КММ-нің ұйымдастыруымен мекеме басшысы Сауле Өмірсерікқызы Өмірбаеваның басшылығымен Түркістан қаласы – Қызылорда қаласы – Қорқыт ата кесенесі бағытында Сыр бойының тарихи ескерткіші «Қорқыт ата» кесенесіне экскурсияға шықтық. Экскурсия кезінде оқушылар археологиялық, архитектуралық, тарихи-мәдени және әдеби ақпараттармен танысты. Оқушыларды мұражайда орналасқан жәдігерлердің тарихымен таныстырып қана қоймай, оларды өз көздерімен көріп,



қызығушылықтарын арттырды.

Экскурсия кезінде Қорқыт ата кешенін таныстыруды кешен қызметкерлері мен гидтер белсенді түрде жүргізді. Қорқыт ата ескерткіші - сәулет өнерінің айрықша үлгісі екенін, кешеннің сырт көрінісі жоғарыдан қарағанда қобыз тәріздес екенін айта отырып, бүкіл қазақ еліне танымал болған Қорқыт атамыз жайлы деректерді үйірмешілерге таныстырды. Бізбен бірге экскурсияға келген балалардың басым бөлігі кесенеге келіп көрмеген екен. Сәулет өнерінің айрықша үлгісіне таңданыстарын білдірген балалар өз қуаныштарын жасыра алмады. Өз өңірімізде де осындай ерекше туындының бар екендігіне қуанып, тың деректерді иеленді. Өсіп келе жатқан ұрпақ туған елінің тарихын білуге міндетті.

Біз, жас ұрпақ, осындай киелі мекендерге барып, тарихпен тілдескенде ғана өткенімізді сеземіз. Қорқыттың мұрасы – тек өткеннің емес, болашақтың да шамшырағы. Қорқыт ата кешені – жастарға рухани тәрбие беретін, тарихпен, дәстүрмен, өнермен ұштастыратын ерекше орталық. Мұнда келушілер тек Қорқыт жайлы ғана емес, қазақ халқының дүниетанымы, музыка өнері, көнеден жеткен рухани мұра туралы мол мағлұмат алады. Қорқыт ата кешені – түркі руханиятының тамырына терең бойлайтын, мәңгілік пен өткінші өмір туралы ойландыратын, тарих пен болашақты байланыстыратын қасиетті орын. Бұл кешен – тек сәулет нысаны ғана емес, ұлттық рухты оятатын, ұрпақты бірлікке, рухани жаңғыруға жетелейтін маңызды рухани орталық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Книга моего деда Коркута. Огузский героический эпос / Пер. Бартольда В.М. Ленинград, 1962.
2. Қорқыт-ата. Энциклопедиялық жинақ. А. «Қазақ энциклопедиясы». 1999. 105 б.
3. Қасқабасов С. Елзерде. Әр жылғы зерттеулер. – Алматы: Жібек жол, 2008. - 504 б.
4. Турсунов Е. Д. Истоки тюркского фольклора. Қорқыт. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. - 168 с.
5. Серікбол Қондыбай. Қорқыт Ата және уақыт//
6. <https://www.oner.kz/culturology/view/3966-korkyt-ata-zhane-uakyt>





ГАТАУОВ
Айбек Асанович,
Теректі АБЖТжЭО ҚББП-і,
педагог-сарапшы,
Теректі ауд., БҚО

Табиғат және мен

(эссе)



АМАНГЕЛДІ
Мадина Қуатқызы,
Теректі АБЖТжЭО
«Тақсай» үйірмесінің мүшесі,
Подстепный №2 ЖОББМ,
6 сынып оқушысы



*«Дені сау адам -
табиғаттың ең қымбат жемісі».*

Томас Карлайл

Табиғат пен адам - егіз ұғым. Табиғатсыз адамды, адамсыз табиғатты елестету мүмкін емес. Табиғат - барлық тіршілік атаулының құтты қоныс мекені. Адамды дүниеге алып келген аяулы да ардақты Анасы, сондықтан да адамның табиғатты «Ана» деп құрметтеуінде де өте терең танымдық, тағылымдық және тәрбиелік мән бар.

Жер бізге тек азық емес, ол – тыныс алатын ауамыздың, ішетін суымыздың, демалатын ортамыздың негізі. Егер жер тозса, табиғат бүлінсе, адамзаттың болашағы да бұлыңғыр болмақ. Өкінішке қарай, бүгінгі таңда ормандар кесіліп, өзен-көлдер ластанып, жануарлар жойылып жатыр. Сондықтан табиғатқа жанашырлықпен қарау – уақыт талабы. Біз жерімізді құрметтеп, ағаш отырғызып, суды үнемдеп, қоқысты азайту арқылы үлкен өзгеріс жасай аламыз. Табиғатты аялау арқылы біз өз өмірімізді, болашақ ұрпағымыздың амандығын қорғаймыз.

Табиғатқа қазақ халқы да ежелден ерекше көзқараспен қараған, етене жақын өмір сүрген. Оған дәлел бола алатын бірнеше факторлар бар. Солардың бірі - табиғатқа байланысты мақал-мәтелдер. Мысалы, «Жаңбыр жауса - жер көгерер, батаменен ел көгерер», «Бір тал кессең - он тал ек» және т.б. Осыған қарап, қазақ баласының сәби кезінен бұл құндылықтарды санасына тоқып өсетінін байқаймыз.

Мен де сондай қарапайым қазақтың қара баласымын. Табиғат туралы мақал-мәтелдерді жаттап, өсиет әңгімелерді тыңдап өскен, өлең-жырлармен сусындаған, әндерін бойына сіңірген мен үшін

оның орны ерекше. Сондықтан да болар, туған ауылымның экологиялық мәселелеріне бей-жай қарай алмаймын. Өлкеміздің әрбір кесілген терегіне, арнасы тартылған өзен-көлдеріне қарап, жас жүрегім ауырады. Кей кезде Жайық жағасында тұрып, табиғатына сүйсініп, таңдай қағып тамсанамын, ал кейбір кезде сиреген орманына, адам қолымен жасалынған қиянаттарына қарап, таңғаламын. Бұл көрініс маған өзің отырған бұтағыңды өз қолыңмен шапқандай болып көрінеді. Саналы түрде өз денсаулығына зиян келтіріп жатқандай әсер қалдырады. Бұл - жай ғана менің ауылымдағы көрініс, ал әлемдегі көрініс ше?..

Осы орайда ақын Қадыр Мырза-Әлі атамыздың «Табиғат және мен» өлеңі есімізге түседі:




Табиғаттан қол үзу де – бір қайғы.
Күйбең тірлік қызығыңды ұрлайды,
Банкеттегі хрустальдің сыңғыры
Жапырақтың сыбдырына тұрмайды.
Жырға құмар көмекейім сырнайлы
Газды суды ішсем болды – құрғайды.
Шоколадтың ең тәуірі
Тоғайдан
Теріп жеген бір жидекке тұрмайды.
Он флакон әтіріңіз
Бір уыс
Көк жусанның жұпарына тұрмайды!
Руть емес,
Мына маған бер қамшы.
Мен боп саған айтар сырын бар малшы.
Қайта туу мүмкін емес,
Егерде
Қайта тусам,
Болар едім орманшы!..

Иә, ақынның айтқаны айдай анық! Шабытыңды шалқытып, тынысыңды ашып, жүрегінді тербететін керемет табиғат ескерткіштері біздің мекеніміз - Теректі ауданының да жетерлік. Мысалы, Қабылтөбе мекені. Жайық өзенінің террасасы алдындағы жайылмасына жақын жердегі Қабылтөбе ауылының маңында орман жаңғағы өсетін емен тоғайы кездеседі. Бұл - Қазақстандағы өсімдіктің осы түрі тіркелген бірден-бір жер. Бұталы ағаштардан мамыр итмұрыны, татар ырғайы, қаражеміс, тікенді алхоры, тобылғы кездеседі. Өсімдік жамылғысында - қалақай, ешкісабақ, інжугүл, шонайна, сүйелшөп, ошаған және басқа да өсімдіктер басым. Бұл телімде облыстық маңызы бар «Дубрава» қорықшасы ұйымдастырылған.

Ал, Сауыр жары мекені тіпті керемет! Бұл Жайық өзенінің сол жақ ежелгі жағасындағы Орал маңы үстірті баурайының өзен жайылмасына құлауы нәтижесінде пайда болған. Мекенде бірнеше ғажайып қайталанбас табиғи нысандар орналасқан. Мұнда ұзындығы 120 м, ені 70 м және тереңдігі 6 м болатын бекіре тұқымдас және өзен балықтары қыстайтын шұңқыр бар. Сауыр жарынан 1,5 км жерде өзен арнасы екіге бөлініп, қара терек ағаштары өскен арал пайда болған. Бұдан кейін малта, қиыршық тасты және бадана қиыршық құмды Сауыр жары қайраңы басталады. Негізгі жағалау баурайы еменді-інжугүлді орманнан тұрады. Оған Орал маңы үстіртінің борлы шөгінділерінің ашылмаларынан шығып жатқан бұлақтардан бастау алатын жылға ағып өтеді. Бұл мекен ағыс бойымен жоғары қарай Қабылтөбе ауылынан 8 километр жерде орналасқан. Аумағы 150 гектар.

Альпи сайы туралы айтпай кетуге болмас.



Сайдың Жайық өзеніне құяр жерінде түбіне қарай су өткізбейтін қабаттағы аналық топырақ жынысының көлбеулі бағытта дала телімдерінің ығысуы нәтижесінде сусыма пайда болған. Осы жерде бор кезеңіндегі қабаттың жыныстары ашылған, ал төменгі бөлігінде бұлақ ағып жатыр. Сайдың баурайы тік жарлы, тереңдігі 15-20 метрге дейін барады. Сусыма Жайық өзені ағысы бойымен Қабылтөбе ауылынан 1 километр жоғары қарай орналасқан.

Иә, экология – біздің планетамыздың саулығы мен өмір сүруі үшін маңызды ғылым. Ол бізге табиғи ресурстардың пайдаланылуын, тіршілік ортасын және экожүйелерді қорғау қажеттілігін түсінуге көмектеседі. Адамзаттың табиғатқа әсері әрқашан оңай емес, бірақ дұрыс ақпарат пен жауапты әрекеттер арқылы біз қоршаған ортаны қорғап, келешек ұрпаққа таза және қауіпсіз әлем қалдыра аламыз.

Бізді қоршаған ортаны қорғау – тек ғылыми міндет емес, бұл адамзаттың болашағы үшін қажет іс. Жауапты әрекеттер және табиғатты сақтау шаралары арқылы біз әлемді жақсарта аламыз. Әрбір адам экология мәселелеріне өз үлесін қоса алады – ол арқылы планетамыздың саулығын сақтауға мүмкіндік бар.

«Жер-анада жететін тамақ жоқтан,

Отыр ма адам бірін-бірі шайнап...», - деп Сұлтанмахмұт Торайғыров айтқандай, қазір барлығын ойға түйіп, қолға алмасак, ертең бармақ тістеп, «әттеген-ай» деп қалуымыз әбден мүмкін. Сол себепті қоршаған ортамызды сақтап қалу үшін, табиғатпен бірге өмір сүру үшін, ең алдымен өзімізден бастау керек, немқұрайлы қарамау керек.

Сөзімді қорыта келе, достарымызды табиғатты аялауға шақырамыз. Туған жердің табиғатын сақтайық!



Лучше гор могут быть только горы



АГАЛАКОВ
Сергей Николаевич,
ПДО, категория педагог-исследователь,
КГКП «Детско-юношеский центр экологии
и туризма», г. Павлодар, Павлодарская область

***Аннотация.** В статье собраны и представлены данные, которые появились в результате многолетнего опыта работы педагогом дополнительного образования в сфере спортивного туризма, а также некоторые общенаучные факты.*

***Аңдатпа.** Мақалада қосымша білім беру педагогінің спорттық туризм саласындағы көпжылдық тәжірибесінің нәтижесінде алынған деректер мен кейбір жалпы ғылыми мәліметтер жинақталып, ұсынылған.*

***Ключевые слова:** спортивный туризм, горы, путешествия, краеведение.*

В сфере спортивного туризма я тружусь уже 11 лет, и ключевыми доводами для выбора данной профессии стали желание путешествовать и показывать детям красоту природы, хотя бы в рамках границ Республики Казахстан, ведь у нас в стране уникальнейшая природа, различные горные системы, т.е. есть чем воодушевить детей и восхищаться самому.

В рамках учебных программ, а также в рамках спортивных чемпионатов мы бываем в различных областях Республики Казахстан. Да, это не всегда горная местность, но, если чемпионат проходит в горах, то это дарит нам не только спортивный опыт, но и восхищение красотой гор, окружающей флоры и фауны, а также водоёмов.

В разных регионах горные системы значительно отличаются. Наши родные Баянаульские горы имеют вулканическое происхождение, горы не высокие (высочайшая точка Баянаульского государственного национального природного парка - 2027 метров над уровнем моря – г. Акбет). Горы отличаются своими причудливыми формами, выложены как будто из каменных лепёшек, довольно гладкие и не имеющие очень густых лесов (**фото 1**). В национальном парке располо-

жились и красивейшие озёра: Сабындыколь, Жасыбай, Торайгыр. Если говорить о скалолазании в этих горах, то это довольно сложно, т.к. вбитые крючья часто вылетают из трещин, а бурение отверстий для жёстких крючьев практически не разрешается. Тем не менее, в регионе проводятся чемпионаты по пешеходному, горному, водному и велосипедному туризму, по скалолазанию и ориентированию на местности. Горный, пешеходный, лыжный туризм, скалолазание отрабатываются и на искусственном рельефе.

Горы центрального Казахстана не высокие. Высочайшая точка – г. Кокше (947 метров над уровнем моря). Горы имеют схожие черты с Баянаульскими, но в этих горах очень густой лес, который занимает значительные области, имеются водопады и озёра на высоте. Самые крупные озёра региона – Боровое, Щучье, Большое и Малое Чебачье. Здесь тоже встречаются причудливые скальные формы. В регионе развит пешеходный, горный, лыжный туризм, скалолазание, спортивное ориентирование.

Далее – горные массивы Западного Казахстана. Они являются остатками древнего горного массива, поэтому не высокие. Так как этот массив

долгое время находился на дне мирового океана, то в них просматривается слоистость разных эпох, создаётся иллюзия высохшего морского дна (**фото 2**). Растительность скудная, сами пейзажи выглядят какими-то космическими. Высочайшая точка – г. Ичка (259 метров над уровнем моря). В данном регионе в основном развит пешеходный, велосипедный, водный туризм, ориентирование на местности. Горный туризм и скалолазание отрабатываются в основном на искусственном рельефе.

Горы Восточного Казахстана имеют причастность к Алтайскому массиву, отличаются красивейшими видами, мощными и высокими деревьями (в том числе и кедровниками), наличием мощных горных рек, водопадов, высокогорных озёр, местами имеются ледники. В Восточно-Казахстанской области находится высочайшая точка Алтайских гор и Сибири – г. Белуха (4435 метров над уровнем моря). Белуха отлично просматривается с нескольких туристических локаций региона, таких как дорога к Рахмановским ключам, озеро Язёвое и верховья озера Подбелковое. Я очень люблю этот регион за его первозданность, красивейшие виды, во время отпуска посещаю данный регион самостоятельно. Здесь имеются различные коммуникации, базы отдыха, но здесь много и дикого леса, где можно побыть вдали от цивилизации, а это важно при воспитании у детей культуры поведения на природе и бережного к ней отношения. В регионе активно развит



Фото 1

горный, пешеходный водный, лыжный туризм, скалолазание и спортивное ориентирование, не редкость – походная деятельность.

Горы Южно-Казахстанской и Туркестанской областей нами мало изучены, поэтому про них я не могу поделиться богатым опытом. Но хочется отметить, что регион богат красивейшими горными системами, в которых есть пустынная растительность, леса, реки, озёра, ледники. Высочайшая точка региона - Сайрамский пик (4328 метров над уровнем моря), который расположен в Сайрам-Угамском природном парке. В регионе есть и невысокие горы, образовавшиеся в результате столкновения тектонических плит, а также не редки мантийные плюмы — горы, возникшие в результате выхода магмы на поверхность. Кроме того, присутствуют области с рифтингом — провалы и котловины, по сторонам которых сформировались горы. Яркий пример рифтинга – ущелье Машат. Это очень красивое ущелье, где протекает одноимённая река, имеются пещеры, гроты. В ущелье есть отличные скалы для техник пешеходного, горного туризма, скалолазания. Регион располагает к развитию водного, велосипедного туризма, спортивного ориентирования.

Желанный регион для путешествий – область Жетысу. В данном регионе имеются горы, леса, реки, озёра, водопады. Высочайшая точка Джунгарского Алатау – г. Коктау (4622 метра над уровнем моря). Если изучить информацию о регионе, то в нём расположены красивейшие и уникальные природные объекты, такие как самый высокий водопад в Казахстане – Бурхан-Булак (168 метров). Многие ходят здесь в горные походы, где могут изнутри посмотреть всю красоту региона, но туристов могут подстерегать опасности в виде диких зверей (медведей, волков и т.д.), поэтому нужно быть очень аккуратными. Здесь развит горный, пешеходный, водный, велосипедный, лыжный туризм. Также здесь созданы благоприятные условия для развития спортивного ориентирования, скалолазания. Часть техник спортивного туризма и скалолазания отрабатывается на искусственном рельефе.

В числе моих любимых регионов – Алма-тинская область, где расположены Заилийский Алатау, Северный Тянь-Шань. Регион особенно богат наличием красивейших и высоких гор, где имеются ледники. В регионе имеются пустынные, лесистые территории, большое количество рек, озёр. На склонах гор много мощных тянь-шанских елей. Регион особенно ориентирован на развитие туристического потенциала страны,

поэтому здесь созданы многочисленные коммуникации, указатели и удобства. Помимо гор, здесь имеется и крупный каньон из скальных пород – Чарынский, который часто сравнивают с американским Гранд-Каньоном. Чаще всего мы совершаем горные походы по горам Северного Тянь-Шаня и не перестаём восхищаться величию и суровостью этих гор. Как бы это странно ни звучало, но иногда на высоте более 3000 метров мы находили окаменелые отпечатки водорослей, что свидетельствует о том, что миллионы лет назад эти горы находились под водой. Высочайшая точка не только региона, но и страны – г. Хан-Тенгри (6995-7010 метров над уровнем моря), расположена на границе с Киргизией и Китаем. Регион очень благоприятен для туристских горных походов различной сложности. Также здесь имеются природные площадки для спортивного туризма. Одна из них – урочище Тамбалы-Тас, где проводятся многочисленные соревнования не только для спортсменов-туристов, скалолазов, но и для марафонцев. Для скалолазов и спортсменов-туристов есть несколько дистанций, на скалах есть жёстко закреплённые крючья, цепи, арматурные стержни для организации страховки и закрепления различных переправ. Здесь же расположен музей под открытым небом, где имеются высеченные на скалах изображения Будды. В регионе активно развиты горный, пешеходный, велосипедный, водный, лыжный туризм, скалолазание, спортивное ориентирование, альпинизм.

Если объединить все горы страны, каждый

регион окажется уникальным, и всегда будет возможность для краеведческой и научной деятельности, включая сбор образцов и их изучение, наблюдения за флорой и фауной, исследование наскальных рисунков, а также поиск исторических, археологических и геологических данных. Можно проводить наблюдения с целью потенциального применения зелёной энергии. И, конечно же, невозможно не восхищаться тем, что создала природа! Несомненно, мы можем передавать эту любовь и восхищение природой детям, учить их бережно относиться к природе и находиться на ней, не нанося ущерба окружающей среде.

Я бывал в разных горных регионах не только нашего Казахстана, но и за его пределами и могу с уверенностью сказать, что если полюбить горы, то это навсегда! Ты обязательно стремишься побывать в самых разных местах, изучаешь особенности других регионов, намечаешь объекты для посещения и чувствуешь гармонию с миром. И да, горы дарят спокойствие, способны дать не только эстетическое удовлетворение, но и внутреннюю психологическую перезагрузку. В условиях горных походов горы не только красивы, но и суровы, они испытывают нас на прочность, помогают понять, кто есть кто, дают ценность жизни и заставляют осознать, насколько хрупкими могут быть эти величественные горы и сама человеческая жизнь. Если удаётся увидеть ночное небо в горах, появляется чувство, что наш мир прекрасен, уникален и велик. А может, мы не одни во Вселенной?



Фото 2



Катонқарағай - жер жәннаты



МУКАНБЕКОВА
Алмагуль Амангельдиновна,
Катонқарағай ауданы ББ-нің
ЖТС-ның директоры м.а.,
Катонқарағай ауд., ШҚО

*...Дүниеде жер де көп құнарлы,
Дүниеде тау да көп мұнарлы.
Сол жерлер, сол таулар Катондай
Қандырмас құмарды.
Жапырақ жайқалған орман бар,
Қыраттар аумаған қорған дәл.
Еліне қайтқысы келмейді,
Бұл жақта болғандар...*

Т.Рахымжанұлы
(«Туған жер – Катонқарағайым»)

Аңдатпа. Бұл мақалада Қазақстанның шығысындағы көрікті өңір – Катон-Қарағай ауданының табиғи, тарихи және туристік әлеуеті сипатталады. Жазбада ауданға баратын жолдар, жаңа инфрақұрылымдық жобалар, мемлекеттің өңірлерді дамыту бағдарламасы аясында іске асып жатқан шаралар сөз болады. Сондай-ақ, Катон-Қарағай мен Марқакөлдің Алтай тауларымен байланысы, бірегей табиғатының ерекшелігі, марал шаруашылығы, халықаралық туристердің қызығушылығы атап өтіледі. Автор өңірдің табиғи, тарихи, этнотуристік және аграрлық бағыттар бойынша үлкен даму мүмкіндігі бар екенін көрсетеді.

Аннотация. В статье представлено описание природного, исторического и туристского потенциала живописного региона Восточного Казахстана – Катон-Карагайского района. Рассматриваются маршруты доступа к району, новые инфраструктурные проекты и меры, реализуемые в рамках государственной программы развития регионов. Особое внимание уделяется связи Катон-Карагай и Маркаколя с Алтайскими горами, уникальности местной природы, мараловодству и интересу иностранных туристов. Автор подчёркивает большой потенциал региона в сфере природного, исторического, этно-агротуризма и оздоровительных направлений.

Кілт сөздері: Катон-Қарағай, Алтай, Марқакөл, Өскемен, Бұқтырма су қоймасы, инфрақұрылым, экотуризм, этнотуризм, табиғи ресурстар, ЮНЕСКО, марал мүйізі, марал шаруашылығы, ғылыми экспедициялар, Франсис Етьен, Берел қорымдары, Пазырық мәдениеті, археология, Берел мемлекеттік тарихи-мәдениет мұражайы, сақ дәуірі, курорттық ем, даму перспективалары.

Иә, қазақстандықтардың көпшілігіне тұмса табиғат - Катон-Қарағай аумағы танымал! Аудан орталығы Катон-Қарағай ауылы аймақтық орталық Өскемен қаласынан шамасы 430 шақырым жерде орналасқан. Жол Серебрянск, Алтай шағын қалалары және Үлкен Нарын ауылы арқылы өтеді. Осы бағытта тау арасымен жаңа тас жол салынып жатыр, жоспар бойынша келесі бір-екі жылда аталған құрылыс жобасы іске асырылады.

Екінші бағыт Өскемен, Самар ауылы, Бұқтырма су қоймасы, Үлкен Нарын ауылы арқылы өтеді. Бұл бағыттың қашықтығы шамамен 420 шақырым болғанымен, су қоймасын асу үшін паром-қайық қажет, бұл кеме жарты сағатта Бұқтырманың сол жағалауынан оң жағалауына жеткізеді. 2024 жылдан бастап бұл көпір салынып қолдануға енгізілді.

Қазақстанның өңірлерін дамытуға арналған бірнеше мемлекеттік жобаларына Катон аумағы да кіреді. 2019 жылдың 27 желтоқсанында бекітілген нөмірі 990 «Өңірлерді дамыту» мемлекеттік бағдарлама бойынша 2025 жылға дейін бірқатар шаралар іске асырылуда. Соның ішінде Катон-Қарағай аумағына тиісті жаңа жолдар, су қоймасынан өтетін көпір салынды. Жеке кәсіпкерлердің жұмыстарын жеңілдететін іс-шаралар да іске асырылды. Мемлекеттің тарапынан аталған әрекеттер жергілікті өңірді дамытуға жол ашады.

Катон-Қарағай және Марқакөл аудандары Алтай өңіріне кіреді. Алтай таулары Ресейден басталып, әрі қарай Қазақстанның Зайсан ауданына

созылады. Жергілікті аумақ солтүстікте Ресеймен, шығыс жағынан Қытаймен шекараласады. Сол екі елдің ортасында Кеңес Одағы кезінде Моңғол елінен мал айдайтын үлкен емес дәліз болған. Кезінде Моңғолиямен де шекара болатын.

Тау шыңдары бұлттарға жетіп, биіктері жазда да қармен жабылған. Көз ала алмайтын әдемі көріністер, керемет деп айтсаң, сөздің күші жеткізе алмайтын сұлулық. Катон табиғаты ЮНЕСКО жүйесіне енгізілген. Бұл жерді «екінші Швейцария» деп атауы бекер емес. Әуелі, осы жерлердің ерекшелігіне байланысты, Швейцария да мұндай әсемдікті жете көрсете алмайды. Алтай маралының мүйізінен жасалған емдеуге арналған құралдар еш жерде жоқ. Марал мүйізінің өнімдері басқа жерлерде де бар, бірақ дәл Қазақ Алтайының өнімдері ерекше болып табылады.

Сол мекенді шетел азаматтары бекер таңдамайды. Жыл сайын Еуропа, Қытай, Америка, Канада азаматтары турист ретінде келіп, ем алып, демалып қайтады. Одан басқа, аудан ғылыми қызығушылық танытады. Атап айтқанда, 2017 жылы Шығыс Қазақстан аймағының Катон-Қарағай ауданына Қазақстандағы Франция елшісі Франсис Етьен барған болатын. Өзінің іссапарында шетелдік дипломат Берел мемлекеттік тарихи-мәдениет мұражайын аралады. Сонымен қатар, 1998 жылы белгілі қазақстандық археология ғалымы М. Марғұлан табылған Сак қорымдарын көрді.

Берел мемлекеттік тарихи-мәдениет мұражайы 2008 жылы шілде айының 4-ші жұлдызында



нөмірі 674 үкімет қаулысымен құрылды. Мұражайдың негізін археологиялық орын, темір дәуірінің көрнекті қорымдары, Берел қорымдары құрайды. Оның аумағында ең бай қорымдарды қамтитын Пазырық мәдениетінің элиталық қорғандарына мұражай салынбақ. Мұндай қорымдарда олардың мәңгі мұзда сақталуына байланысты ағаштан, былғарыдан, матадан жасалған көптеген заттар табылды, бұл Пазырық жолындағы әйгілі қорғандармен қатар кешеннің бірегейлігін көрсетеді. Қорым алаңында скиф-сақ дәуірінің жерлеу рәсімдерін көрсететін көрмелер ұйымдастырылған. Бас мұражай кешенінің жанында көрме залы, қойма және басқа да ғимараттар орналасқан.

Аталған жағдайларға сүйене отырып, Катон-Қарағай ауданы дамуға көп перспективалы мүмкіндіктерге ие. Оның ішінде табиғи, тарихи, этнотуризм, ауыл шаруашылығы, азаматтарды емдеу саласы, тағы да басқа бағыттар. Сол жердің табиғатының байлығы соншама, әр-түрлі салада дамуға болады. Жыл сайын Катонға шамамен 200 мыңнан астам турист келеді.

Еліміздің жас туристерін Катонқарағай сияқты тамаша жерге шақырамыз!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ағажай, Алтайдай жер қайда [Мәтін]: өлеңдер жинағы. - А.: Полиграфия, 1999. - Рақымжанұлы Т.: б. 59.
2. Катонқарағай / Назырбаев, Қайырды... – Астана: Фолиант, 2011. - 279 б.





Бөкей ордасындағы балалар туризмінің бастауы



НАРБУЛОВА

Найлягуль Камаловна,
Халықаралық Мәскеу БЖТЖӨА-ның
академигі, «Орал өңірінде балалар
туризмін дамытуға қосқан үлесі үшін»
төсбелгісінің, «Хрустальды шоқыр»
жүлдесінің иегері, балалар туризмінің ардагері,
Бөкей ордасы ауд., БҚО

***Аңдатпа.** Мақалада автор Бөкей Ордасы ауданындағы балалар туризмінің тарихын баяндайды. «Атамекен» экспедициясын негізге ала отырып жасақталған «Туристік-экологиялық қызмет арқылы мектептерде тәрбие жұмысын ұйымдастыру» бағдарламасы аясында жүргізілген жоспарлы жұмыстардың тарихы және осы жүйелі еңбектің жоғары нәтижелері қосымша білім беру мекемелері үшін үлгі ретінде ұсынылады.*

***Аннотация.** В статье автор рассказывает об истории детского туризма в Бөкейординском районе. В рамках программы «Организация воспитательной работы в школах через туристско-экологическую деятельность», созданной на основе экспедиции «Атамекен», представлены история планомерной работы и высокие результаты этой системной деятельности, которые могут служить примером для учреждений дополнительного образования.*

***Кілт сөздері:** Бөкей ордасы ауданы, балалар туризмі, «Атамекен» экспедициясы, «Туристік, экологиялық қызмет арқылы мектептерде тәрбие жұмысын ұйымдастыру» бағдарламасы, атты туризм, түйе туризмі, балабақшадағы туризм.*

Батысқазақстандықтардың ортақ мақтанышы - киелі де қасиетті Бөкей Ордасының тарихы - бүгінгі таңда қазақ елінің төрт бұрышына әйгілі десек, артық айтқандық емес. Қазақта «Біздің заманымыз - өткен заманның баласы, келер заманның атасы» деген қанатты сөз бар. Ал, он жылдықтар емес, жүз жылдықтар тарихын иығына артқан бөкейлік ұрпақтар үшін өткеннен тағылым алу да, кейінгіге мұра қылып қалдырар ұлағатты істер де аз емес. Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Орда топырағына екі рет табан тіреуі - баршамыз үшін ерекше мақтаныш, әрі киелі мекенде тіршілік еткен халықтың арқасы. Бұл, өз кезегінде, небір алыптардың өзіне «әліппе» үйреткен орда екенін көрсетеді.

Өзінің өткен екі жүз жылдық шежіресінде Бөкей Ордасы талай ақтандақтардан өтті, сондай-ақ жаңа бастамалар мен ел есінде қалатын еңселі істерді жүзеге асырды. Қазіргі таңда туған өлкеміздің әр төбесі тарих саналып, оның мәртебесін биіктетіп, мерейін асқақтату үшін бірлесіп тарихына үңілетін кез келді. Бұл бағыттағы басты себеп - елімізде іске асырылып жатқан «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы.

Орда жеріндегі әр кезеңнің ерекшелігін еске түсіретін, кейінгі ұрпаққа тәлім-тәрбие беретін тарихи ескерткіштер мен мәдени мұраларды көздің қарашығындай сақтап, көрсе көз тоймайтын табиғат байлығын аялай білуді мақсат тұтқан «Туристік, экологиялық қызмет арқылы мектептерде тәрбие жұмысын ұйымдастыру»

атты авторлық бағдарламам (14.06.2006 №6 БОПКБДЙ) 2007 жылы жүзеге асырылды. Бағдарлама аясында тәрбие жүйесін дамыту үшін педагогикалық-ұйымдастырушылық және ақпараттық жағдайларды қамтамасыз ету қарастырылды. Оның ішінде білім беру мекемелеріндегі өскелең ұрпаққа патриоттық тәрбие беру, білім берудегі тәрбиенің жаңаша моделін жасау маңызды болды. Сонымен қатар, тарихи және мәдени ескерткіштерге, маңызды оқиғаларға бай өлкеміздің тарихымен, Бөкей Ордасы ауданы халқының әлеуметтік-рухани мәдениетімен, салт-дәстүрлерінің ерекшеліктерімен таныстыру да бағдарламада басты міндеттерге жатқызылды.

Мұндай ауқымды бағдарламаны бір адамның немесе бір ұйымның белсенділігімен жүзеге асыру мүмкін емес. Сол себепті нәтижеге негізделген жұмысты ұйымдастыруға БҚО балалар мен жасөспірімдер туризм және экология орталығы, БҚО «Дарын» орталығы, БҚО жас натуралистер станциясы, БҚО мәдениет басқармасының Бөкей Ордасы тарихи-мұражайлық кешені, аудандық кітапхана, аудандық саз мектебі сияқты ұйымдар жұмылдырылды. Сонымен қатар, халықаралық Мәскеу балалар мен жасөспірімдердің туризм-өлкетану академиясымен серіктестік аясында бірлескен жұмыс жүргізілді.

Туризм - денсаулық сақтаудың және ұзақ өмір сүрудің пәрменді құралы. Ол оқушыларды жағымсыз қылықтарға қарсы тұруға, мықты денсаулық негізін қалыптастыруға, пайдалы және қызық істерге, салауатты өмір салтына тәрбиелейді. Сол себепті география және биология пәнінің мұғалімі Б. С. Лұқпановпен бірге М. Мәметова атындағы орта мектебінде «Азимут» атты туристік-өлкетану клубын аштық. Сол кезден бастап мектеп туризм, өлкетану және экология (ТӨЭ) жұмыстары бойынша тірек мектебіне айналды. Сонымен қатар, өлкетану жұмыстарына қатысуға тілек білдірушілер арасында балалар музыкалық мектебінің жас мұғалімдері де табылды. Олар өз тарапынан жас талантты музыканттарды анықтап, оларды халықтық фольклорды іздестіруге және тартуға ықпал етті. Олардың ішінде аудандық саз мектебінің мұғалімі А. Ф. Зайнуллиннің тәжірибесі «Бөкей орда жиһанкездері» («Бөкейординские вояжеры») атты аудандық ақпараттық-әдістемелік бюллетенінде көрініс тапты.

Аз ғана істен үлкен жұмыс өрбиді емес пе? Кейінгі жылдары да ауданымызда туристік, өлкетану және экологиялық жұмыстар өріс

ала бастады. Барлық орта мектептерде апта сайын 2 сағаттан қоғамдық негізде үйірмелер жұмыс істейді. 2001 жылдан бері «Гүлдер» балабақшасындағы дене шынықтыру сабақтарына туризм элементтері енгізіле бастады. Сонымен қатар, ТӨЭ жұмыстары ұстаздар арасында да кең өріс алды. Аудан мектептерінде мұғалімдер күніне арналған күзгі туриада дәстүрге айналды. Осылайша, туризм, өлкетану және экология жұмыстарының бірыңғай жүйесі жүзеге аса бастады.

Туризм, өлкетану және экологиялық жұмыстар бойынша өткізілетін көпшілік шаралар балабақшадан басталады. Балабақшадағы тәрбие бағдарламасына сәйкес, балаларды табиғатпен таныстыру барысында білімділік пен тәрбиелік міндеттер өзара тығыз байланыста жүзеге асады. Алғашқы серуендер қарапайым сипатта және қарапайым мақсатта жүргізілді: табиғаттағы өзгерістерді бақылау. Уақыт өте келе, ұстаздар алыс қашықтыққа серуендерге шығуға болатынын дәлелдеді. Алғаш рет серуендердің пайдасын аналар мен дәрігерлер байқады, себебі ересек топтарда жұқпалы аурулар азайды. Серуендер үнемі үзбей жүргізілді, бұл бастама кіші топтағы балалар үшін де бірнеше жаттығу мен ойын ұйымдастыруға итермеледі. 1 маусым - Балаларды қорғау күніне орай мектепке дейінгі мекемелер тәрбиеленушілерінің кіші туриадасы өткізіле бастады. Туриада бағдарламасына туристік техника элементтері бар бәйгелер, алғашқы медициналық көмек көрсету, көркемөнерпаздар, қабырға газеті және туристік тағам пісіру байқаулары кірді. Балалар ата-аналарымен бірге өзара жарысып, дағды мен ептілігін көрсете алды, ал ең жақсы туристік байқаулар өзара түсіністік, достық және көмектесу атмосферасында өтті.

Бағдарламаны апробациялау кезінде әр мектептің тәрбиелік жұмысы өзіндік ерекшелігімен айқындалатыны байқалды. Сол себепті мектептердің тәрбие жұмыстары зерттеліп, үш топқа бөлініп, жүйелі жұмыс жүргізілді:

1) Өлкетану орталықтары (М. Мәметова атындағы мектептегі әскери даңқ музейі мен М. Мәметова кабинеті, №1 БЖМ тірек мектебінің филиалы, А. Құсайынов атындағы мектеп, Қ. Сағырбаев атындағы мектеп);

2) Экология орталықтары (Б. Жәнекешев атындағы мектеп, Ш. Жексенбаев пен Жәңгірхан атындағы мектептер);

3) Этнография орталықтары (М. Бегалиева атындағы мектептегі «Халықтың салт-дәстүрлері» атты этнографиялық үйірме, Т. Масин атындағы

мектептегі халықтық қолөнерге негізделген туристік-этнографиялық үйірме, аудандық балалар саз мектебіндегі халықтық фольклорға негізделген халықтық этнографиялық бағыттағы жұмыстар).

Туған өлке табиғатын зерттеу және туристік техника дағдыларын бекіту мақсатында 1-11 сынып оқушылары арасында көктем және қыс уақытында демалыс күндерінде жорықтар үнемі ұйымдастырылды. Жасөспірімдердің төтенше жағдайларға дайындығы мен зардап шегушілерге көмек көрсету қабілетін қалыптастыруға бағытталған «Алтын дала» және «Қарлығаш» атты қорытынды шаралар тұрақты түрде өткізілді. Балалардың жас ерекшелігін ескере отырып, жарыс үш жас категориясына бөлінді: кіші топ (1-4 сынып), орта топ (7-8 сынып), ересектер тобы (9-11 сынып). Туриада шарттарымен қатысушылар 10 күн бұрын танысатын, сондай-ақ алдын ала кедергілерден өту жаттығулары өткізілді.

Бағдарлама аясында «Жайық толқыны» өлкетану фестивалі өткізілді. Бұл шара оқушыларға өз сезімін дамытуға, туған өлкені сүйуге, халықтық салт-дәстүрді сыйлауға және үгіт-насихат жүргізуге ықпал етті. Фестивальға дайындық барысында команда мүшелері арасында шығармашылық одақтар құрылды: халық ісмерлері мен жас модельерлер, жас модельерлер мен жас суретшілер, жас музыканттар мен жас суретшілер өз міндеттерін ортада талқылау арқылы нәтижеге жетті. Әсіресе, жас модельерлердің үлкен кісілер арасында жүргізген сауалнама нәтижесі бойынша әзірленген қазақ халқының көне костюмдері фестивалге енгізілді. «Әжелер сандығының құпиясы» коллекциясы және «Сақ патшасы Томирис», «Көгілдір арман» атты «Ескі Хан Ордасының жаңа лебі» топтама-

лары үлкен өнер туындылары болып танылды.

Қазақстан патриотизмін тәрбиелеу мақсатында аудан мектептерінде «Атамекен» экспедициялық отрядтарының слеттері ұйымдастырылды. Слет барысында экспедициялық отрядтар туған өлке тарихы, Қазақстан халқының ұлттық және еңбек дәстүрлері, Орда өңірінің танымал тұлғаларының өмірі мен қызметі, мектеп музейлерінің экспонаттары, сондай-ақ бейне және фото материалдарды таныстырды.

Белгілі тәжірибе жинай отырып, біз өз ауданымызда аймақтық бұқаралық шаралар өткізуді ұйғардық. «Атамекен» аудандық штабтың бастауымен Орда төңірегінде оқушылардың «Алтын дала – Золотая степь» туриадасы ұйымдастырылды. Онда спорттық бағыт-бағдар элементтері кіргізілген бақылау туристік маршруттымен қатар, өлкетану және экологиялық жұмыстарды қорғау сияқты танымдық шаралар да қамтылды.

Кезінде «Атамекен» аудандық штабы құрылғаннан бері жоғарғы ұйымдармен және әлеуметтік серіктестік қоғамдармен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істеді. Сол себепті туриаданың өткізілуіне аудан әкімшілігі қолдау көрсетті. Туриаданы ұйымдастыруға келесі ұйымдар тікелей ат салысты: аудандық ішкі істер бөлімі, аудандық денсаулық сақтау бөлімі, аудандық санитарлық-эпидемиологиялық станция, 17-ші өрт сөндіру бөлімі, «Хан Ордасы» ЖШС, Орда ауылының әкімі, БҚО мәдениет басқармасының Бөкей Ордасы тарихи-мұражайлық кешені, «Орда орман шаруашылығы» ЖШС және Жәңгірхан орта мектеп әкімшілігі. Экспедиция нәтижесінде құлпытастармен жұмыс істеу әдістемесі әзірленді.

Ауданда 2004 жылдан бастап аймақтық «Нарын» туристік-өлкетану экспедициясы өткізілді.



Экспедиция екі бағытта ұйымдастырылды. Бірінші бағытқа қатысушылар Орда ауылы төңірегін флорасы мен фаунасына кешенді зерттеулер жүргізіп, әртүрлі нысандардың экологиялық хал-ахуалына баға берді. Нәтижесінде аймақтың экологиялық болжамы жасалды. Екінші бағытқа қатысушылар жергілікті жердің тарихи ескерткіштерін зерттеді. Экспедицияның басты мақсаты - экологиялық сауатты жастарды тәрбиелеу, сондай-ақ туристік жорықтар, туриадалар және экспедициялар барысында жеке қатысушыларды өз бетінше ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге үйрету және оларға кеңес беру. Жобалау іс-әрекеті - қызығушылық тудыратын тиімді технологияның бірі. Жоғары сынып оқушылары жоба бойынша жұмыс істей отырып, ғылыми-шығармашылық жұмыстардың әдістерін игереді, зерттеулер мен тәжірибелерге қатысады. Бұл өз кезегінде оқушының өзіне деген сенімін арттыруға мүмкіндік береді.

Кезінде «Атамекен» аудандық штабы «Бөкей-ордалықтар әкелер даңқы жолымен» атты өлкетану экспедициясын ұйымдастырды. Экспедицияның мақсаты - туған өлкенің бай тарихын танып білу, экспедиция өтетін маршрут бойындағы елді мекендердегі соғыс және еңбек ардагерлерімен кездесіп, олардың өмірі жөнінде деректер жинау болды. Аттылы туристер аудан көлеміндегі соғыс және еңбек ардагерлерінің үйлеріне ат басын тіреп, деректер жинап қайтты. Экспедиция нәтижелері облыстық баспасөз бетінде жарияланып, атты туризм техникасы бойынша туризмді ұйымдастырушылардың облыстық семинары өткізілді.

2004 жылдан бастап М. Бегалиева атындағы мектепте құрамында 17 оқушысы бар атты туризм үйірмесі жұмыс істей бастады. Сонымен қатар, мектепте ескі заманнан келе жатқан қол өнермен айналысатын оқушылардың үйірмесі ашылды. Онда балалар тері илеуді ата-бабамыздан келе жатқан ескі технологиялар бойынша үйреніп, ат үзеңгісін, ер-тоқымын және қамшысын жасаумен айналысты.

Сол жылы Ш. Жексенбаев атындағы мектеп жанынан түйе туризмі үйірмесі ашылды. Үйірмешілер еңбегімен 54 шақырымға созылған «Искра - Ақмектеп», «Искра - Даңғал» атты бағыттарына жол ашылды.

Бағдарламаның негізгі бөлімі оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге бағытталған еді. Әр жыл қорғалған ғылыми жұмыстар облыстық, республикалық және халықаралық деңгейде жүлделі орындарға ие болып, БҚО «Балалар даму академиясы» балалар қоғамдық

бірлестігінің мүшелігіне қабылданып, республикалық гранттар ұтып алған болатын. Жұмағалиева Октябринаның «Сайқын ауылының ауыз сумен қамтамасыз етілу проблемасы (мәселесі)» тақырыбындағы жұмысы мұхит асып, АҚШ-тың Вашингтон қаласына жолданған еді.

«Атамекен» штабы оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыруға да ат салысты. Үздік далалық туристік-экологиялық лагерь жобасының байқауы жарияланып, жеңімпаздар анықталды. Жыл сайын жаз мезгілінде ауданда оқушылар үшін 10 күндік туристік шатырлы лагерь жұмыс жасады. Орда орман шаруашылығының аумағында орналасқан «Жас орманшы» атты жазғы еңбек және демалыс лагері де еңбек пен экология тақырыптарын қамтитын тәрбиелі демалыс орнына айналғанына бірнеше жылдың жүзі болды.

Бұл жұмыстардың сапалы жүргізілуінің кепілі - білікті мамандардың болуы. Туристік-өлкетану жұмысының жас кадрларын оқыту үшін көптеген шаралар өткізіледі. Жыл сайын спорттық бағдарлаудан «Алтын дала», «Қарлығаш» туриадаларының мектеп тәрбие жүйесіндегі рөлі, сондай-ақ «Мектептердегі жаяу туризмнің дамуы» тақырыптары бойынша туризм ұйымдастырушыларына арналған туристік техникасы бойынша екі күндік далалық жиындар ұйымдастырылады. Сонымен қатар, ауданда директорлар, директор орынбасарлары және мектептегі туризм ұйымдастырушылар үшін семинарлар өткізілді. Мектептерде «Атамекен» экспедициясы командирлерінің оқулары өтетін. Нәтижелі жұмыстар әріптестермен ортаға салынып, үздіктері таратылды. «Атамекен» штабымен «Бөкейорда вояжерлары» атты ТӨӘ жұмыстарын ұйымдастырушыларға арналған аудандық әдістемелік-ақпараттық бюллетень жарық көре бастады. Бюллетень мектептегі туристік, өлкетану және экологиялық жұмыстарды ұйымдастырушыларға әдістемелік құрал ретінде пайдалану үшін және олардың озық тәжірибесін тарату мақсатында шығарылды. Жоспарлы жүргізіліп отырған жұмыс нәтижелері облыстық, республикалық және халықаралық конференциялар мен семинарларда таныстырылып, баспасөз беттерінде жарияланып, мемлекеттік марапаттарға ие болды.

Бұл бір айдың немесе бір жылдың үлесінде жасалған жұмыстар емес, жылдар бойғы жүйелі және үздіксіз еңбектің жемісі. Уақыт пен тынымсыз еңбек, мағыналы мақсат қана туризм арқылы еліміздің ертеңі - жастарды туған елін сүйіп, болашағына сеніммен қарауға үйрете алады деп ойлаймын.



Білім берудегі интеграция арқылы шығармадағы орындаушылық қиындықтарды жеңу



СУЛТАНОВА
Гаухар Нурлановна,
Қаратөбе балалар музыка мектебінің оқытушысы, концертмейстер, педагог-модератор,
Қаратөбе ауд., БҚО


Республикалық «Әдістемелік вернисаж» байқауының «Үздік сабақ жоспары» номинациясын алған сабақ жоспары



Класы: Фортепиано	МККҚ «Қаратөбе балалар музыка мектебі»
Берілген күні:	02.09.2025
Сыныбы:	3 сынып
Оқушының аты-жөні:	Наурызбай Жания
Сабақтың тақырыбы:	Білім берудегі интеграция арқылы шығармадағы орындаушылық қиындықтарды жеңу (Э.Григ «Танец эльфов»)
Сабақтың мақсаты:	Оқушының музыкалық әдеби сауатын жетілдіру, орындау техникасын дамыту, шығарманы шынайы, еркін және әсерлі жеткізе білу

Сабақтың барысы				
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақта жоспарланған іс-әрекет			Ресурстар
	Оқытушы	Оқушы	Бағалау	
Ұйымдастыру бөлімі (3 мин.)	Оқушымен амандасу, көңіл-күйін сұрау, сабаққа дайындау.	Амандасу, аспапқа отыру, сабаққа дайындалу.	Оқушының дайындығын бақылау.	Фортепиано аспабы, ноталар кітабы, метроном, ноутбук.

<p>Кіріспе (5 мин.)</p>	<p>2026 жылы Италияда өтетін қысқы Олимпиада ойындары туралы ақпарат беру. Биатлон ойыны туралы түсіндіру және сол ойын ережесімен сабақты өткізу.</p>	<p>Сұрақ қойып, қызығушылықпен тыңдайды.</p>	<p>Ауызша диалог.</p>	<p>Фотокөрме, «Биатлон» ойыны.</p> 
<p>Жаңа сабақ 1. «СӨРЕ» «Танец эльфов» - музыкалық талдау (3 мин.)</p>	<p>Шығарманы жан-жақты қарастырып, оның көркемдік мазмұнын, құрылымын, стильдік ерекшеліктерін, орындаушылық тәсілдерін анықтау процесі.</p>	<p>Өлшемін, ырғағын, штрих, артикуляцияны тауып, жұмыстану.</p>	<p>Белсенділік таныту, шығарманың құрылымын таныту.</p>	<p>Фортепиано аспабы, ноталар кітабы, метроном, ноутбук.</p>
<p>Elfentanz. Danse des sylphes. — Fairy - dance. Alfedans.</p> <p>Molto Allegro e sempre staccato.</p> 				
<p>2. «МЕЖЕ» Техникалық жетілу (7 мин.)</p>	<p>Шығарманың күрделі әуендік, ырғақтық, штрихтық және динамикалық тұстарын дұрыс орындау үшін саусақ, тыныс немесе дауыс аппаратының икемділігін дамыту.</p>	<p>Ойымен бөлісу, қайталау.</p>	<p>Қайталау арқылы тексеру.</p>	<p>Фортепиано аспабы, фотокөрме.</p> 
<p>3.«БАС МЕЖЕ» Көркемдік ойды жеткізу (5 мин.)</p>	<p>Композитор қойған талапты меңгеру, оның идеясын, мазмұнын, эмоциялық бояуын тыңдармандарға әсерлі жеткізу.</p>	<p>Тыңдау, оқытушы қойған талапты дұрыс орындау.</p>	<p>Қойылған талаптың дұрыс түсінілгенін тексеру.</p>	<p>Фортепиано аспабы, фотокөрме.</p> 

<p>4. «Нысананы көздеу» Музыкалық сауаттылық пен ой-өрісті кеңейту. (7 мин.)</p>	<p>«Танец эльфов» шығармасындағы стильдік ерекшеліктерді тану арқылы орындаушының кәсіби деңгейін көтеру. Жай екпінде шығармадағы техникалық қиындықтарды қайталау арқылы жеңу.</p>	<p>Ауызша сауалнама.</p>	<p>Педагогикалық бақылау.</p>	<p>Фортепиано аспабы, фотокөрме.</p> 
<p>5. «Мәре алды» Сахналық сенімділікке жету (5 мин.)</p>	<p>Техникалық қиындықтарды жеңу арқылы орындаушының өзіне деген сенімділігін арттыру, шығарманы еркін орындауға жетелеу.</p>	<p>Тыңдау, ақпаратты дұрыс қабылдау.</p>	<p>Педагогикалық бақылау.</p>	<p>Фортепиано аспабы, ноталар кітабы, метроном.</p> 
<p>6. «МӘРЕ» Шығармашылық дамуға жол ашу. (5 мин.)</p>	<p>Шығармадағы техникалық кедергілерді жеңу арқылы оқушыға жаңа, күрделі репертуарды меңгеруге мүмкіндік беру.</p>	<p>Қабылданған ақпарат туралы әсерімен бөлісу.</p>	<p>Оқушының өзін-өзі бағалауы (ауызша: ұнады/ ұнаған жоқ)</p>	<p>Фортепиано аспабы, фотокөрме</p> 
<p>Қабылдау деңгейі</p>	<p>Оқушының қабылдау деңгейі:</p> <ul style="list-style-type: none"> - эмоциялық қабылдауы – шығарманың күйін сезінуі, әсерленуі; - танымдық деңгейі – шығарманың мазмұнын, стилін, жанрын түсінуі; - көркемдік ойлауы – музыка мен өз қиялын байланыстыра білуі; - шығармашылық қабылдауы – музыкадан алған әсерін мәдени тілмен жеткізе білуі. 			
<p>Жалпы баға</p>	<p>Оқушының ашылуына ұжымдық қолдау көрсету, қол шапалақтау.</p>			



ГУЛЕШОВА
Айэлита Баянғалиқызы,
Сырым аудандық
ЖТС-ның КММ-ның ҚББП-і,
БҚО

«Әлия ерлігі – өшпес тарих...»

ТАНЫМДЫҚ ЭКСКУРСИЯСЫ

(Кеңес Одағының Батыры

Әлия Молдағұлованың туғанына 100 жыл)



Биыл Кеңес Одағының батыры, қазақтың қайсар қызы Әлия Молдағұлованың туғанына 100 жыл толып отыр. Осыған орай Сырым аудандық «Жас туристер станциясы» КММ-не қарасты Бұлдырты жалпы білім беретін орта мектебі жанындағы «Дала мұрасы» өлкетану үйірмесінің оқушыларына Ақтөбе облысы, Қобда ауданында орналасқан «Әлия» патриоттық орталығына танымдық-экскурсия ұйымдастырылды. Танымдық экскурсияның негізгі мақсаты – Кеңес Одағының Батыры, қазақ халқының қаһарман қызы Әлия Молдағұлованың ерлік жолын насихаттау, жас ұрпақ бойында отансүйгіштік сезімді, рухани құндылықтар мен тарихи сана қалыптастыру, батырдың ерлігін үлгі тұтуға үйрету, Отанын қорғай білуге, батырлыққа, ерлікке, патриоттыққа тәрбиелеу болатын. 2005 жылы Кеңес Одағының Батыры Ә. Молдағұлованың 80 жылдық мерейтойы қарсаңында ашылған «Әлия» патриоттық тәрбие беру облыстық орталығы жастардың өз Отанына деген сүйіспеншілігін арттыру, қазақтың батыр қызы Әлия Молдағұлованың өмірі мен ерлік жолдарын насихаттау арқылы патриоттық тәрбие беруді мақсат етеді.

Әлия есімі - біз үшін өнеге, біз үшін мақтанышпен айта алатын, тарихта алтын әріптермен жазылған есім.

Әлия Молдағұлова 1925 жылдың 25 қазанында Ақтөбе облысының Қобда ауданы Бұлақ ауылында дүниеге келген. Ол 7 жасында анасынан айырылып, нағашы ағасы Әбубәкірдің шаңырағында тәрбиеленеді. 1933 жылы Әбубәкір отбасымен

Әулиеатаға көшіп барады (қазір Тараз қаласы). Сол жерде Әлия мен Сапура (Әбубәкірдің қарындасы) алғаш мектеп есігін ашты. Ал 1935 жылы нағашы ағасының Москвадағы Әскери-транспорт академиясына оқуға түсуіне байланысты, оның отбасы Москваға қоныс аударды. Москвада Әлия 4 класс бітірді. 1938 жылы Әскери-транспорт академиясының Ленинградқа көшірілуіне орай Әбубәкірдің отбасы Нева жағасындағы қалаға қоныс аударды. Отбасындағы материалдық қиыншылықтарға орай, Әлия өз келісімі бойынша Ленинградтағы №46 балалар үйіне орналастырылды. Балалар үйінің тәрбиеленушілері №140 мектепте оқыды.

Ал 1941 жылдың қыркүйегінде Ленинград қоршауда қалады. Әлия өзімен қатарлас оқушылармен бірге Невадағы қала төңірегіндегі қорғаныс бекіністерін салуға қатысады. Ол аянбай



жұмыс істеп қана қоймай, басқаларды қолдап, жігерлендіреді. Қайсар мінезі үшін 1941 жылдың қарашасында Әлия Молдағұлова сол кезеңдегі жетекші жастар ұйымы - комсомол қатарына қабылданады. 1942 жылғы наурыз айында балалар үйі Ярославль облысына көшіріліп, Әлия мектепті сонда бітіреді. Ол сол жылы Рыбинск авиациялық техникумына қабылданып, онда 3 ай оқиды. Әлия оқып жүргенде майданға бірнеше рет сұранады, бірақ өтініші қабылданбайды. 25 қазанда Әлия 17 жасқа толып, тура бір айдан кейін «майданға аттануына байланысты» деген негіздемен техникумнан шығарылады. Осы сәттен бастап Әлия Молдағұлованың қысқа болса да, жарқын эрі қаһармандық жолы басталады.

Әлия Мәскеу түбіндегі Вешняки ауылында орналасқан мергендерді даярлайтын орталық мектептің алғашқы жасақталған тобына алынады. 1943 жылдың шілдесінде 22-ші армияның 54-ші арнайы атқыштар бригадасында мерген болып, әскери қызметін бастайды. Әскери мұрағатта оның майдандастарының естелігі сақталған. Я. К. Прокопенкова «біздің бригадаға мерген Әлия Молдағұлова келді. Қазақстаннан келген талдырмаш денелі және өте сүйкімді қыз. Ол бар-жоғы 18 жаста еді, бірақ қазан айына дейін оның есебінде 32 өлі фашист болды», - деп еске алады. Н. А. Матвеева «Лия екеуімізді төртінші батальонның бір взводуна орналастырды. Біз, мергендер, тапсырмаға жұппен баратынбыз, бізде алдын-ала дайындалған позициялар бо-

латын. Сонда немістерді қарауылға түсіргенше отыратынбыз. Жаудың оғы мен миналары төніп жататын. Лия осындай сәттерде ержүректілік танытатын. Ол фашистерді қырып қана қоймай, ұрыс алаңынан жараланғандарды сүйреп әкеліп, алғашқы медициналық көмек көрсетіп жататын», - деп еске алады.

1944 жылдың қаңтар айының басында Ленинград-Новгородтық операция кезінде 54-ші атқыштар бригадасы майданды бойлай Новоскольникови қаласына (Псковск облысы) қарай маршпен алға шығады. Онда олар жаудың қорғанысын бұзып, қаладан солтүстікке қарай алға жылжиды. Мерген Әлия Молдағұлова қызмет еткен 4-ші батальонның саяси жетекшісі Г. В. Варшавскийдің естелігі бойынша, бригаданың бөліктері Насва бекетіндегі темір жолға шыққанда, жау оғының астында қалады. Түнде шабуылға арналған негізгі шекараларға орналасып, кеңес жауынгерлері 1944 жылғы 14 қаңтардың таңында шабуыл жасайды. Әрекеттерін мергендер көлегейлеп жүрген батальонға Насва бекетінің ауданындағы Новоскольникови-Дно темір жолын кесіп өтіп, Казачиха ауылына басып кіру тапсырылған. Қорғаныстың алдыңғы шебі сәтті бұзылғанымен, кеңестік шабуылшылар неміс әскерінің жауапты атысына төтеп бере алмай қалады. Осындай күрделі сәтте Әлия Молдағұлова «Жауынгерлер, алға!» деген ұранмен, алға ұмтылады. Кеңес әскерилері оның артынан шабуылға шығады. Қарсылас жау бұрынғыдай белсенді



жауап қайтарып жатады. Күні бойына жалғасқан ұрыста Әлия үш рет жаудың шабуылына тойтарыс береді. Минаның жарықшақтарымен қолы жараланғанымен, ол немістердің орында қоян-қолтық ұрысады. Қазақтың батыр қызы осы жерде өмірін қиған екінші жарақатын алса да, фашист офицерін жер жастандырып үлгереді.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1944 жылғы 4 маусымдағы қаулысымен көз жұмған Әлия Нұрмұхамедқызы Молдағұловаға Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

«Отан үшін, алға!» майдандық газеті Кеңес Одағының Батыры Әлия Молдағұлованың ерлігіне мақала арнайды. Онда ержүрек комсомол мүшесінің бірнеше рет жауынгерлерді шабуылға шығарып, ордағы шайқасқа қатысқанын, кеңес жастарының ізгі де асыл қасиеттерін бойына сіңіргенін баяндалады. Оның жарқын ғұмыры – майдандағы жауынгерлерге үлгі. Жазба «Қазақтың жауынгер қызы Әлия Молдағұлованың есімі – жеңісіміздің сәулесін мәңгілікке нұрландырады» деген сөздермен аяқталады.

Сапар барысында оқушылар мен ұстаздар орталықтағы «Батырдың балалық шағы», «Майдандағы ерлік жолы», «Ел есінде қалған Әлия» атты экспозициялармен танысу арқылы осындай батыр апамыз туралы көптеген мағлұматтар алды. Музей қызметкерлері мен орталық басшысы Тупенова Багдаш Абдижамиевна қонақтарға батырдың өмірі, майдандағы

ерлігі және оның ел тарихындағы орны туралы мазмұнды ақпараттар ұсына отырып, іс-шара қатысушыларына бұл сапардың рухани және тәрбиелік маңызы зор екенін атап өтті.

Музей экспозицияларынан Әлияның балалық шағы мен майдандағы өміріне қатысты тың деректермен танысып, ерекше әсер қалдырғаны «блиндаж» немесе жертөле, музейдің дәл сол соғыс алаңындағыдай сезім тудыратын бөлмесі болды. Бұлақ ауылының табиғаты да өзінің көркемдігімен, тыныш әрі жайлы болмысымен оқушылардың көңілінен шықты.

«Дала мұрасы» өлкетану үйірмесінің жетекшісі ретінде бұл сапардың оқушылардың ел тарихына деген қызығушылығын арттырғанын және олардың бойында туған жерге, Отанға деген сүйіспеншілікті тереңдеткенін атап өткім келеді. Сапардың жалғасы ретінде делегация мүшелері батырдың туған жері — Бұлақ ауылына барып, ондағы Әлия музейімен танысып, батыр апамыз туралы көптеген қызықты мәліметтер алды.

Сапар соңында Бұлдырты мектебі оқу «Әлия патриоттық орталығының» басшысы Тупенова Багдаш Абдижамиевнаға жылы қабылдауы мен мазмұнды экскурсиясы үшін ризашылығын білдірді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Әлия» патриоттық орталығының сайтынан, музейінен алынды.
2. «Отан үшін, алға!» майдандық газеті.





Туған жерімнің табиғаты




НУГМАНОВА
Данагуль Бейбитовна,
«Бударин мектеп-бөбекжай»
кешені КММ-нің экология
үйірмесінің жетекшісі,
Ақжайық ауд., БҚО

Күні	23.01.2025 ж.
Секция немесе үйірме атауы, топ	«Жас эколог» (8-9 сынып, 15 оқушы).
Сабақтың мақсаты	1. Оқушылардың санасына қоршаған ортаға, туған өлке табиғатына деген сүйіспеншілікті, экологиялық тәрбие беру. 2. Туған жерді, қоршаған ортаны сүйуге, қорғай білуге тәрбиелеу. 3. Шығармашылық қабілеттерін, жақсылық жасай білу іскерліктерін, ойлау қабілетін дамыту, өз ойын еркін жеткізе білуге дағдыландыру.
Құндылықтарға баулу	Рухани тазалық пен табиғатқа деген сүйіспеншілік, табиғат байлығына ұқыптылықпен қарау, табиғатты қорғаудың маңызын түсіну.
Ресурстар	АКТ, смайликтер, «Су төкпе» тренингі, «Құлпынай» әдісі, «Жедел желі» әдісі, «Тіршілік ағашы», «Әмиян» әдісі, «Бағдаршам» әдісі.

Сабақтың кезеңі/ уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру кезеңі	Психологиялық ахуал қалыптастыру «Су төкпе» тренингі «Құлпынай әдісі» арқылы топқа бөлу	Психологиялық ахуалда берілген «Су төкпе» аты тренингті қимылмен көрсетеді. Тепе-теңдікті сақтап, бір-біріне көмектеседі. Оқушылар топқа бөлінеді.		Интер-белсенді тақта Ноутбук
Жаңа сабаққа кіріспе:	Жаңа сабақ - автобуспен табиғатқа саяхат жасаймыз. Сұрақтар қою арқылы сабақтың тақырыбын ашу:	Топтық жұмыс: 1-топ. Табиғат дегеніміз не?		

	<p>1. Мына суретте ауылымыздың қай жері бейнеленген? (Питомник)</p> <p>2. Біздің ауылымыз қай өзеннің бойында орналасқан? (Жайық)</p> <p>Ендеше, балалар, сабағымыздың тақырыбы қандай? - Табиғат. - Дұрыс, біз бүгін туған жеріміздің табиғаты туралы айтамыз. Ауыл табиғаты туралы қысқаша мағлұмат беріледі.</p>	<p>Табиғат дегеніміз - жер, су, күн, жаңбыр, әдемі гүлдер, теңіз, дала.</p> <p>2-топ. Табиғаттың құбылыстарын көруге бола ма? Олар аққан жұлдыздар, қымбат тастар, жарқылдаған найзағайлар.</p>		<p>https://youtu.be/OqcHNaMyS9A?si=r9ljgLg5cmjL Gzkn</p> 
<p>Сабак ортасы, 25 минут</p>	<p>- Ал енді, оқушылар, қазір «Жедел желі» әдісі арқылы бәйге сұрақтарына жауап берейік:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Дүние жүзіндегі ең үлкен көл? 2. Қазақстан қай жарты шарда орналасқан? 3. Елімізде қанша құрлық бар? 4. Каспий теңізіне құятын ірі өзендердің бірі? 5. Қазақстанда «Қызыл кітап» қай жылы шықты? 6. Әлемдегі ең биік шың? 7. Дүние жүзінде неше мұхит бар? 8. «Қызыл кітаптың» парақтары неге түрлі түсті? 9. Ең терең көл? 10. «Қансонарда бүркітші шығады аңға, тастан түлкі табылар аңдығанға» өлеңінің авторы кім? 	<p>Сұраққа жауап береді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Каспий теңізі - 394 299 км². 2. Солтүстік. 3. Екі. 4. Волга. 5. 1978 ж. 6. Эверест Гималай тауында. 7. Төрт мұхит: Атлант, Тұнық, Үнді, Солтүстік Мұзды мұхиты. 8. Қызыл түсті парақ: Аса қауіп төніп тұрған түрлер. Ақ түсті парақ: саны азайып бара жатқан түрлер. 9. Каспий. 10. Абай Құнанбаев. 		
	<p>«Тіршілік ағашы» әдісі</p>	<p>Оқушылар ағашта ілініп, жасырулы тұрған сұрақтарға жауап береді. Дұрыс жауап берген оқушылар «Әмиянда» салулы тұрған ақшаны алады.</p>		

<p>Сабақтың соңы, 5 минут</p>	<p>Сөйлемдерді толықтыр, тақтада қалташада ілініп тұрған сұраққа бір-бірлеп келіп жауап береміз.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Менің туған жерімнің табиғаты..... 2. Біздің өлкеде бар. 3. Табиғатты қорғау үшін мен 4.Туған жер табиғатын сақтаудың ең тиімді жолы 5.Сен табиғатты қорғау үшін қандай іс жасайсың? 	<p>Сұрақтарға жауап береді: Менің туған жерімнің табиғаты тамаша. Ауыл жанында Жайық өзені бар. Айнала жайқалған ну орман. Ауыл үлкен трассаға жақын орналасқан, т.б.</p>		<p>Сұрақтар салынған қалташалар</p>
<p>Рефлексия</p>	<p>«Бағдаршам» әдісі арқылы сабақты пысықтау, қорытындылау</p> <p>Рефлексия "Бағдаршам"</p> 	<p>Егер сабақ ұнаса, тапсырманың барлығын сәтті орындаған болса - жасыл түсті, белгілі бір қиындықты кездестірген болса - сары түсті, тапсырмаларды орындау қиын болып, мұғалімнің көмегі қажет болса - қызыл түсті басады.</p>		<p>Интер-белсенді тақта</p> 
<p>Үйге тапсырма</p>	<p>«Туған жерімнің жанашырымын» шығарма жазу.</p>			





МЫРЗАГЕРЕЕВА
Айнур Толегеновна,
№51 ЖОББМ-нің дене шынықтыру
пәні мұғалімі, ҚББП-і,
Орал қ., БҚО

Снарядтарда гимнастикалық жаттығудың техникасын үйрету





Дене шынықтыру сабағының қысқа мерзімді жоспары

Сынып: 3 «в»	Қатысқандар саны: 15 Қатыспағандар саны:
Оқу мақсаттары	3.1.5.1 аздаған ауқымдағы дене жаттығуларының тактикасын, стратегиясын және құрылымдық идеяларын білу және сипаттау. 3.1.4.1 қимыл-қозғалысты орындау кезіндегі өзінің және өзгелердің біліктілік сапасын білу және анықтау.
Сабақ мақсаттары	Барлық оқушылар орындай алады: акробатикалық жаттығуларды орындау. Қимыл-қозғалыс комбинацияларын және олардың кейбір жаттығуларын, реттілігін біледі және орындай алады. Оқушылардың көпшілігі орындай алады: қимыл-қозғалыс комбинацияларын біледі және акробатикалық жаттығуларды орындау ретін түсіндіре алады. Кейбір оқушылар орындай алады: акробатикалық жаттығулар орындау кезінде қимыл-қозғалыс комбинацияларын және олардың кейбір жаттығуларын және реттілігін біледі, орындайды, әрі басқаларына көрсетіп үйрете алады.
Бағалау критерийлері	Акробатикалық жаттығулардың қимыл-қозғалыс комбинацияларын және олардың кейбір жаттығуларын біледі, реттілігін орындайды.
Тілдік мақсаттар	Тілдік мақсат: пәнге қатысты сөздікқор мен терминдер: тепе-теңдік, комбинация, алға аударылып түсу, топ қалыптастыру, жауырынға тұру жаттығулар жиынтығы, алға домалау - кувырок вперед – somersault, бұрыш – угол – angle, гимнастикалық қабырға - гимнастическая стенка - gymnastic wall.
Құндылықтарға баулу	Жеке жауапкершілік, көшбасшылық қасиеттері, өмір бойы оқу, бір-біріне көмектесу.
Пәнаралық байланыстар	Ана тілі, математика, жаратылыстану, ағылшын тілі.

Сабақтың барысы		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (тайм-менеджмент) 0-8 мин.	<p>Жоспарланған жаттығу түрлері: Сапқа тұрғызу; сәлемдесу; сабақ тақырыбын түсіндіру. Сынып, қатар санға санал! Оңға! Солға! Секіріп айнал! Секіріп айнал! Оңға! Сынып, оңға, алға қадам басып жүр!</p>	<p>Үлкен бос кеңістік. 1. Әр жаттығу үшін кең, таза кеңістік, ысқырық. 2. АКТ қолдану. 3. Музыкалық әуен. 4. Видеожазба. 5. Гимнастикалық төсеніштер. 6. Слайд арқылы жаттығулар орындау.</p>
	<p>«Жүру әдістері» (демді қалыпқа келтіру әуені): 1. Қолымызды айқастырып, жоғары көтеріп, аяқтың ұшымен жүру (жарты залды айналып өту). 2. Қолымызды жанға созып, алақанымызды жоғары көтеріп, өкшемен жүру (жарты залды айналып өту). 3. Қолымызды белге қойып, аяқтың сыртымен жүру (жарты залды айналып өту). 4. Қолымызды алға созып, жартылай отырып жүру (жарты залды айналып өту). 5. Қолымыз тізеде, толықтай отырып жүру (жарты залды айналып өту). Жүру әдістерін аяқтаймыз (аяғымызды сілкілеп аламыз). «Жүгіру әдістері» (жүгіру әуені): 1. Жай жүгіру (залды толықтай жүгіріп шығу). 2. Қолымызды белге қойып: - 4 санға оң жағымен жанға жүгіру; - 4 санға сол жағымен жанға жүгіру (жарты залды айналып өту); 3. қолымызды алға созып, тізені жоғары көтеріп жүгіру (жарты залды айналып өту); 4. қолымызды артқа қойып, аяқты артқа лақтырып жүгіру (жарты залды айналып өту); 5. қолымызды белге қойып, аяқты алға лақтырып жүгіру (жарты залды айналып өту). Жүгіру әдістерін аяқтаймыз (демімізді қалыпқа келтіреміз). Сынып, бір орында тұрып, қадам бас! 1-1-1-2-3! 1-1-1-2-3! Сынып, тоқта, 1-2! Сынып, сол-ға ! Сынып, 1-2 санға санал! 2-ші сандар, 2 адым алға бас! 1-ші сандар орындарында қалады.</p>	<p>Музыкалық әуен.</p> <p>Қораптағы жалаушаларды тарату.</p>

	<p>Бір орында орындалатын жан-жақты дамыту жаттығуға арналған анимация мультигі.</p> <p>1. Б. қ. - негізгі тұрыс, қолымыз бос. Мойын жаттығуы. 1-2 - мойынды солға қарай айналдыру. 3-4 - оңға қарай айналдыру.</p> <p>2. Б. қ. - негізгі тұрыс, қолымызды артымызда ұстаймыз. 1- басымызды артқа қарай шалқайтамыз, қолымызды жоғары көтереміз. 2 - басымызды алға қарай еңкейтіп, қолымызды төмен түсіреміз.</p> <p>3. Б. қ. - негізгі тұрыс, қол жаттығуы. 1 - қолымызды алдымызға қарай жоғары көтереміз. 2 - қолымызды жоғары көтереміз. 3 - қолымызды жаңға көтеріп, аяқ ұшына көтерілеміз. 4 - қолымызды төмен түсіреміз.</p> <p>4. Б. қ. - негізгі тұрыс. 1 - қолымызды алдымызға қарай жоғары көтеріп, аяқ ұшына көтерілеміз. 2- қолымызды жоғары көтеріп, аяқ ұшына көтерілеміз. 3- қолымызды артқа қарай айналдырамыз. 4- қолымызды алға қарай айналдырамыз.</p> <p>5. Б.қ. - негізгі тұрыс, қолымыз алдымызда, шынтағымызда бүгілген. 1 - оң жаққа бұрыламыз. 2 - сол жаққа бұрыламыз.</p> <p>6. Б. қ. - негізгі тұрыс. 1 - қолымызды алдымызға қарай жоғары көтереміз. 2 - қолымызды жоғары көтереміз. 3 - қолымызды жаңға көтеріп, аяқ ұшына көтерілеміз. 4 - қолымызды төмен түсіреміз.</p> <p>7. Б. қ. - аяғымыз иық деңгейінде. Оң жаққа қарай бұрылып, оң аяғымызға тіреліп, тіземіз сәл бүгілген. 1-4 - қолымызды алға қарай сермеп, жоғарыда тоқтап қаламыз. Сол жаққа қарай бұрылып, оң аяғымызға тіреліп, тіземіз сәл бүгілген. 1-4 - қолымызды алға қарай сермеп, жоғарыда тоқтап қаламыз.</p> <p>«Жүппен жасалатын жаттығулар»</p> <p>1) Бастапқы қалып - негізгі тұрыс, екі жұп бір-бірінің артына тұрып, бір-бірінің қолдарынан ұстайды. 1-2 санға оң жаққа иілу. 3-4 санға сол жаққа иілу.</p> <p>2) Бастапқы қалып - негізгі тұрыс, екі жұп бір-біріне қарап, бір-бірінің иығынан ұстайды. 1. Оң жақ аяғымызды алға қарай сілтейміз. 2. Бастапқы қалып. 3. Сол жақ аяғымызды алға қарай сілтейміз. 4. Бастапқы қалып.</p>	<p>Видеожазба көру.</p> <p>Анимация мультигі.</p> 
--	---	---

	<p>Бастапқы қалып - аяқ иық деңгейінде. Екі жұп бір-біріне қарап, бір-бірінің иығынан ұстайды. 1-2 санға оң жаққа иілу. 3-4 санға сол жаққа иілу. 4) Екі жұп бір-біріне қарама-қарсы тұрып, қолдарынан ұстап отырып, тұрады.</p>	
<p>Сабақтың ортасы (тайм-менеджмент) 9-22 мин.</p> <p>23-34 мин.</p>	<p>1 бөлім. Акробатика 1. Бастапқы қалып - негізгі тұрыс, оң жақ қолын көтеріп, дайындығын білдіру. 2. «Қарлығаш» - оң аяқпен тұрып, кеудені алға қарай иілту, қолымызды екі жанға созу (3 секунд тепе-теңдікті ұстау). 3. «Отырып, алға қарай домалау» - аяқтың ұшына отырып, қолмен матаға тірелу, аяқтың ұшымен итеріліп, басымызды төмен түсіріп, алға қарай домалаймыз, б.қ. келгенде қолымызбен тізені ұстаймыз (2 рет домалау).</p>  <p>4. «Жауырынға тұру» - бастапқы қалып - шалқадан жатып, қолымыз белде, екі аяқты қосып, жоғары көтеріп, жауырынға тұру. 5. «Көпірге тұру» - бастапқы қалып - шалқадан жатып, көпірге тұру. 6. Акробатистің тұрысы. 2 бөлім. Гимнастикалық орындықта тепе-теңдікті ұстап, жүріп өту, қолымызды жоғары созамыз. 3 бөлім. Гимнастикалық орындықты аударып, тепе-теңдікті ұстап, жүріп өту, қолымызды жанға созамыз. 4 бөлім. Қисайтылған орындықта өрмелеу. 5 бөлім. Гимнастикалық қабырғаға өрмелеп мініп, түсу. 6 бөлім. Жүгіріп келіп, доптан әрі қарай секіріп түсу, сақинаға екі аяқпен түсу.</p>  	<p>Үлкен бос кеңістік, ысқырық, мата, доп, гимнастикалық орындық.</p> <p>Қауіпсіздік ережесіне сілтеме: https://gigabaza.ru/doc/105337.html</p>
<p>Сабақтың соңы (тайм-менеджмент) 35-40 мин.</p>	<p>Жоспарланған уақыт: Сабақтың соңы 5 мин. 1. Мұғалімнің белгісі бойынша бірінші тұрған оқушы гимнастикалық орындыққа жатып, екі қолдың көмегімен алға қарай тартылады. Жаттығуды аяқтаған соң, келесі жаттығуға - матрасқа алға қарай домалауға көшуі керек. Тынысын қалпына келтіру жаттығулары. Үй тапсырмалары беріледі. Соңында оқушылар рефлексия жүргізеді: Мұғалім тарапынан кері байланыс жүргізіледі (сабақ барысында кеткен қателіктер мен артықшылықтар ауызша айтылады). Бүгінгі сабақта болған көңіл-күйді бас бармақ арқылы бағалау. Дифференциалды оқыту</p>	<p>Рефлексия парағы</p>

	<p>Физиологиялық ерекшеліктеріне қарап, тапсырма беру. Арнайы дәрігерлік топтағы оқушылар және сабақтан уақытша босатылған оқушылар көшбасшылық міндетін атқарады.</p> <ul style="list-style-type: none"> – Қабілеті төмен оқушылар жаттығулардың комбинацияларының орындалу ретін біледі. – Қабілеті орташа оқушылар берілген жаттығулар комбинацияларын дұрыс орындайды. – Қабілеті жоғары оқушылар жаттығуларды әдемі және дұрыс орындайды. <p>Бағалау</p>	 <p>«Бас бармақ» тәсілі Барлығын түсіндім ---  Енді түсініп көлемін ---  Түсінбедім --- </p>
<p>Саралау – оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз?</p>	<p>Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?</p>	<p>Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы</p>
<p>Бірқатар дене жаттығуларының тактикаларын, стратегияларын және композициялық идеяларын барлық білім алушылар түсінеді және қолданады деп жоспарлап отырмын.</p> <p>Қабілеті жоғары оқушыларға бірқатар дене жаттығуларының тактикаларын, стратегияларын және композициялық идеяларын қолдану кезінде сыныптастарына ақыл-кеңес беруді ұсынамын.</p>	<p>Материалды меңгеруді бағалау формативті бағалау арқылы барлық сабақ бойы жүзеге асады.</p> <p>Сонымен қатар: Оқуды бақылау Сұрақтар мен жауаптар Бірін-бірі бағалау Білім алушыларды рефлексиялау арқылы</p>	<p>Денсаулық сақтау технологиялары. Сергіту сәттері мен белсенді іс-әрекет түрлері. Осы сабақта қолданылатын Қауіпсіздік техникасы ережелерінің тармақтары</p>
<p>Оқу міндеттері мен сабақ мақсаттары оқушыларға қолжетімді болды ма? Оқушыларға қойылатын сұрақтар: - нені білдім, нені үйрендім? - нені толық түсінбедім? - игеру үшін не қажет? - деген сұрақтарға жауап іздейтін болады.</p> <p>Өзіме қойылатын сұрақтар: - уақытты қалай пайдаландым? - сабақтың тығыздылығы қандай болды? - сабақтың құрылымы сақталды ма?</p> <p>Қорытынды: Сабақтың жақсы екі аспектісін көрсетіңіз (оқытуға, үйренуге қатысты). Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту және үйрену). Сыныппен жеке тұлғалар туралы не білдім және келесі сабағымды өткізуіме қалай әсер етеді?</p>	<p>Жалпы баға Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)? Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)? Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік / қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?</p>	
<p>Белгілер: С = барлық сынып Т = топтық жұмыс ЖЖ = жұптық жұмыс Ж = жеке жұмыс Тәж. = тәжірибе К = көрсету ҚБ = қалыптастырушы бағалау</p>		

2026 жылға арналған ОБЖТЖЭО-ның жұмыс жоспары

№	Шара атауы	Өтетін орны	Уақыты	Жауапты
I. Көпшілік-ұйымдастыру жұмысы				
1	Облыстық «Әр білім мекемесінде музей!» айлығы	ОБЖТЖЭО	12-30 қаңтар	өлкетану және аймақаралық ынтымақтастық бөлімі
2	Волейболдан «Шұбар доп» ҰМЛ облыстық кезеңі (5-6 сын.)	Орал қ.	16-18 қаңтар	спорт бөлімі
3	Облыстық «Қалқан 2025» қысқы спартакиадасы	Орал қ.	21-23 қаңтар	әскери-патриоттық тәрбие бөлімі
4	«Қыста құстарды қоректендіріндер!» экологиялық акциясы	БҚО	15 қаңтар-15 ақпан	экологиялық туризм бөлімі
5	Волейболдан «Шұбар доп» ҰМЛ облыстық кезеңі (7-8 сын.)	Орал қ.	30 қаңтар-1 ақпан	спорт бөлімі
6	Волейболдан «Шұбар доп» ҰМЛ облыстық кезеңі (9-11 сын.)	Орал қ.	6-8 ақпан	спорт бөлімі
7	Облыстық «Орал өңірінің шаңғы жолдары» спорттық шаңғы жарысы	Орал қ.	10-12 ақпан	спорт бөлімі
8	«Ұлттық колледж лигасы» жарыстарының облыстық кезеңі (волейбол, баскетбол, шағын футбол, үстел теннисі, тоғызқұмалақ)	Орал қ.	ақпан	спорт бөлімі
9	Оқушылар арасында шаңғы туризмі техникасынан облыстық «Ақшақар» жарысы	Орал қ.	3-6 ақпан	туризм және қауіпсіз маршруттар бөлімі
10	Баскетболдан «Алтын доп» ҰМЛ облыстық кезеңі (5-6 сын.)	Орал қ.	13-15 ақпан	спорт бөлімі
11	Баскетболдан «Алтын доп» ҰМЛ облыстық кезеңі (7-8 сын.)	Орал қ.	20-22 ақпан	спорт бөлімі
12	Баскетболдан «Алтын доп» ҰМЛ облыстық кезеңі (9-11 сын.)	Орал қ.	27 ақпан-1 наурыз	спорт бөлімі
13	Қазақстан оқушыларының XIII жазғы гимназиадасының облыстық кезеңі (7 спорт түрі)	Орал қ.	ақпан-наурыз	спорт бөлімі
14	«Мерген ару 2025» қыздар арасында пневматикалық мылтық атудан облыстық турнир	Орал қ.	4-6 наурыз	әскери-патриоттық тәрбие бөлімі
15	«Жер сағаты» экологиялық акциясы	БҚО	16 наурыз-1 сәуір	экологиялық туризм бөлімі
16	Облыстық өлкетанулық «Жайық алаңы» байқауы	Орал қ.	18-20 наурыз	өлкетану және аймақаралық ынтымақтастық бөлімі
17	Спорттық бағдарлаудан «Көктемгі бағдарлау 2026» ашық облыстық жарысы	Орал қ.	8-10 сәуір	спорт бөлімі
18	Облыстық «Жас Ұлан» әскери-спорттық ойыны	Орал қ.	8-10 сәуір	әскери-патриоттық тәрбие бөлімі

19	М. Жұмаев жүлдесі үшін тау туризмі техникасынан облыстық жарыс	Орал қ.	14-17 сәуір	туризм бөлімі
20	Футболдан «Былғары доп» ҰМЛ облыстық кезеңі (9-11 сын.)	Орал қ.	15-17 сәуір	спорт бөлімі
21	Футболдан «Былғары доп» ҰМЛ облыстық кезеңі (7-8 сын.)	Орал қ.	22-24 сәуір	спорт бөлімі
22	Облыстық «Айбын» әскери-патриоттық жиыны	Орал қ.	22-24 сәуір	әскери-патриоттық тәрбие бөлімі
23	Облыстық «Менің Отаным – Қазақстан» туристік-экспедициялық жасақтардың слеті	Орал қ.	28-30 сәуір	өлкетану және аймақаралық ынтымақтастық бөлімі
24	Футболдан «Былғары доп» ҰМЛ облыстық кезеңі (5-6 сын.)	Орал қ.	28-30 сәуір	спорт бөлімі
25	Футболдан «Балдәурен» 2-3, 4 сынып оқушылары арасында облыстық турнир	Орал қ.	12-14 мамыр	спорт бөлімі
26	Облыстық «Бағдаршам» жас жол инспекторларының слеті	Орал қ.	11-13 мамыр	әскери-патриоттық тәрбие бөлімі
27	Облыстық «Батыс-Бердинг 2026» чемпионаты	Теректі ауданы	13-15 мамыр	экологиялық туризм бөлімі
28	Облыстық «Шырқа, гитара!» фестивалі	Орал қ.	18-20 мамыр	өлкетану және аймақаралық ынтымақтастық бөлімі
29	Облыстық «Жас құтқарушы» слеті	Орал қ.	20-22 мамыр	туризм және қауіпсіз маршруттар бөлімі
30	Туризм қызметкерлері арасындағы жаяу туризмнен облыстық жарыс	«Евразия» ТК	26-29 мамыр	туризм және қауіпсіз маршруттар бөлімі
31	Облыстық «Ақжайықтану» туристік-өлкетанулық экспедициясы	Орал қ. – Жаңақала ауд. – Орал қ.	3-5 маусым	өлкетану және аймақаралық ынтымақтастық бөлімі
32	Облыстық экологиялық-геологиялық экспедиция	Тасқала ауданы	2-5 маусым	экологиялық туризм бөлімі
33	Оқушылар арасында жаяу туризм техникасы бойынша республикалық туриадасы	Орал қ.	9-16 маусым	туризм және қауіпсіз маршруттар бөлімі
34	Облыстық вело-туристік экспедиция	Бәйтерек ауданы	11-13 маусым	туризм және қауіпсіз маршруттар бөлімі
35	Облыстық «Күміс шабақ 2026» велосипед туризмі техникасынан жарыс	Бәйтерек ауданы	10-15 маусым	туризм және қауіпсіз маршруттар бөлімі
36	Облыстық жас геологтар слеті	Бәйтерек ауданы	16-19 маусым	экологиялық туризм бөлімі
37	Облыстық «Жайық – Урал 2026» туристік-экологиялық экспедициясы	Рубежка ауылы – Орал қ.	22-26 маусым	экологиялық туризм бөлімі
38	«Елтану» туристік-өлкетанулық экспедициясы («Ыбырай Алтынсарин – ұлы ағартушы»)	Орал қ. – Қостанай обл. – Орал қ.	22-30 маусым	өлкетану және аймақаралық ынтымақтастық бөлімі

39	Облыстық «Бағдар 2026» оқу-жаттығу жиыны	Ақжайық ауданы	7-10 шілде	спорт бөлімі
40	Облыстық «Әке, ана және мен – туристік отбасы» жарысы	Жаңақала ауданы	3-5 қыркүйек	туризм және қауіпсіз маршруттар бөлімі
41	Білім қызметкерлері арасындағы «Европа – Азия 2026» республикалық туристік фестивалі	Орал қ.	15-18 қыркүйек	туризм және қауіпсіз маршруттар бөлімі
42	Тоғызқұмалақ, шахмат, дойбыдан оқушылар олимпиадасының облыстық кезеңі	Орал қ.	16-18 қыркүйек	спорт бөлімі
43	«Тең мүмкіндіктер» 3-4, 5-6, 7-8 сыныптар арасында инклюзивті спорт фестивалі	Орал қ.	23-25 қыркүйек	спорт бөлімі
44	Жеңіл атлетикадан ҰМЛ облыстық кезеңі (5-6, 7-8, 9-11 сын.)	Орал қ.	29 қыркүйек-2 қазан	спорт бөлімі
45	Облыстық спорттық бағдарлаудан «Батыс Азимут 2026» жарысы	Орал қ.	7-9 қазан	спорт бөлімі
46	В. Фоминді еске алуға арналған «Алтын дала» облыстық күзгі туриадасы	Орал қ.	14-17 қазан	туризм және қауіпсіз маршруттар бөлімі
47	Футболдан «Теңбіл доп» ҰМЛ облыстық кезеңі (9-11 сын.)	Орал қ.	20-23 қазан	спорт бөлімі
48	Республика күніне облыстық «Аспан астындағы қала-музей» экскурсиялық бағдарлау жарысы	Орал қ.	21-23 қазан	өлкетану және аймақаралық ынтымақтастық бөлімі
49	Асық ату, бес асықтан ҰМЛ облыстық кезеңі (5-6, 7-8, 9-11 сын.)	Орал қ.	3-6 қараша	спорт бөлімі
50	«Жайық – Урал 2026» туристік-экологиялық экспедиция жасақтарының облыстық слеті	Орал қ.	4-6 қараша	экологиялық туризм бөлімі
51	Спорттық құзға өрмелеуден облыстық жарыс	Орал қ.	10-13 қараша	туризм және қауіпсіз маршруттар бөлімі
52	Облыстық «Жас Сарбаз 2026» әскери-патриоттық әндер фестивалі	Орал қ.	18-20 қараша	әскери-патриоттық тәрбие бөлімі
53	Облыстық «Туған жер – алтын бесік» өлкетану олимпиадасы	Орал қ.	18-20 қараша	өлкетану және аймақаралық ынтымақтастық бөлімі
54	Үстел теннисінен ҰМЛ облыстық кезеңі (5-6, 7-8, 9-11 сын.)	Орал қ.	18-20 қараша	спорт бөлімі
55	Облыстық «Музей вернисажы» байқауы	Орал қ.	2-4 желтоқсан	өлкетану және аймақаралық ынтымақтастық бөлімі
56	Тоғызқұмалақтан ҰМЛ облыстық кезеңі (5-6, 7-8, 9-11 сын.)	Орал қ.	2-4 желтоқсан	спорт бөлімі
57	Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай облыстық «ЭкоFEST» оқушылар арасындағы экологиялық туризм фестивалі	Орал қ.	9-11 желтоқсан	экологиялық туризм бөлімі
58	Шахматтан «Ақбозат» ҰМЛ облыстық кезеңі (5-6, 7-8, 9-11 сын.)	Орал қ.	9-11 желтоқсан	спорт бөлімі

Туристік көпсайыстан Қазақстан Республикасы Кубогінің финалы



2025 жылдың 7–12 қазан аралығында Түркістан облысында аралас туризмнен республикалық жарыс өтті.

Жарысқа республикамыздың 7 өңірінен 100-ден астам спортшы қатысты. Батыс Қазақстан облысының құрама командасы 3 жас ерекшелік бойынша бақтарын сынады. Жарыстың нәтижесінде Батыс Қазақстан облысының құрама командалары:

ЖАЛПЫ КОМАНДАЛЫҚ ЕСЕПТЕ:

- Ересектер тобы арасында – 1 орын;
- Жасөспірімдер тобы арасында – 1 орын;
- Балалар тобы арасында – 1 орын.

Жеке сынақ бойынша:

- Кенжемұрат Темірлан – 1 орын;
- Ерғали Гүлмира – 1 орын;
- Оразалы Айару – 1 орын;
- Ишанов Ерасыл – 1 орын;
- Нигметов Ерлан – 2 орын;
- Джумағалиева Гулизар – 2 орын;
- Қасымғали Бекбарыс – 2 орын;
- Марат Нурсауле – 2 орын;
- Жәңгірханұлы Әмірхан – 3 орын.

ЖЕҢІС ҚҰТТЫ БОЛСЫН!



Батысқазақстандық туристер спорттық туризмнен Әлем Кубогінің II дәрежелі иегерлері!

2025 жылдың 10-16 қараша күндері аралығында Қырғызстан Республикасы Ош қаласында спорттық туризм бойынша әлем кубогі өтті. Жарысқа Ресей Федерациясы, Қырғызстан, Өзбекстан және Қазақстан Республикаларынан 50-ден астам спортшы қатысты. Қазақстан Республикасы командасының намысын Батыс Қазақстан облысының спортшылары қорғады.

Командалар «Байлам» және «Командалық» қашықтықтары бойынша сынға түсті. Ел намысын қорғауға келген іріктелген командалар арасында өткен жарыс өте тартысты болды. «Байлам» қашықтығы бойынша тау басына көтерілу және түсу кезінде ұқыптылық, білгірлік, шымырлық сындалса, «Командалық» қашықтықта төзімділік, жауапкершілікпен қатар, шыдамдылық қасиеттерді талап етті.

Жарыс спорттық туризмді халықаралық спорт түрі ретінде одан әрі дамыту мақсатында өткізілді. Жарыстың міндеттері:

- ең үздік спортшылар мен ұлттық командаларды анықтау;
- командалар арасында тәжірибе алмасу;
- разрядтық нормативтерді орындау;
- әлемдік деңгейде спорттық туризмді одан әрі насихаттау;
- халықаралық ынтымақтастықты нығайту;
- төрешілердің тәжірибесі мен біліктілігін арттыру.

Жарыстарды ұйымдастыру және өткізу бойынша жалпы нұсқаулықты Қырғызстанның Спорттық туризм федерациясы жүзеге асырды.

Нәтижесінде жалпы командалық есепте:

- I орын - Ресей Федерациясының құрама командасы;
- II орын - Қазақстан Республикасының құрама командасы;
- III орын – Қырғызстан Республикасының құрама командасы.

***Барша жеңімпаз қатысушыларды шын жүректен құттықтаймыз!
ЖЕҢІС ҚҰТТЫ БОЛСЫН!!!***



БКОБЖТЖЭО – Батыс Қазақстан облыстық балалар мен жасөспірімдер туризм және экология орталығы

ҚББП-і – Қосымша білім беру педагогі

Ауд. – ауданы, обл.- облысы

ЗКОЦДЮТиЭ – Западно-Казхастанский областной центр детско-юношеского туризма и экологии

ПДО – педагог дополнительного образования

Обл. – область

2024 жылы журнал аттестацияға жарамды басылымдар тізіміне енді!!!

Республикалық «Соқпақ-Тропинка» ғылыми-әдістемелік журналына 2026 жылға жазылуға шақырамыз!

**Жазылу «Қазпошта» АҚ, «ҚазПресс» ЖШС және
редакция арқылы жыл бойына жүреді.**

Журналда 20 жылдан бері Қазақстанның және шетелдік ғалымдар мен педагогтердің туризм, өлкетану, экология бағыттарындағы еңбектері республика көлемінде таратылып келеді.

Жазылу индексі: 75184, 25184 «Қазпошта» АҚ, «ҚазПресс» ЖШС;

Жазылу құны (6 айға/жылға): жеке-3000/6000 тг,
ведомстволық-3600/7200 тг; 1 данасы – 1000 тг;

Мұқабасы: түрлі-түсті, 64 бет, 2 айда бір рет шығады,
жылына шығатын саны - 6;

Тіркелу куәлігі: №94482-Ж (01.12.2003); № KZ40VPY00044511 (24.12.2021);

Журнал айдарлары: «Өзекті мәселелер», «Әдіснама», «Туризм»,
«Өлкетану», «Экология», «Геология», «Спорт», «Спорттық бағдарлау»,
«Педагогикалық іс-тәжірибе (сабақтар)»;

Талаптар: 5 беттен кем болмауы, 2 тілде аңдатпа (қазақ, орыс), кілт сөздері,
автордың және мақалаға қажетті JPG форматтағы фотолар, пайдаланылған
әдебиеттер тізімі, жазылу түбіртегі;

Таратушы/баспахана: «Батыс Қазақстан облысының әкімдігі білім
басқармасының балалар мен жасөспірімдер туризм және экология облыстық
орталығы» МКҚК;

Мекен-жайы: Орал қаласы, Исатай батыр көшесі, 71/1,

Тел/факс: (8-7112) 52-58-87; 52-59-42,

E-mail: evrasia_centre@mail.ru;

2024 году журнал вошел в список изданий для аттестации!!!

Подписываемся на Республиканский научно-методический журнал «Соқпақ-Тропинка» на 2026 год!

**Подписка на 2026 год через АО «Казпочта»,
ТОО «КазПресс» и редакцию в течение года**

В журнале на протяжении 20 лет в республике публикуются труды ученых и педагогов Казахстана, ближнего и дальнего зарубежья в области туризма, краеведения, экологии.

Подписной индекс: 75184, 25184 АО «Казпочта», ТОО «КазПресс»;

Стоимость подписки (на полгода/на год): индивидуальная - 3000/6000 тг,
ведомственная - 3600/7200 тг; 1 шт-1000 тг;

Обложка: на цветной глянцевой бумаге, 64 страницы,
выходит раз в 2 месяца, количество выходов в год - 6;

Свидетельство о регистрации: №94482-Ж (01.12.2003);
№ KZ40VPY00044511 (24.12.2021);

Рубрики: туризм, краеведение, экология, педагогическая практика (занятия),
актуальные вопросы, геология, спорт, спортивное ориентирование;

Требования к статье: не менее 5 страниц, аннотация на 2-х языках
(казахский, русский), ключевые слова, фотографии для статьи и автора формата
JPG, квитанция о подписке;

Распространитель/типография: ГККП «Областной центр детско-
юношеского туризма и экологии управления образования акимата Западно-
Казахстанской области»;

Адрес: г. Уральск, ул. Исатай батыра, 71/1,

Тел/факс: (8-7112) 52-58-87; 52-59-42,

E-mail: evrasia_centre@mail.ru

